

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘӨЖ: 353.5, 336.2

Қолжазба құқығында

КАЛЫМБЕТОВА АЙГУЛЬ РАХМАНОВНА

**Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті:
институттары, механизмдері және перспективалары**

8D04114 - Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
экономика ғылымдарының
докторы., профессор.
Исмаилова Р.А.

Доктор PhD., профессор,
Тевфик Эрдем

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІН ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	11
1.1 Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетінің түсінігі, сипаты, ролі.....	11
1.2 Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетінің институционалдық тетігі.....	21
1.3 Жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі....	29
2 ҚР-ДАҒЫ ТӨРТІНШІ ДЕНГЕЙДЕГІ БЮДЖЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	39
2.1 Қазақстан Республикасындағы бюджеттік бейорталықтандыруды талдау.....	39
2.2 Ауылдық округтердің төртінші деңгейлі бюджетін талдау (Түркістан облысы мысалында).....	48
2.3 Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруға азаматтардың қатысуын бағалау (халықтың қоғамдық пікірін зерттеу арқылы).....	68
3 ҚР-ДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	90
3.1 Жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіз бюджетінің салық салу базасын нығайту жолдары.....	90
3.2 Жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіз бюджетін басқаруға азаматтарды тарту бойынша ұсыныстар.....	104
ҚОРЫТЫНДЫ.....	112
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	118
ҚОСЫМША А Әлеуметтік сауалнама протоколы.....	127
ҚОСЫМША В Эксперттік сұхбат протоколы.....	131

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2008 жыл 4 желтоқсан;

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 2001 жыл 23 қаңтар;

Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Заңы. 2017 жыл 25 желтоқсан № 120-VI Кодексі (Салық кодексі)

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: бекіту. 2018 жылғы 15 ақпан, №636.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Жарлығы 2009 жыл 18 маусым № 827;

«Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасында жергілікті өзін - өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 78 қаулысы.

«Қазақстан Республикасында 2025 жылға дейін жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту» туралы ҚР Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 жарлығы

Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2013 жылғы 13 маусымдағы № 101-V ҚРЗ

Қазақстан Республикасының «Аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейдегі дербестік пен жауапкершілікті кеңейту мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30 маусымдағы ҚРЗ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР-Қазақстан Республикасы
ҰЭМ-Ұлттық экономика министрлігі
Қаржы мин -Қаржы министрлігі
ҚРК - Қазақстан Республикасының Конституциясы
БК – Бюджет Кодексі
РБ - Республикалық бюджет
ЖБ - жергілікті бюджет
ҚРЗ - Қазақстан Республикасының Заңы
ОМО-Орталық Мемлекеттік орган
ЖАО-Жергілікті атқарушы орган
ЖӨӨБ-Жергілікті өзін-өзі басқару
ЖӨО-жергілікті өкілетті орган
АЕК-айлық есептік көрсеткіш
БСК –Бюджеттік сыныптаманың коды
ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйымдар
ЭЫДҰ - Экономкалық ынтымақтастық және даму ұйымы
КТС - корпоративті табыс салығы
ЖТС - жеке табыс салығы
ҚБШ – қолма қол ақшаны бақылау шоты
пп. – тармақшасы
миллиард-миллиард
млн. - миллион
тг. - теңге

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан ресурстарға бағытталған экономикадан, экономиканың неғұрлым таза, инновациялық және әртараптандырылған моделіне өту арқылы әлемнің ең дамыған отыз елі қатарына кіруге ұмтылуда. Бұл үшін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған өзгерістер қажет [1]. Сондықтан біртіндеп бейорталықтандыру саясатын жүзеге асыруда.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет». Берекелі ұлт. Біріккен қоғам» атты жолдауында орталық ведомстволардың вертикалын оңтайландыру және жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін едәуір кеңейту қажеттігін атап өтті. Бұл өзекті мәселелерді шешуде аймақтар мен адамдарға жақындауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы сондай-ақ Еуропалық Хартияны ратификациялау мәселесін атап өтті. Ол жергілікті басқару органдарының жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын айқындайтын маңызды кешенді құжат болып табылады [2].

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару реформасы, биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігі мен жауапкершіліктерінің артуы, еліміздегі бюджет үрдісін ары қарай реформалауды талап етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару (ары қарай ЖӨӨБ) органдарының аймақтағы жергілікті маңызды мәселелерді шешу бойынша өкілеттіктерін, қаржылық және экономикалық тәуелсіздігін кеңейту, сондай-ақ ЖӨӨБ дамыту арқылы шешім қабылдау үрдісіне азаматтардың қатысу мүмкіндіктерін кеңейту маңызды. Айтарлықтай қаржылық ресурстарды қажет ететін өкілеттіктер ЖӨӨБ деңгейіне берілді, бірақ ЖӨӨБ органдарының қаржылық тәуелсіздігін күшейту мәселесі заңнамалық деңгейде әлі де нақты шешімін тапқан жоқ.

ЖӨӨБ-дың қаржылық тәуелсіздігінің құқықтық қағидатын іске асырудағы басқа да проблемалар, атап айтқанда, ЖӨӨБ органдарының дербестігінің төмендігі, бюджеттік субсидиялар есебінен жергілікті бюджет қаражатын жұмсау бөлігінде шектеулі тәуелсіздік, жергілікті мәселелерді іске асыру үшін қаржы ресурстарының болмауы, ауылдық округтер әкімшіліктерінің жекелеген кіріс көздерінің, оның ішінде бюджетке салынатын салықтардың, жергілікті жерлерде шығыс міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету деңгейінің болмауы өткір мәселе болып тұр.

Жергілікті мәселелерді шешудің тиімділігін арттыру және ЖӨӨБ-дың рөлін күшейту қажеттілігі бюджеттік реттеу тұрғысынан да, дербес кіріс базасын бағалау тұрғысынан да жергілікті бюджеттердің салық салынатын базасын жетілдіруді талап етеді.

Алғашқы болып 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2 мыңнан асатын 1062 ауылдық округте бюджеттің 4-ші деңгейін енгізу басталды, ал 2020 жылдан бастап барлық жерде, яғни қалған 1344 ауылдық округтерде енгізілді. Бюджеттің 4 деңгейі енгізілген бірінші кезеңде ауылдық округтердің ең көп

қамтылуы-Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстарында, ал ең азы – Қарағанды, Қызылорда және Павлодар облыстарында болды [3].

Бюджеттің төртінші деңгейін енгізу кезеңі ауылдық бюджеттер шығыстарының өз кірістерімен төмен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Берілген дербестік кезінде ауылдық округтердің, ауылдар мен кенттердің бюджеттері 75% – дан астамға, ал кейбір өңірлерде-90% - дан астамға дотациялық болып қалады.

Бюджет шығыстарының негізгі баптары-ауыл әкімдері аппараттарын ұстау (коммуналдық қызметтер, әкімдік қызметкерлерінің жалақысы, көлік ұстау және т.б.) және әкімшілік ғимараттарды күрделі жөндеуге бағытталды. Абаттандыруға, адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуге, денсаулық сақтауға, жолдарды жөндеуге жұмсалған шығындар артта қалды [3,с. 110].

Сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігі, ең алдымен, халықтың өз құқықтары мен объективті мүмкіндіктерін түсінуіне және олардың шешім қабылдау деңгейінде қатысу қабілетіне байланысты [4]. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін сапалы жоспарлауды қарастыру және олардың кірістерін ұлғайту, мүлікті, коммуналдық меншікті тіркеу, жергілікті проблемаларды шешуде және жергілікті дамуды жоспарлауда азаматтардың белсенділігін арттыру бойынша пәрменді шаралар қабылдаудың аса маңызды мәселелері бұл таңдалған тақырыптың өзектілігін анықтайды және диссертациялық зерттеудің негізгі бағыттарын анықтайды.

Жергілікті өзін өзі басқаруды тиімді ұйымдастыру халықтың субъективті әл ауқатына әсері бар [5]. Адамдардың қанағаттану, қауіпсіздік сезімін қалай арттыруға болады және мемлекеттік қызметтердің жоғары сапалы дамуына ықпал ету ғалымдар мен саясаткерлердің қызығушылығын тудыратын өзекті тақырыпқа айналды [6]. Маңызды қаржылық ресурстарды талап ететін өкілеттіктер ЖӨӨБ деңгейіне іске асыруға берілді. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық тәуелсіздігін нығайту мәселесі айқын шешілген жоқ.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту және жергілікті мәселелерді шешудің тиімділігін арттыру қажеттілігі, жергілікті бюджеттердің кірістерін қалыптастыру жүйесін бюджеттік реттеу тұрғысынан да, аймақтық кіріс базасын бағалаудың шынайылығы позициясынан да жетілдіруді талап етеді. Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін болжау мақсатында салық салу базасын нығайтудың ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу және азаматтардың жергілікті бюджетті басқаруға қатысу белсенділігін арттыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу осы диссертациялық зерттеудің негізгі бағыты болып табылады.

Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің трансферттерге тәуелділігі, дербес бюджетті жоспарлау мен үйлестірудің тиімсіздігі, төртінші деңгейлі бюджет шығыстарының меншікті табыстармен қамтамасыз етілуінің төмендігі, бюджетті басқарумен байланысты мәселеге қатысты жергілікті тұрғындардың белсенділігінің төмендігі осы тақырыптың қазіргі таңда өзектілігін анықтайды.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі биліктің төменгі деңгейіндегі реформалармен анықталады. Дербес бюджетін енгізу ауылдық округтердің қаржылық қамтамасыз етілуін көтеруге, жергілікті бюджет қаражатын тұрғындардың мүддесіне қарай тиімді жұмсауға және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мәселенің ғылыми зерттелу дәрежесі. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге негіз болды.

Шетелдік авторлардан Ardanaz M, Otálvaro-Ramírez S, Carcaba A, Arrondo R, Gonzalez E, L. Zhang and W. Yuan, Klobučník Michal, Bačík Vladimír, Ahrens, T., Ferry, L, Sipos A, Aaberge R, Eika L, Akilli H., H. Serkan Akilli, Basurto M.P, Dupas P., Robinson J, Tang W. Marin R, жергілікті өзін өзі басқару мәселелерін зерттеген.

Ресей авторларының ішінде Шульгина И. В, Дуреев С.П, Кожевников О.А, Султанов Е. Б, Тепляков И. И. Войтович В.Ю, Малявкина. Н.В. Агибалов. Ю. В, Павлов Н.В жергілікті маңызы бар мәселелерді басқаруға азаматтардың қатысуын терең зерттеген.

Отандық авторлардың ішінде Бурлаков Л. Н жергілікті өзін өзі басқару мен аймақтық экономика мәселелерін. Айтенова Ш., Жарас А жергілікті өзін өзі басқарудың қаржылық экономикалық негіздерін, Асаубаев Р, Бокаев Б.Н жергілікті өзін өзі басқарудың дамуының потенциалын, Жергілікті өзін өзі басқаруды қаржылық қамтамасыз ету Исмаилова Р.А, Шиян О.В еңбектерінде жергілікті өзін өзі басқару және дербес бюджетті басқарудың мәселелерін зерттейді. Қазақстан Республикасындағы бюджет шығыстарының қалыптастырылуы, тиімділігі және нәтижелілігі А. Б Зейнельгабдинмен зерттелді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты - жергілікті бюджеттің салық салу базасын кеңейту, бюджет қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, бюджетті басқаруға тұрғындардың қатысу тетігін қамтамасыз ету жолымен жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Зерттеу міндеттері

1. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің базалық концепцияларын зерттеп қарастыру.

2. ЖӨӨБ-дың дербес бюджетінің шетелдік модельдерін зерттеу.

3. Қазақстанда төртінші деңгейлі бюджетті енгізу үрдісіне талдау жүргізу.

4. Төртінші деңгейлі бюджетті толықтыру мен басқарудың тиімді тетігін жасау.

5. Жергілікті басқаруға тұрғындарды тарту институтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау.

6. Коммуналдық меншікті басқару үрдісін оңтайландыру

Зерттеу нысаны Жергілікті өзін өзі басқарудың төртінші деңгейлі бюджеті.

Зерттеу пәні Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін қалыптастыру мен орындау барысында пайда болатын құқықтық, әлеуметтік экономикалық қатынастар жиынтығы және осы үрдісті реттеу тетіктері.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздерін жергілікті өзін өзі басқару саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері құрайды. Әдістемелік негізін Қазақстанда жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу кезеңдеріне жүргізілген талдау құрайды. Базалық концепцияларды зерттеу, әдеби шолуды жүргізу үшін теориялық зерттеу әдістері, жүйелік, жалпылау тәсілдері қолданылды.

Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін енгізудің жағдайы мен төртінші деңгейлі бюджет кірістері мен шығыстарын талдау үшін Түркістан облысы ауылдық бюджеттерінің 2018-2023 жылдар аралығындағы көрсеткіштерін экономикалық талдау (көлденең және тік талдау), корреляциялық, трендтік талдау әдістері пайдаланылды.

Төртінші деңгейлі бюджеттің тиімділігін бағалау үшін эксперттік интервью (әкімдер және басқа да эксперт мамандар 30) азаматтардың жергілікті бюджетті басқару үрдісіне қатысу деңгейін анықтау үшін, жергілікті өзін өзі басқару органдары қызметінің тиімділігін бағалау үшін ауылдық округ тұрғындары арасында социологиялық сұрастыру (150-200) жүргізіліп, регрессиялық, сапалы және сандық зерттеу әдістерін пайдалана отырып талдау жасалды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін ҚР Қаржы министрлігінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің төртінші деңгейдегі бюджет туралы ресми материалдары, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрады.

Теориялық маңыздылығы Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес төртінші деңгейлі бюджетін қалыптастыру мәселелері, ауқымды теориялық зерттеулерді қажет етеді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасындағы ЖӨӨБ органдарының (ауыл әкімшіліктерінің) төртінші деңгейлі жергілікті бюджетін дербес қалыптастыруға бағытталған өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған теориялық және қолданбалы жаңа идеялар ұсыну. Тиімді шетелдік және отандық тәжірибелердің теориялық және практикалық маңыздылығының нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін жетілдіруді арттыруға бағытталған жаңа авторлық ғылыми нәтижелер алынды:

1. Төртінші деңгейлі бюджетке қосымша салық және фискалдық өкілеттіктер беру арқылы фискалдық бейорталықтандыру жөніндегі айқындалған жұмыстар. Шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығын бюджет деңгейлері арасында нормативті бөлістіру. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлік салығын бөлу. Төртінші деңгейлі бюджеттің меншікті кірістерін ұлғайту үшін қосымша салықтық түсімдер бойынша ұсыныстар.

2. Жергілікті бюджетті басқаруға тұрғындарды тарту бойынша азаматтардың бюджетті басқаруға қатысу механизмі ретінде мобильды қосымшамен байланыстырылған электронды порталды пайдалану ұсынысы.

3. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында коммуналдық меншікті басқаруды оңтайландыру

Қорғауға мынадай негізгі ережелер шығарылады

1. Қосымша салық және фискалдық өкілеттіктер беру арқылы фискалдық бейорталықтандыру жөніндегі жұмыстардың қажеттілігі анықталды. Шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығын бөлістіру: республикалық бюджетке – 50%, аудандық бюджетке – 35%, ауылдық округ бюджетіне – 15%, Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер мүлік салығының 50% (бөлу әдістемесін мәслихат шешіммен анықтау). Қосымша түсімдерді беру жолымен жергілікті өзін-өзі басқарудың төртінші деңгейлі бюджетін толықтыру мен басқарудың салық салу базасын нығайту үшін төртінші деңгейлі бюджетке мынадай салықтар мен төлемдерді беру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады: ауыл округтерінің аумағында орналасқан су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем, ауылдық округ аумағында жеке кәсіп түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым, ауылдық округ аумағында жекелеген қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем.

2. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқаруға азаматтарды тартудың жаңа механизмі ретінде жергілікті бюджетті ашық түрде талқылау, басқару, орындау үшін мобильды қосымшамен байланыстырылған электронды портал енгізу ұсынылды.

3. ЖӨӨБ коммуналдық мүлікті басқаруды жетілдіру мақсатында Жекешелендіру, коммуналдық мүлікті пайдалануға беру, оны есептен шығару және ведомстволық бағынысты ұйымдардың балансына қою мәселелері бойынша шешімдер қабылдау ЖӨӨБ органдарының құзыретіне жатқызылуға тиіс.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (ауыл әкімшіліктерінің) төртінші деңгейлі жергілікті бюджетін дербес қалыптастыруға бағытталған ұсыныстарды Түркістан облысы ауыл әкімшіліктері тәжірибесінде қолдану.

Күтілетін нәтижелер Зерттеу барысында алынған нәтижелер салық салудық жетілдірілген тетігі, бюджетті басқаруға тұрғындардың белсенді қатысу тетігі мемлекеттік, жергілікті билік органдары, ЖӨӨБ органдарының қызметінде және ЖОО да сәйкес пәндерді жүргізу үшін қолданылады.

Диссертация нәтижелерінің апробациядан өтуі: Жұмыстың негізгі мазмұнын айқындайтын зерттеудің басты қорытындылары басылымдарда жарық көрген мақалаларда көрініс тапты. Диссертацияның тақырыбы бойынша барлығы 5 ғылыми жұмыс жарыққа шыққан, соның ішінде Томсон Рейтерс және Скопус (Scopus) компанияларының мәліметтер базасына кіретін 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған экономикалық басылымдарда 3 ғылыми мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, қысқартулар мен белгілер, кіріспе, үш бөлім,

қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың негізгі мазмұны 123 беттен тұрады, 36 сурет және 35 кестені қамтиды.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеу мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, шығарылған тұжырымдамалары ұсынылды.

Бірінші бөлімде жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің теориялық аспектілері қарастырылды, атап айтқанда төртінші деңгейлі бюджеттің ерекшеліктері, институционалдық негіздері, дербес бюджетті басқарудың шетелдік тәжірибелері зерделеніп құрастырылды.

Екінші бөлімде Қазақстандағы төртінші деңгейлі бюджеттің қазіргі жағдайына талдау жасалып, бюджеттік, фискалдық бейорталықтандыру мәселері қарастырылып, дербес бюджетті басқаруға азаматтардың қатысу деңгейіне баға беріліп, бюджеттің тиімділігі бағаланды.

Үшінші бөлімде Қазақстандағы жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін басқарудың перспективалары ретінде дербес бюджеттің салық салу базасын нығайту жолдары анықталып, болжам жасалды және бюджетті басқаруға азаматтарды тарту бойынша ұсыныстар келтірілді.

1 ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІН ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетінің түсінігі, сипаты, ролі

Зерттеу тақырыбы аясында екі негізгі ұғымды зерттеу қажет – бұл жергілікті өзін өзі басқару және бюджет. Бұл ұғымдардың арасында өзара байланыс пен тәуелділік бар, өйткені жергілікті өзін өзі басқаруды тиімді жүзеге асырудың экономикалық негізі болып теңгерімді бюджет табылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жергілікті өзі өзі басқарудың теориялық, тәжірибелік сипаттарына көптеген зерттеулер жасалған.

Жергілікті өзін өзі басқару (ЖӨӨБ) – халықпен тікелей жүзеге асырылатын және мәслихаттар мен басқа жергілікті өзін өзі басқару органдары арқылы жергілікті маңызды мәселелерді дербес, өз жауапкершілігімен шешуге бағытталған қызметі [7,с. 60].

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мазмұнын жақсы түсіну үшін, оның қағидаларын қарастыру қажет, өйткені оларда жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері көрсетілген. Жергілікті өзін өзі басқарудың дамуы объективті заңдылықтарға және жергілікті биліктің даму тенденцияларына байланысты. Жергілікті өзін-өзі басқару принциптері:

- жергілікті өзін өзі басқарудың құрылымы мен жұмысын алдын-ала анықтайды;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылымын, оның ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың қолданыстағы жүйесін бағалау критерийі ретінде әрекет етеді;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызды белгілері мен ерекшеліктерін көрсетеді, жергілікті институттарды дамытудағы сабақтастықты сақтауға ықпал етеді [8].

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәні елде халық пен жергілікті қоғамдастықтың мүдделері танылатындығын және кепілдік берілетінін анықтайды. Бұл санатқа халықтың тыныс-тіршілігін тікелей қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді шешу мүдделерді жатқызуға болады. Өйткені жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жеке әр адамның және жергілікті қауымдастықтардың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды. Бұл демократиялық қоғамдағы азаматтардың негізгі құқықтарының бірі - лайықты өмір сүру құқығын жүзеге асыру болып табылады [9].

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару халық сайлайтын сайланбалы өкілді органдар – мәслихаттар арқылы жүзеге асырылады. Бастапқы деңгейде жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті өзін-өзі басқарудың тиісті органдарын құрмай-ақ жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары мен жиындары шешеді.

ЖӨӨБ - бұл азаматтардың жергілікті маңызды мәселелерді дербес өз бетінше шешуіне мүмкіндік беретін аймақтардағы билікті ұйымдастыру, жүзеге асыру тәсілі. ЖӨӨБ -ды халық тікелей, сондай-ақ азаматтардың ауылдық және қалалық қоғамдастықтарында құрылатын сайланбалы және басқа да ЖӨӨБ органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті қоғамдастықтар дегеніміз ауыл округтері аумағында жинақы тұратын азаматтардың бірлестіктері [10].

ЖӨӨБ -дың әлемдік үлгілеріне сай келетін бұл қағидатты ұстаным 1995 жылғы Конституцияда мынадай тұжырым түрінде көрініс тапты: «ЖӨӨБ-ды халық сайлау арқылы, аймақтардағы ауылдық жергілікті қоғамдастықтардағы сайланатын және басқа да ЖӨӨБ органдары арқылы жүзеге асырады». ЖӨӨБ органдарының қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілеу кезінде бостандықты көздейтін осы бап Заңда белгіленген өкілеттіктер шегінде олардың дербестігіне кепілдік береді (89-баптың 3, 4-тармақтары). Осылайша, ҚР Конституциясы ЖӨӨБ-дың мақсатын, мәні мен аумақтық шекараларын нақты анықтады. Басқаша айтқанда, ЖӨӨБ - бұл жергілікті маңызы бар мәселелерді шешетін жария билік (1-т.). 89-бап) тікелей халықтың өзі немесе елді мекеннің аумағында жұмыс істейтін оның сайланбалы органдары [11].

Біздің ойымызша, «өзін-өзі басқару» терминін «өз істері мен өмірін тәуелсіз басқару» деп санауға болады, бұл белгілі бір автономияны, тәуелсіздікті, адамның өз мәселелерін шешудегі жауапкершілігін білдіреді. Аймақтар мен жалпы ел деңгейінде мемлекет өзін өзі басқарудың тәуелсіздігі мен дербестігін мойындайды, алайда, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқарудың мақсаттары мемлекеттің ортақ мүдделерімен үйлесуі керек. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ЖӨӨБ-дың теориялық аспектілеріне көптеген назар аударылады. Мәселен, Л. Бурлаков ЖӨӨБ ұғымын екі жағынан қарастыруды ұсынады. Біріншіден, ЖӨӨБ – бұл конституциялық құрылыстың негізі, ал екінші жағынан, ЖӨӨБ -бұл жергілікті мәселелерді реттеу үшін халықтың тәуелсіз өкілеттіктерін иелену [12].

«Жергілікті өзін өзі басқару» ұғымы ең алдымен, жергілікті маңызды міндеттерді шешу үшін барлық елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету мәселерін қамтитын, азаматтардың өз билігін жүзеге асыру нысаны. Ал міндеттерді шешу өз кезінде олардың қаржылық экономикалық қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты екенін атап өту маңызды [13].

Ғылыми мақалада Шульгина И.В ЖӨӨБ -ны оны зерттеудің әртүрлі тәсілдерін тудыратын күрделі және көп қырлы құбылыс ретінде көрсетеді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәнін түсінудің кілті келесі негізгі тәсілдер болып табылады: азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру нысаны; аумақтағы белгілі бір қызмет түрі; және басқару нысаны [14]. ЖӨӨБ мемлекеттік басқаруда маңызды орын алады. Мемлекеттік басқару жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар мемлекеттің аумақтық құрылымымен тығыз байланысты. Сондықтан жергілікті өзін өзі басқару мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін ұсыну және басқару үшін ғана емес, сонымен қатар аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін де жауап береді [15].

Өзін өзі басқару – басқарудың ең көне және әмбебап формаларының бірі бола тұрып қоғамның қажеттіліктеріне жауап береді және күрделі әлеуметтік жүйелерді басқаруды ұйымдастырудың ең тиімді принципі ретінде әлеуметтік ұйымның жалғыз құралы болып қала береді [16]. 15 қазан 1985 жылы әлемдік қоғамдастықтың ең үлкен жетістігі болып Страсбургтегі Еуропа Кеңесінің жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы қабылданды. Аталған құжаттағы ең маңыздысы – «субсидиарлық» қағидаты, ол дегеніміз жергілікті маңызы мәселелер шешімін мемлекеттік басқарудың барлық жоғары органдарынан бөлу.

Заң шеңберінде Еуропалық Хартия жергілікті өзін – өзі басқарудың негізгі қағидатын белгілейді. ЖӨӨБ өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өз бастамаларын іске асыру үшін толық әрекет ету еркіндігіне ие. Осылайша, айрықша құзыреттілік қағидаты бекітіліп, осы органдарға тәуелсіз өкілеттіктердің белгілі бір салалары беріледі.

Еуропалық Хартияның мазмұнынан мыналарға ерекше назар аударылатынын түсінуге болады ЖӨӨБ принциптері:

1. Тәуелсіздік;
2. Таңдау;
3. Тиісті құқықтар кешені;
4. Коммуналдық және мүліктік қамтамасыз ету;
5. ЖӨӨБ әрекеттері үшін жауапкершілік.

Еуропалық Хартия ЖӨӨБ деп «ЖӨӨБ органдарының мемлекеттік істердің біршама бөлігін реттеу және оны басқару, өзінің жауапкершілігі және жергілікті халықтың мүддесі үшін заң шеңберінде әрекет ету» құқығы мен нақты қабілетін түсінеді. Бұл анықтама «ЖӨӨБ» ұғымын толығымен ашады [17].

Халықаралық құқықтық актілер, атап айтқанда жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы жергілікті өзін-өзі басқаруды маңызды мемлекеттік істерді реттеу және басқару құқығы және ерекше қабілеті ретінде анықтайды. Жергілікті өзін - өзі басқарудың негізгі мақсаты - жергілікті халықтың өз аймақтарында жергілікті маңызды мәселелерді өз бетінше шешуін қамтамасыз ету.

ЖӨӨБ-дың кеңірек тұжырымдамасы ЖӨӨБ органдарының заңға және ережелерге сәйкес әрекет ете отырып, өз жауапкершілігі мен бүкіл халықтың мүддесі үшін істерді басқару құқығын білдіреді. Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңіндегі саясаты тиімді мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесін құру, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл реформа биліктің біртұтас тізбегін жасақтау, сондай-ақ «халық үніне құлақ асатын мемлекетті» қалыптастыру саясаты шеңберінде жүргізіледі.

ЖӨӨБ органдары - бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың белгілі бір өкілеттіктері бар, кең ауқымды қызметті жүзеге асыратын белсенді шаруашылық жүргізуші субъект, атап айтқанда:

1. Жерді ақылға қонымды және тиімді пайдалану;

2. Жергілікті қоғамдастықтар аумақтарының, сондай-ақ олардың бірлестіктерінің жиынтық әлеуметтік-экономикалық дамуы;
3. Қоғамдық тәртіпті қорғау;
4. Тұрмыстық және сауда қызметі;
5. Білім беру бағдарламаларының барлық түрлері оның ішінде: мектепке дейінгі білім беру; мектепте білім беру; мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келуі тиіс кәсіптік білім беру;
6. Жергілікті қоғамдастық халқының дәстүрлерін сақтау және дамыту;
7. ТКШ және аумақтарды абаттандыру;
8. Туризм және спортты дамыту;
9. Көлік және жолдар;
10. Қоршаған табиғи ортаны қорғау және т. б.

Нарықтық жағдайда меншіктің алуан түрлілігі, кәсіпкерлік пен шаруашылық қызметтің еркіндігі орын алады. Осы жағдайда, әлемдік тәжірибеге сәйкес, ЖӨӨБ органдары өзінің негізгі функциясын-жергілікті өзін-өзі басқару аумағының барынша әлеуметтік-экономикалық дамуын халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін коммуналдық-шаруашылық қызметтер жүйесі арқылы жүзеге асырады. Мұндай қызметтерге мыналар жатады: электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, коммуналдық, көлік, әлеуметтік инфрақұрылым, азаматтық хал актілерін тіркеу, жерлеу қызметтері және т. б.

2012 жылдың 14 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» саяси реформалар бағдарламасы елде ЖӨӨБ жүйесін енгізуді көздейді [18].

Қазақстанның тиісті мемлекеттік басқару (good governance) саласындағы дамуын бақылауды жүзеге асыратын экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы(ЭЫДҰ) қаржылық әкімшілендірудің қолданыстағы орталықтандырылған моделінің тиімсіздігін атап саяси бейорталықтандырумен қатар фискалдық бейорталықтандыруды жүзеге асыруды ұсынды [19]. Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық негізі болып табылатын дербес бюджетті басқаруды зерттеу бюджет пен бюджетаралық қатынастардың рөліне ерекше назар аударады. Бюджет атымен, (ағылшын тілінен budget – казначей сөмкесі, ақшамен қапшық) бірыңғай жалпы кірістер мен шығыстар сметасын қалыптастырудың алғашқы қадамы XVII ғасырдың соңында Англияда жүзеге асырылды. Бюджеттік жүйе, қызмет етуінің тиімділігі экономикалық өсім сапасы мен қоғамдық жағдай деңгейіне тікелей әсер ететін, кез келген мемлекеттің маңызды институттарының бірі. Соңғы уақыттарда бюджеттік құрылым мәселелеріне маңызды назар аударылуы осы фактормен түсіндіріледі. Мемлекеттік бюджетті көптеген ғалымдар мемлекеттің мақсаттары мен қызметтерін қаржылық қамтамасыз етуге арналған ақша қаражаттары қорының құрылу және жұмсалыу нысаны деп анықтайды. Бюджетті жоспарлау елдің құқықтық, тарихи, әлеуметтік және мәдени негізі мен жағдайларына байланысты [20,21].

Кез келген елде мемлекеттік бюджет бұл қаржылық жүйенің жетекші буыны, салықтар, мемлекеттік шығындар, мемлекеттік несие деген негізгі қаржылық категориялардың бірлігі. Қаржының бір бөлігі ретінде, мемлекеттік бюджет қоғам мен азаматтардың экономикалық, әлеуметтік және саяси мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты, мемлекеттің заңды және жеке тұлғалармен ұлттық табысты (жартылай ұлттық байлықты) бөлістіру бойынша ақшалай қатынастарын көрсететін жеке экономикалық категория [22].

Экономикалық категория ретінде, бюджет жалпы мемлекеттік және жергілікті мақсаттарды жүзеге асыру және тиісті билік органдары мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметтерін орындауға арналған орталық ақшалай қордың жинақталуы, үлестірілуі және пайдаланылуымен байланысты пайда болатын экономикалық (ақшалай) қатынастардың жиынтығы. Муниципалитеттер өздерінің стратегиялық жоспарларын жергілікті мәдени дәстүрлерге сәйкес, жергілікті саяси, экономикалық және әлеуметтік мақсаттар ерекшеліктер ескере отырып дайындайды. Ұйымның сандық саясаты-бұл топтың әлеуметтік және экономикалық басымдықтарын көрсететін бюджет [23]. Өзінің шығу тегі бойынша «бюджет» - бұл құқық, саясат және қаржы сияқты салаларға әсер ететін күрделі құбылыс. Ғылыми еңбектерде «бюджет» термині құқықтық, материалдық және экономикалық жағынан қарастырылады. Атап айтқанда, бюджет салықтар, мемлекеттік несие, мемлекеттік шығыстар сияқты негізгі қаржылық категорияларды біріктіреді. Бюджет мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыруды қаржымен қамтамасыз ету үшін құрылатын орталықтандырылған ақшалай қоры. Бюджет-бұл мемлекеттік жүйені тиімді басқаруға мүмкіндік беретін жоспарлау және бақылау жүйесінің құралы. Бюджет сонымен қатар атқарушы және заң шығарушы билік мүшелері арасындағы болашаққа арналған саяси келісімшарттың құжаты болып табылады [24].

Бюджет-бұл абстрактілі және материалдық ұғым, бірақ оны объект, мүлік немесе зат деп атауға болмайды. Екіншіден, бюджеттің барлық шығыстары мен кірістері белгілі бір әкімшілерге тағайындалады және белгілі бір мақсатпен шектеледі, сондықтан бюджетті бөлінбеген мүлік деп санауға болмайды [25].

ЭЫДҰ бюджетті басқару бойынша ұсыныстарында көрсетілгендей бюджет бұл жылдық және көпжылдық мақсаттарға қол жеткізудің басымдықтары мен тәсілдерін айқындайтын үкіметтің орталық саяси құжаты. Бюджетті дұрыс жоспарлау ашықтық, тұтастық, қатысу, есеп беру және жоспарлау мен қол жеткізудің стратегиялық тәсілі сияқты қазіргі заманғы мемлекеттік басқару негіздерін құрайды. Сонымен, бюджетті басқару мемлекет пен азаматтар арасындағы сенімді қалыптастырудың маңызды аспектісі. Бюджеттің ашықтығы тиімділікті арттыру, есептілікті күшейту құралы ретінде қабылданады [26].

Нарықтық мемлекеттік реформалар шеңберінде, бюджетті жоспарлау мен құрастыру, тиімділігін басқару тәртібіндегі өзгерістер көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Сонымен, бюджет жүйесіндегі жергілікті бюджет дегеніміз - жергілікті өзін өзі басқарудың өз құзыретіндегі мақсаттары

мен қызметтерін қамтамасыз ету үшін, қаржылық жылға арналған ақшалай қаражаттарын қалыптастыру және жұмсау нысаны. Жергілікті бюджет өндірістің түпкілікті нәтижелерін халыққа жеткізудің басты арналарының бірі болып табылады [27]. ЖӨӨБ -дың дербес бюджетін қалыптастыру және оны нормативтік реттеу ғылыми және тәжірибелік зерттеулердің объектісіне айналды. Атап айтқанда, ЖӨӨБ -ды нормативтік реттеу мәселелерін көптеген авторлар қарастырды, олар төртінші деңгейдегі бюджетті енгізе отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту ауылдық округтердің қаржылық дербестігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. ЖӨӨБ-дың нормативтік-құқықтық базасының жетілмегендігінің себептерін түсінуге және ЖӨӨБ туралы заңнаманың одан әрі даму жолдарын белгілеуге мүмкіндік беретін ЖӨӨБ -дың нормативтік реттеуін өзгерту мәселелерін Кожевников О.А. кеңінен зерттеген. Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі міндеті- жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу [28]. Жергілікті маңызы бар мәселелер - бұл халықтың тіршілігін қамтамасыз ету сипаттамасына ие, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүзеге асыратын қызметі.

Сұлтанов Е., Тепляков И жергілікті маңызы бар мәселелердің құқықтық сипатына талдау жүргізеді, оларды ЖӨӨБ органдарының жүргізу пәні ретінде айқындайды және конституциялық және заңнамалық реттеу ерекшеліктерін анықтайды [29].

Жергілікті өзін – өзі басқарудың негізгі мақсаты-азаматтық қоғам құру, яғни саяси, экономикалық және әлеуметтік қызмет саласымен анықталатын жергілікті өзін-өзі басқарудың қоғамдық құрылымының негізгі элементтерін дамытуға байланысты сұраныстарды шешуді үйрену. Азаматтар заңды тұрғыда жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі субъектісі бола отырып, өз құзыреттері шегінде өз тіршілігін қамтамасыз етуге тікелей қатыса алады және қатысуға тиіс [30].

Жергілікті өзін-өзі басқаруды азаматтар, тарихи және өзге де жергілікті дәстүрлерді ескере отырып, ауылдық елді мекендерде сайланбалы және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы, референдум, сайлау жолымен жүзеге асырады [31].

Маявкина Н.В ЖӨӨБ органдары жауапкершілік ерекшеліктерін зерттеп, ЖӨӨБ органдары мен сайланған лауазымды тұлғаларды халық алдында жауапқа тарту тәртібін реттейтін нормативтік актілерді талдап жергілікті басқару- халықтың өзіне тиесілі билікті жүзеге асырудың тәуелсіз нысаны болып табылады деп анықтайды [32]. Агибалов Ю ЖӨӨБ-ды жүзеге асыруға халықтың қатысуы мен құқықтық реттеу тәжірибесін зерделеген. Азаматтық қоғам мен биліктің мүдделерін қамтамасыз ету билік тарапынан да, азаматтық қоғам институттары тарапынан да өзара қызығушылық және белсенділік болған жағдайда ғана мүмкін болады [33]. Ана-Мария Версуа, Миhaела Тoфана, Елена Сигуа жергілікті даму саласындағы ұлттық және халықаралық деңгейдегі құқықтық базаны, жергілікті биліктің қаржылық мәселелерін және тұрақты жергілікті дамуға қол жеткізу үшін еңсеру қажет кедергілерді атайды. Жергілікті даму - бұл жергілікті ынтымақтастықтың көрінісі, аймақ

тұрғындарының жергілікті ресурстардан пайда табуға деген ерік-жігерін көрсететін жаңа әлеуметтік қатынастарды құру. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары экономикалық және әлеуметтік дамуды ынталандыруда, мемлекеттік қызмет көрсетуде маңызды рөл атқарады [34,35]. Саясаткерлер саясатты әзірлеудің бейорталықтандырылған жүйесін ұстанатын кезде жергілікті өзін-өзі басқару органдары шешуші фактор болып табылады. Себебі олар халыққа және оның қажеттіліктеріне ең жақын саяси деңгей. Осыған байланысты олардың өз бюджеттері бар және әдетте өз қауымдастығына бірқатар қызметтер көрсетуге уәкілетті [36,37]. Бюджет-бұл мемлекеттік жүйені тиімді басқаруға мүмкіндік беретін жоспарлау және бақылау жүйесінің құралы. Бюджет сонымен қатар атқарушы және заң шығарушы билік мүшелері арасындағы болашаққа арналған саяси келісімшарттың құжаты болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетін басқарудағы бейорталықтандыру мәселелерін зерттеген авторлар, дербес бюджетті енгізе отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту ауылдық округтердің қаржылық дербестігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Бейорталықтандыру - бұл елдің демократиялық дамуы үшін өте маңызды үрдіс. Andrey Yushkov бюджетті бейорталықтандыруды аймақтық экономикалық өсумен байланыстырады және орталықсыздандыру билік органдарының есептілігін арттыруға ықпал етеді деп есептейді [38]. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі демократиялық принциптерге негізделген. Орталықтандырылмаған қызметтер ақпараттық артықшылықтар бере алады. Әкімшілік және фискалдық өкілеттіктерді бейорталықтандыру шағын қалалар мен ауылдардың дамуына жергілікті даму әлеуетінің деңгейіне байланысты әсер етеді [39-41]. Roxana Marin зерттеуі Шығыс Орталық Еуропа елдерінде жергілікті саяси элиталардың ерекше белгілерін атайды. Бір жағынан, олар күшті Коммунистік партияның әсерін, ал екінші жағынан мемлекеттік басқаруды әкімшілік-фискалдық бейорталықтандырудың қазіргі тенденцияларын ескерумен қалыптасқан. Автор «демократиялық элита» (жергілікті партиялар немесе басқа қоғамдық институттар) және «жергілікті кеңесшінің прагматикалық моделі» (кәсіпқой, жергілікті өзін-өзі басқарудың көшбасшысы) ұғымдарын енгізеді [42]. Біздің ойымызша, Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды бейорталықтандыру моделі негізінен Шығыс-Орталық Еуропа моделіне ұқсас. Демократиялық институттардың құлдырауына және елдегі жалпы саяси және экономикалық орталықтандыруға байланысты теориялық ойлар белгілі бір дәрежеде елдің саяси жүйесіне және Үкіметтің азаматтарға есеп беру дәрежесіне байланысты [43]. Бұл мағынада назар аударарлық зерттеулер Lopez N.R, Chen Z., He Z., Liu C, Reese L авторлары жергілікті өзін-өзі басқарудың эволюциясы және соңғы тиімділік тенденцияларын зерттеп, ЖӨӨБ тұжырымдамаларын анықтайды. ЖӨӨБ - дың тиімділігін зерттеу, бағалау соңғы жылдары танымал зерттеу саласына айналуда. ЖӨӨБ құрылымы мен шығындар сияқты өзгермелі нәтижелер туралы қарама-қайшы тұжырымдар жасалуда [44-46].

ЖӨӨБ тиімділігі, мемлекеттік ресурстарды тиімді басқару мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде маңызды болып табылады [47]. Жергілікті

өзін-өзі басқару органдары ұйымдық құрылымдарды және олардың негізінде жатқан мемлекеттік қызмет көрсету процестерін бейімдеу үшін, цифрлық технологияларды пайдаланады, бірақ олар қажетті басқарушылық ноу-хаусыз цифрлық трансформацияны сенімді түрде жүзеге асыра алмайды [48].

Қазақстанда ауыл әкімдерінің шаруашылық және экономикалық салаларда шешімдер қабылдаудағы өкілеттіктерін кезең-кезеңімен кеңейту, бар жергілікті ресурстарды (жерді, мүлікті) қалай тиімді пайдалану, шағын және орта бизнестің өсуіне нақты жәрдемдесу туралы мәселелерді шешу өзекті мәселе болып отыр. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін өзі басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізін жергілікті дербес бюджет, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммуналдық меншік құқығы заңды тұлғаларға бекітілген мүлік құрайды [49].

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан реформалар аясындағы бейорталықтандыру үрдісіне сәйкес бюджеттің мынадай деңгейлері белгіленген (сурет 1):

- 1) Республикалық;
- 2) облыстық, республикалық маңызы бар қала бюджеттері және Астана бюджеті;
- 3) аудандық;
- 4) аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ бюджеті.



Сурет 1 - Қазақстан Республикасының бюджет деңгейлері

Ескерту - [27,с. 1] әдебиет негізінде автор құрастырған

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 42-бабына сәйкес бюджет деңгейіне байланысты жоғары және төмен тұрған бюджеттер арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады (сурет 2).



Сурет 2 - Қазақстан Республикасындағы бюджетаралық қатынастар

Ескерту - [27,с. 1] әдебиет негізінде автор құрастырған

Қазақстан Республикасында республикалық бюджеттің үшінші деңгейдегі бюджеттермен, төртінші деңгейдегі бюджеттермен, Облыстық бюджеттердің төртінші деңгейдегі бюджеттермен өзара қарым-қатынасына жол берілмейді. Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді нақты ажыратып, республикалық, өңірлік бюджеттер, Республикалық маңызы бар қалалар, астаналық, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер, ауылдық округтер бюджеттері арасында кірістер мен шығыстарды біркелкі бөлуге, сондай-ақ бюджетаралық трансферттерді айқындау әдістерінің бірлігі мен ашықтығы қағидатына сәйкес құрылады [27,с. 11].

Дербес бюджетті қалыптастыру ауылдық округтердің әкімдеріне өз ауылын одан әрі дамыту үшін аумақтық маңызы бар өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бюджеттің төртінші деңгейі мемлекеттің тиімді экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруына мүмкіндік беретін негізгі тетіктердің бірі болып табылады. Ол арқылы бюджет ресурстары жинақталады, олар кейіннен қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін бөлінеді және пайдаланылады.

Ауылдық округ әкімдері ЖӨӨБ қызметтерін орындауға бағытталатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын жасайды. Бұл бюджеттік жоспар тиісті ауылдық округтің жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілгеннен кейін бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 52-1-бабына сәйкес ауылдық округтер бюджеттеріне түсетін түсімдер мынадай түрлерден тұрады:

1. салық;
2. салықтық емес түсімдер;
3. Негізгі капиталды сатудан;
4. трансферттер (сурет 3).

Ауылдық бюджет кірістерінің құрылымы	• ЖТС
	• жеке тұлғалардың мүлік салығы
	• жеке тұлғалардың жер салығы
	• заңды тұлғалардың жер салығы
	• жеке тұлғалардың көлік салығы
	• заңды тұлғалардың көлік салығы
	• жарнама үшін төлем
	• Әкімшілік заң бұзушылықтар үшін айыппұлдар
	• жеке және заңды тұлғалардың ерікті салымдары
	• коммуналдық меншіктен түсетін табыстар

Сурет 3 - Ауылдық округ бюджеттеріне салықтық және салықтық емес түсімдер

Ескерту - [27,с. 1] әдебиет негізінде автор құрастырған

Суреттен көрініп тұрғандай, ауылдық бюджеттердің кірістер құрылымында салықтың 7 түрін қамтитын Салықтық түсімдер басым, ал салықтық емес түсімдер айыппұлдар, алымдар, коммуналдық меншіктен, мүлікті жалға беруден түсетін кірістер және басқалар түрінде ұсынылған. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы ережелер ауылдық жерлерде тұрғындар шығындардың 19 түрінің қайсысына өз бюджетінің қаражаты жұмсалатынын анықтайды [50]. Бюджет кодексінде ауыл әкімінің шығыстары айқындалған, олар 19 бағытқа бөлінген: ауыл округтерін абаттандыру және көгалдандыру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; автожолдарды жөндеу мен күтіп ұстау; елді мекендерді салу, реконструкциялау, сумен жабдықтауды ұйымдастыру және т. б. Жергілікті өзін – өзі басқару, 1985 жылы Страсбургте қол қойылған тиісті Еуропалық хартия түсіндіргендей, ЖӨӨБ органдарының мемлекеттік істердің едәуір бөлігін реттеуге және басқаруға құқығы мен нақты қабілеті. ЖӨӨБ органдарының орталық органдардың жергілікті қызметтерімен салыстырғанда артықшылығы келесідей: біріншіден, қоғамдағы құқықтар мен бостандықтардың саны артады; екіншіден, азаматтардың жергілікті істерге қатысу мүмкіндігі артады; үшінші, басқарудың тиімділігі артады [17,с. 2].

Әр түрлі елдердегі, атап айтқанда орталық және Шығыс Еуропадағы реформалардың тәжірибесі орталықсыздандыру экономика мен қоғамды демократияландыру мен трансформациялау процесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл орталықсыздандырудың, ойлаудың және іс –

әрекеттің салмағының мәнін дұрыс түсінуді талап ететін күрделі үрдіс, өйткені ол қоғам өмірінің әртүрлі аспектілеріне-саяси, құқықтық, әлеуметтік, әкімшілік, экономикалық және мәдени салаларға әсер етеді. Қазақстандағы орталықсыздандырудың негізгі мақсаттары мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыру, мемлекеттің ағымдағы мәселелерді де, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық міндеттерін де шешу кезінде оның функцияларын басқарудың тиісті деңгейлерінде тиімді жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен, жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті немесе 4-деңгейдегі бюджет жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық кірістері мен шығыстары жергілікті деңгейде қалыптастырылып, жұмсалатынын және бөлу жөніндегі шешімдер жергілікті қоғамдастықтың пікірін ескере отырып қабылданатынын білдіреді. Дербестік жоғары тұрған бюджеттерден тәуелсіздікті, айқын және тиімді бюджетке қол жеткізуді білдіреді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті болып ҚР Бюджет кодексімен айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және ауылдық округ әкімінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры табылады [27, с. 1]. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті анықтамасы келесі құрамдастарға негізделеді:

- Тәуелсіз, дербес, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын бюджет;
- Басқаруға халық қатысатын бюджет;
- Жергілікті салықтардың мөлшерін анықтаудағы дербестік;
- Нәтижеге бағытталған бюджеттеу.

1.2 Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетінің институционалдық тетігі

Ел экономикасын жаңғырту, демократияны нығайту, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу және тиімді өңірлік саясатты жүргізу үшін маңызды шарттардың бірі, аймақтарды кешенді дамытуға бағытталған шараларды іске асыруда елеулі рөл атқаратын, жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамыту болып табылады. Жергілікті бюджет жүйесіндегі институт- бюджет жүйесіндегі қарым қатынастар иерархиясын көрсететін мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы ережелер, өзара әрекеттесу нормалары. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру, Қазақстанның саяси жүйені жетілдіру және демократияны дамыту шеңберінде, әлемнің дамыған 30 мемлекет қатарына кіру тұжырымдамасында декларацияланған [51].

Мемлекеттік билікті бейорталықтандыру және жергілікті өзін-өзі басқарудың институционалдық негіздерін құру мәселелері Қазақстандағы реформалардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа Қазақстанды құруда тұрақты өсу мен өркендеуге қол жеткізу үшін реформаларды жеделдету қажеттілігінің айқындайды. ҚР Президенті 16 наурыз 2022 жылғы «Жаңа

Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» атты Жолдауында өзінің стратегиялық көзқарасын іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар шараларды ұсынды. Осындай бастамалардың бірі ретінде ол елдегі жергілікті өзін-өзі басқаруды бейорталықтандыруды жалғастыру қажеттілігін атап өтті [52]. Сонымен бірге, мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметін тиімді ажырату қажеттілігі туындайтыны анық. Жергілікті өзін - өзі басқарудың құрылған тиімді жүйесі тұрғындардың өздері тұратын елді мекенде өмір сүру сапасы мен әлеуметтік жағдайларды жақсартуға тікелей қатысуы үшін базалық негіз болып табылады. ЖӨӨБ-дың басты буыны ол мәслихаттар. Тәуелсіз бюджетпен ЖӨӨБ жүйесін нақты нығайту өңірлерді дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстандағы төртінші деңгейдегі бюджетті басқарудың институционалдық негізін ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ «жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы (2002, 2004, 2006, 2007, 2009, 2011 и 2013 жылдардағы толықтырулар мен өзгерістермен), Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №99-ІV заңы (Салық кодексі) 10.12. 2008 ж. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамаларының негізгі ережелері (2013-2020), (2013-2020), Қазақстан Республикасының 2 қараша 2015 жылғы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы қалыптастырады. Тиісті экономикалық базасыз ЖӨӨБ-ды құру мүмкін емес. Ауылдардағы аса маңызды басым мәселелерді тиімді шешу ауылдық округтің қаржылық және экономикалық мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Сондықтан, ЖӨӨБ-дың экономикалық негізін құрайтын төртінші деңгейдегі бюджеттерді басқаруды нормативтік-құқықтық реттеу ерекше маңызға ие.

ҚР Конституциясына 2007 жылғы 21 мамырдағы №154 Заңымен толықтырулар енгізілді. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдар арқылы жүзеге асыратыны анықталды [8, с. 28].

Жергілікті өзін өзі басқарудың негізгі принциптері ҚР Конституциясында белгіленген. Онда жергілікті мемлекеттік басқару, тиісті аймақтағы жұмыстар жағдайына жауапты болатын, жергілікті уәкілетті және атқарушы органдармен жүзеге асырылады делінген. Уәкілетті орган ретінде, мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер халқының еркін білдіреді, оны іске асыру үшін шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды. Жергілікті атқарушы органдар аумақтарды, жергілікті бюджетті, дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын әзірлейді [8, с. 85-89].

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың, тікелей немесе өз өкілдері арқылы, мемлекеттік істерді басқаруға қатысу құқығына кепілдік береді. Конституция, жергілікті өзін өзі басқаруды, халықтың жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша өз бетінше шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді деп таниды. Жергілікті өзін-өзі басқару

органдарына заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру берілуі мүмкін. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы және қызметі заңмен реттеледі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігі заңмен белгіленген өкілеттіктері шеңберінде кепілдендіріледі [8, с. 89].

ҚР Конституциясында ЖӨӨБ-ды халық тікелей және маслихаттар мен басқа да ЖӨӨБ органдары арқылы жүзеге асыратындығы көзделеді [8, с. 89]. ЖӨӨБ органдарының автономиясына сәйкес заңда белгіленген өкілеттіктерге кепілдік беріледі. Бірақ, соған қарамастан, Қазақстан Республикасының Конституциясы ЖӨӨБ органдарын азаматтық қоғамның аса маңызды элементі деп жариялайды. Өзін-өзі басқару билікті ұйымдастыру жүйесіне енгізілген, жергілікті мемлекеттік басқару мен ЖӨӨБ органдары қалай өзара іс-қимыл жасауы тиіс және т.б [8, с. 50]. ЖӨӨБ кез келген демократиялық жүйенің негізін қалыптастырады, азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуы тікелей жергілікті деңгейде жүзеге асырылады; ЖӨӨБ органдарына нақты билік беру; демократиялық жолмен құрылған ЖӨӨБ органдары өз құзыреті тұрғысынан кең автономияға ие болуы керек.

«Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қатысты ережелерді көздейді. Заң Конституцияға сәйкес жергілікті жария басқару, сондай-ақ өзін-өзі басқару жергілікті мемлекеттегі және өзін-өзі басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейді, атқарушы органдардың құзыретін, ұйымдастырылуын, қызметінің тәртібін, депутаттардың құқықтық мәртебесін айқындайды [53]. 2003 жылы осы Заңның ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік басқару деңгейлер арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы қабылданды [54].

«Қазақстан–2050 - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында мемлекеттілікті одан әрі нығайту және мемлекеттік демократияны дамыту, басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізу - мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру міндеттері белгіленген [18, б. 3]. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы оны ратификациялаған елдерді Конституцияда да, ішкі заңнамада да жергілікті өзін-өзі басқару принципін тануға міндеттейді, өйткені ол жергілікті өзін-өзі басқаруды кез-келген демократиялық жүйенің негіздерінің бірі ретінде таниды [55].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығымен Қазақстан Республикасында жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдамада 2012 жылдан 2020 жылға дейін іске асыру жоспарланған бірқатар өзгерістер ұсынылды және бірнеше кезеңде іске асырылатын даму бағыттары анықталды. Бірінші кезең 2013-2014 жылдары жүзеге асырылды және төменгі деңгейлерде жұмыс істейтін жүйенің әлеуетін кеңейтуге бағытталды [56]. Оның мақсатары:

1. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер деңгейіндегі жиналыстар мен жергілікті қоғамдастықтың жиындары арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде халықтың ролін арттыру;

2. Аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық округ әкімдерін аудандық (қалалық) мәслихаттармен сайлауды енгізу;

3. Басқарудың төменгі деңгейлерінің қаржылық тәуелсіздігін кеңейту.

4. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асыру мәселелері бойынша халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Бірінші кезеңде «ҚР жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 13 маусымдағы ҚР Заңы қабылданды. Осы заңның қабылдануымен ауылдық округ әкімі аппараттары ҚБШ-на салықтың 4 түрінен түсетін түсімдерді жинау мүмкіндігін алды: мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу), жеке және заңды тұлғалардың ерікті алымдары, жарнаманы орналастырғаны үшін төлемдер, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар.

Екінші кезең 2015-2020 жылдары жүзеге асырылды және келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

1) салықтардың бір бөлігін жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беру жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық дербестігін кеңейту;

2) жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен сатып алынған коммуналдық меншікті басқару процесіне тарту арқылы экономикалық дербестікті кеңейту;

3) азаматтардың тиісті бюджет жобаларын талқылауға қатысу тетіктерін енгізу және әкімінің халықпен өзара іс-қимылы үшін қоғамдық құрылымдар құру;

4) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін кезең-кезеңімен кеңейту [56, с. 10].

Енгізілген өзгерістер азаматтарға жергілікті процестерге қатысуға, өз ауылының дамуына ықпал етуіне мүмкіндік береді. 2017 жылдың 11 шілдесінде ҚР заңнамасына ЖӨӨБ деңгейінде толыққанды дербес бюджет енгізуді көздейтін түзетулер қабылданды. Осы кезеңде қосымша екі салық түрлерін: төлем көздерінен салық салынбайтын табыстардан ЖТС және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, беру арқылы ЖӨӨБ-дың салық әлеуеті күшейтілді. Екінші кезеңде 2018 жылдан бастап ЖӨӨБ-дың дербес бюджеті енгізілді. Осы кезеңде төртінші деңгейлі бюджет халық саны 2 мың адамнан асатын 1000-нан астам ауылдық округтерге енгізілді. Осы кезеңнен бастап ЖӨӨБ - ға берілген салықтар тікелей ауылдық округ шоттарына түсе бастады.

Үшінші кезеңде 2020 жылғы 1 қаңтарынан бастап барлық ауылдық округтер (2000 және одан төмен халқы бар) бюджеттің төртінші деңгейіне өтті. Бұл кезеңде «ҚР аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30

маусымдағы ҚР Заңына сәйкес, 2022 жылдан бастап ЖӨӨБ бюджетіне – бірыңғай жер салығы, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем, жер учаскелерін сатудан түсімдер және жерді учаскелер жалға алу құқығын сатқаны үшін төлемдер берілді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының бюджет жүйесіне қатысады:

- 1 деңгей: Республикалық бюджет;

- 2 деңгей: 17 облыс және 3 Республикалық маңызы бар қала;

- 3 деңгей: облыстардағы 170 аудан, облыстық маңызы бар 38 қала, Республикалық маңызы бар қалалардағы 16 аудан;

- 4-деңгей (2352): аудандық маңызы бар қалалардың 48 ЖӨӨБ органдары, облыстық маңызы бар қалалар аудандарының 4 ЖӨӨБ органдары, кенттік округтердің 29 жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ауылдық округтердің 2179 ЖӨӨБ органдары, 92 ауылдық ЖӨӨБ органдары.

Қазақстанда барлығы 89 қала, 29 елді мекен және 6293 ауыл бар [57].

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 18 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2021-2025 жылдарға арналған жаңа ЖӨӨБ тұжырымдамасы алдыңғы Тұжырымдаманың қисынды жалғасы болды және қазақстандықтардың жергілікті деңгейде мемлекеттік басқару мәселелеріне тартылуын күшейтуге бағытталған. Онда Үкіметтің ЖӨӨБ-ды дамыту саласындағы негізгі міндеттері баяндалған. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуға кедергі келтіретін түйінді проблемаларды шешу жөнінде шаралар:

1. Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері мен жауапкершілік салаларының аражігін ажырату;

2. Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту;

3. Ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру;

4. Фискалдық орталықсыздандыру [58].

Жаңа тұжырымдамада жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың элементтері мен стратегиялық бағыттары нақты көрсетілген. Жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық принциптері халықтың елде болып жатқан барлық процестерге, әсіресе жергілікті деңгейде қатысуын болжайды.

2012 жылы қабылданған және 2021 жылы қабылданған тұжырымдамаларды салыстыру кестеде қарастырылды (кесте 1).

Кесте 1 - ЖӨӨБ тұжырымдамаларын салыстыру

2013-2020 жылдарға арналған ЖӨӨБ тұжырымдамасы	2021-2025 жылдарға арналған ЖӨӨБ тұжырымдамасы
1	2
Ауылдық округтерде ЖӨӨБ органдары ұйымдастырылды, жергілікті қоғамдастықтардың жиналыстары мен жиындарын ұйымдастыру, өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың өкілеттіктері анықталды	Билікті одан әрі Бейорталықтандыру және ЖӨӨБ -дың тиімді жүйесін құру

1 – кестенің жалғасы

1	2
Ауылдық округтер әкімдерін сайлауы енгізілді	Азаматтарды ЖӨӨБ -ға тарту
ЖӨӨБ-дың институционалдық және экономикалық негіздерін тиімді нығайтуға бағытталған шаралар қабылданды	Бюджеттік рәсімдерді оңайлату
ЖӨӨБ-дың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігі енгізілді	Пилоттық жоба атқарушы органның жаңа құрылымы ретінде - ЖӨӨБ әкімшілігі
Ескерту - 56, 58 әдебиет негізінде автор құрастырылған	

2025 жылға дейін ЖӨӨБ дамыту тұжырымдамасы халықтың мүдделеріне сәйкес өңірлердің өңірлік, экономикалық және әлеуметтік жағдайларына сәйкес ЖӨӨБ жаңа моделін қалыптастыру мақсатында қабылданды. Осы тұжырымдамаға сәйкес Қазақстандағы ЖӨӨБ органдарының қызметі азаматтардың бюджетті басқаруға қатысуы, ашықтығы, есептілігі, экономикалық және қаржылық тәуелсіздігі және функциялардың аражігін ажырату қағидағарына негізделген [59].

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі ҚР Конституциясына негізделіп, жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін қалыптастыру, орындау, бюджетаралық қатынастарға қатысу ережелерін айқындап реттеуші рөлді атқарады. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 9-1-бөлімінде ауылдық округ бюджеті - бұл белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікте ауылдық округ әкімінің және оған бағынысты мемлекеттік мекемелердің қызметтерін қаржылық қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған, кірістер есебінен қалыптастырылатын орталықтандырылған ақша қоры [27,с. 2]. Ауылдық округтің дербес бюджеттері жергілікті қоғамдастық жиналысында бекітілгеннен кейін аудандық маслихаттың шешімімен бекітіледі.

ЖӨӨБ жергілікті қоғамдастық мүшелері және маслихаттар арқылы жергілікті қоғамдастық жиналыстары нысанында жүзеге асырады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жергілікті өзін-өзі басқарудың болуы мен деңгейін тұжырымдауға болатын жергілікті органдарды қаржылық қамтамасыз етудің белгілі бір шарттары қалыптасты. Олар:

- қаржылық ресурстарды дербес басқару мүмкіндігі заңмен бекітілген;
- жергілікті билік органдарының қаржылық ресурстар көлемі елдің Конституциясы мен заңдарымен қарастырылған қызметтерге жауап беру керек;
- меншікті табыс көздерін қалыптастыру мүмкіндігі, жергілікті салықтар, жергілікті салықтар мөлшерлемесін белгілеу мүмкіндігі;
- жетіспейтін қаражатты орталық басқару органдары тарапынан өтеу;
- қаржылық ресурстар мен жергілікті өзін өзі басқарудың меншігін басқару бойынша шешім қабылдаудағы дербестік; (кесте 2).
- құнды қағаздар шығару, несие алу мүмкіндігі [60].

Кесте 2 - Қазақстандағы ЖӨӨБ-дың жалпы қабылданған көрсеткіштерге сәйкестігі

Көрсеткіштер	ҚР ЖӨӨБ
Қаржылық ресурстарды дербес басқару мүмкіндігі заңмен бекітілген	ЖӨӨБ-дың дербес төртінші деңгейлі бюджеті бар, бірақ өзін өзі қамтамасыз етуі әлі де төмен
Жергілікті билік органдарының қаржылық ресурстар көлемі елдің Конституциясы мен заңдарымен қарастырылған қызметтерге жауап беру керек	Төртінші деңгейлі бюджеттің кірістері меншікті салықтық және салықтық емес кірістерден және трансферттерден құралады
Меншікті табыс көздерін қалыптастыру мүмкіндігі, жергілікті салықтар, жергілікті салықтар мөлшерлемесін белгілеу мүмкіндігі	Меншікті табыс көздерін салықтық және салықтық емес кірістерден қалыптастырады, бірақ салық мөлшерлемесін анықтау мүмкіндігі жоқ
Жетіспейтін қаражатты орталық басқару органдары тарапынан өтеу	Жоғары бюджеттен трансферттер
Қаржылық ресурстар мен жергілікті өзін өзі басқарудың меншігін басқару бойынша шешім қабылдаудағы дербестік	Қаржылық ресурстар мен жергілікті өзін өзі басқарудың меншігін басқару құқығына ие
Құнды қағаздар шығару, несие алу мүмкіндігі	Ауылдық округтер бюджет жүйесінің қатысушысы болғанымен несие ала алмайды
Ескерту – [60,с. 46] әдебиет негізінде автор құрастырылған	

2018 жылдан бастап енгізілген төртінші деңгейдегі бюджет Қазақстандағы ЖӨӨБ-дың қаржылық экономикалық негізін құрап өз меншікті кірістерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ауылдық округтердің әкімдерінің өз ауылдарын дамытуына, неғұрлым өзекті жергілікті проблемаларды шешуіне тікелей ықпал етеді. Бірақ бюджеттің атқарылуын талқылау және бақылау процесіне негізінен жергілікті қоғамдастықтар жиналыстарының мүшелері қатысады, ал ауылдық округ халқының негізгі бөлігі бюджеттік процеске іс жүзінде қатыспайды.

Қазақстандағы орталықсыздандыру бағытындағы реформалар нәтижесінде ЖӨӨБ органдары тәуелсіздікке қол жеткізуге және жергілікті мәселелерді өз бетінше шешуге мүмкіндік алады деп күтілуде, ал жергілікті атқарушы органдардың өкілдері өздеріне жүктелген қызметтерді тиімдірек орындау үшін жаңа өкілеттіктер мен қаржылық мүмкіндіктерге ие болады және мемлекеттік басқару деңгейі мен ЖӨӨБ арасындағы айырмашылықты анықтауға тырысады.

Қазақстан Республикасының 10.12. 2008 ж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №99-IV заңы (Салық кодексі) төртінші деңгейлі бюджеттің негізгі меншікті кіріс көздері болып табылатын салық заңдылықтары мен ережелерін айқындайды [61].

Бюджет қаражатын тиімді пайдалануға тек фискалдық шаралар есебінен ғана емес, бюджет процесінің сапасын арттыру есебінен де қол жеткізуге болады. Орталықтандырылған салықты басқарудың арқасында ауылдық округтер өз ақшаларының бір бөлігін жоғары бюджеттерге аударуға мәжбүр, өйткені олардың өкілеттіктері мен оларды өз бетінше басқаруға уәкілетті

органы жоқ. Іс жүзінде бұл жергілікті бюджеттің шығыс баптарын жоспарлау және бекіту кезінде қосымша проблемалар туғызады, өйткені олар аудандық мәслихаттың шешімдерімен қабылдануы тиіс [62].

Қазіргі уақытта Қазақстандағы ЖӨӨБ туралы заң талданып, талқыланып, қабылдануы жоспарлануда. Әзірленіп жатқан жаңа заң жобасының жаңашылдықтарының бірі ЖӨӨБ-дың жаңа органы Кеңестердің пайда болуы. Кеңес халық сайлайтын мүшелерден және оның төрағасынан тұрады. Жаңа орган тиісті өңірде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді қабылдайтын болады. Оның өкілеттіктеріне қауымдастықтың даму жоспарын, жиналыспен келісілген бюджетті бекіту, оның орындалуын бақылау және бекіту кіреді [63].

Халықтың және жергілікті басқару деңгейінің жақындасуы - бұл бүкіләлемдік өзара әрекеттесуді жеңілдететін тренд, олардың арасында өмір сүру сапасын, қауіпсіздікті, еркін коммуникацияны арттыруға ықпал етеді [63, с. 9].

Қазақстан Республикасындағы ЖӨӨБ институты әлі жеткілікті дамымаған, ол мемлекеттік органдардың ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік органдардың жоғары буындарына бағынады деп айтуға болады. Маслихаттар өкілетті орган ретінде шектеулі автономияға ие және тек жергілікті жерлерде өкілетті органдардың рөлін атқарады [64].

Сонымен, осы бөлімді қорытындылау үшін келесідей қорытынды жасауға болады. ЖӨӨБ-дың қазақстандық моделі барлық тиісті ұйымдастырушылық, саяси және заңдық функцияларды орындай отырып, жергілікті деңгейде халықтың ерік-жігерін қалыптастыру жөніндегі жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктерін кеңейтуді көздейді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі бар болса да, алайда, өзін-өзі басқару жүйесін реформалаудың сәттілігі, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізудің барлық аспектілері заңнамалық тұрғыдан қаншалықты кешенді пысықталатынына байланысты болады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалаудың жетістігі, әрине, бұл жергілікті халықтың күш – жігеріне де, бірлескен міндеттерді шешуге қаншалықты жауапкершілікпен қарайтынына байланысты болады.

Ауылдық округтердің бюджеті ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы №470 бұйрығымен бекітілген жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу қағидаларына сәйкес жыл сайын 3 жылдық кезеңге әзірленеді.

Оны орындау барысында ауылдық округтің бюджеттерін нақтылау Бюджет кодексіне сәйкес тиісті әкімдердің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ауданның атқарушы органының және ауданның мәслихат депутаттарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Бюджетті түзету, бекітілген (нақтыланған) бюджет көрсеткіштерін кезекті қаржы жылына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзгерту болып табылады.

Сонымен қатар, жоғары тұрған бюджеттен қаражаттың тікелей өзін-өзі басқару органдарына бағытталуы бойынша шет елдер тәжірибесін қарастыру қажеттілігін атап өтеміз. ҚР қолданыстағы бюджет заңнамасында республикалық бюджеттің бюджет процесінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерімен өзара қарым-қатынасына жол берілмейді. Алайда, қаражатты осындай тікелей бөлуді енгізу кезінде ЖӨӨБ органдарына нысаналы трансферттерді беруге байланысты рәсімдер саны айтарлықтай азаяды. Облыстар мен аудандардың бюджеттері облыс пен ауылдық округтер арасындағы буын рөлін атқаруды тоқтатады. Бұл өз кезегінде жергілікті жерлердегі ЖӨӨБ органының дербестігін де, олардың жауапкершілігін де, алынған қаражатты пайдаланғаны үшін есептілікті де күшейтеді.

Төртінші деңгейдегі бюджеттік басқарудың институционалдық және экономикалық негіздерін оңтайландыру және нығайту мақсатында мыналар ұсынылады:

- одан әрі дамыту бағыттары мен шараларын түсіндіру;
- жергілікті өзін-өзі басқару мен ЖӨӨБ жауапкершілік салаларын ажырату;
- ЖӨӨБ органдарының мәртебесін, функциялары мен өкілеттіктерін пысықтау;
- төртінші деңгейдегі бюджеттерді іске асырудың икемділігін арттыру үшін қосымша құралдарды айқындау;
- төртінші деңгейдегі бюджеттермен жұмыс істеудің арнайы тәртібін енгізу;
- жеке бюджетке салық түсімдерін қамтамасыз ету үшін құралдарды ұсыну;
- бюджеттік бейорталықтандыру бойынша шаралар қабылдау;
- жергілікті тұрғындарға комиссия құру және қаражатты бақылау құқығын беру;
- жергілікті өзін-өзі басқарудың әлеуметтік-құқықтық аспектілері және бюджет қаражатын экономикалық-қаржылық есепке алу бойынша сараптама жүргізу;

Азаматтардың белсенділігін арттыру, биліктің халық алдында бақылау және есеп беру тетіктерін құру халықтың өмір сүру сапасын жақсартта алады

1.3 Жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі

Дүние жүзіндегі жергілікті өзін-өзі басқару елді мекендер тұрғындарының жергілікті маңызы бар мәселелерді басқаруға қатысуын және өңірлік дамудың негізін қамтамасыз ететін тетіктердің бірі болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың белсенділігін арттыру, биліктің халық алдында есеп беру мен бақылауы тетіктерін құру ғана халықтың өмір сүру сапасы мен жағдайларын жақсартта алады. Осыған байланысты, Қазақстан үшін мемлекеттік

басқару мен өңірлік дамуды жетілдіру саласындағы тиімді стандарттарды айқындайтын экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің тәжірибесі маңызды. Сондықтан ЖӨӨБ моделі мен географиялық және демографиялық көрсеткіштері бойынша Қазақстанмен салыстырылатын елдердің тәжірибесі зерделенді.

ЖӨӨБ-дың кең тұжырымдамасы ЖӨӨБ органдарының Заңға және ережелерге сәйкес, оның жауапкершілігі мен бүкіл халықтың мүддесі үшін басқару құқығын білдіреді. Бүгінгі таңда әлемде ЖӨӨБ-дың әртүрлі құқықтық жүйелері бар. Олар көптеген факторларға тәуелді: әкімшілік құрылымға, саяси жүйеге және басқару нысанына, ұлттық салт дәстүрлерге.

Шетелде ЖӨӨБ-дың әртүрлі модельдерінің жұмысы бойынша айтарлықтай тәжірибе бар. Сонымен қатар англо-саксон және континентальды модельдер базалық болып табылады. Бұл модельдердің негізінде ЖӨӨБ қалыптастыру тәртібі, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының сипаты мен ерекшеліктері және т.б. жатыр.

Жергілікті өзін-өзі басқару идеясы ең алғаш рет Англияда XVII ғасырда пайда болды, сондықтан «англо-саксон моделі»деп аталады. Англиядан кейін Францияда жергілікті басқару идеясы қабылданды және француздар мемлекеттік билікті орталықсыздандыру жүйесі деп атаған «континентальды модель» деп аталды [65]. Англо-саксон муниципалды жүйесі Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия және басқа да бірқатар елдерге тән. Дәстүр бойынша оны бірінші муниципалды жүйе деп атайды. Оның негізгі ерекшеліктері:

- ЖӨӨБ органдары тек заңдармен белгіленген әрекеттерді орындауға құқылы. ЖӨӨБ қызметі заңнамаға сәйкес қатаң түрде реттеледі. Бұл ереже бұзылған жағдайда актілерін сот жарамсыз деп таниды, өйткені олар өз өкілеттіктерінен тыс шығарылған;

- ЖӨӨБ органдары тікелей жоғары тұрған мемлекеттік органға бағынбайды;

- ЖӨӨБ органдарының құзыретіне: полиция, әлеуметтік қызметтер басқармасы, өрт күзеті, жергілікті жолдарды салу және пайдалану, тұрғын үй құрылысы, спорт құрылыстары, қоғамдық көлік кіреді [66].

Екінші үлкен жүйе Француз (континентальды) жүйесі деп аталады. Француздық ЖӨӨБ жүйесі мен англо-саксондық жүйенің басты айырмашылығы-жергілікті үкімет пен мемлекеттік органдар арасындағы қатынастардың сипаты. Мұндай жүйе мемлекеттік органдардың жергілікті билікке айтарлықтай бақылауы бар билікті орталықтандыру дәстүрі бар елдерде қолданылады. Бұл жүйенің түпкілікті сипаттамалары Францияда 1982 жылы «жергілікті қауымдастықтардың құқықтары мен бостандықтары туралы» заң қабылданғаннан кейін анықталды:

- ЖӨӨБ бірлігі-қауымдастық, муниципалды кеңес 6 жыл мерзімге сайлайды;

- көмелетке толған Франция азаматтарының дауыс беру құқығы бар;

- муниципалды Кеңестің құзыреті мен өкілеттіктеріне аумақ басшысының өкілеттіктерін қоспағанда, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жатады;

- кеңес шешімдері департамент өкіліне жіберілген және жарияланған жағдайда міндетті болып табылады;

- өзінің алғашқы отырысында муниципалды кеңес мәрді, яғни коммунаның төрағасы болып табылатын қала басшысын сайлайды; муниципалды кеңестің отырыстарын дайындайды және олардың шешімдерін орындайды; коммунаның мүлкін басқарады және азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға құқылы; сот жүйесінде коммунаның мүдделерін білдіреді; қызметкерлерді тағайындайды және әкімшілік ынталандыру мен айыппұл туралы шешім қабылдайды; коммуналдық меншікті басқарады [65, с. 120].

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық негізін жергілікті бюджеттердің кірістері құрайды. Дәл осы кірісті бюджеттердің қаржылық орталық буыны деп санауға болады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық-құқықтық құзыреті жергілікті өзін-өзі басқару жүйелері және бюджеттік өкілеттіктер арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттердің негізгі меншікті кірістерін салық түсімдері құрайды.

Қаржылық орталықсыздандыру деңгейін бағалаудың негізгі критерийлері негізінде тәжірибе жергілікті өзін өзі басқаруды қаржылық қамтамасыз етудің үш моделін анықтайды:

1) скандинавиялық модель, мұнда жергілікті салықтар ЖІӨ-нің 10-20% және барлық салықтардың 20-50% құрайды. Бұл модельдің елдері Швеция, Дания, Финляндия;

2) латын моделі, мұнда жергілікті салықтар ЖІӨ-нің 4-6% және барлық салықтардың шамамен 20% құрайды. Бұл көрсеткіштер Италия, Франция, Испанияға тән;

3) ганновер моделі, мұнда жергілікті салықтар ЖІӨ-нің 1-2% және барлық салықтардың шамамен 4-5% құрайды. Бұл Германия, Польша, Ұлыбритания, Нидерландыға тән [67].

Көптеген елдерде жергілікті органдар, әдетте, өз деңгейінде экономика мен әлеуметтік саланы басқаруды ұйымдастыру үшін жеткілікті қаржылық ресурстарға ие емес. Бұл бірқатар жағдайларға байланысты:

- елдердің орталық бюджеттерінде қаржы ресурстарының шоғырлануының жоғары деңгейі, жергілікті бюджеттердің, халық үшін өмірлік маңызды міндеттерді шешудегі маңызын, төмендетеді;

- жергілікті бюджет түсімдерінің құрылымында реттеуші кірістердің басым рөлі және аумақтарға бекітілген салық төлемдерінің төмен үлесі;

- тиісті кіріс көздерімен қамтамасыз етудің, бюджеттердің шығыс өкілеттіктерін орталық деңгейден төмен тұрған бюджеттік деңгейлерге беру үрдістері, бұрын өзін-өзі қамтамасыз ететін жергілікті бюджеттерді дотациялық бюджетке айналдырады.

Көптеген шет елдерге тән жергілікті салықтардың көптігі. Сонымен, Францияда олардың саны 50 – ден асады, Италияда-70, ал Бельгияда – шамамен 100. Сонымен қатар, жекелеген елдерде (мысалы, Ұлыбритания) жергілікті салық салу жергілікті салықтардың едәуір бөлігін құрайтын бір ғана жергілікті салықпен ұсынылған бюджеттер.

Бюджетті басқарудың, оның ішінде жергілікті басқару бюджетінің әртүрлі елдерде өзіндік ерекшеліктері және ұзақ мерзімді қалыптасу тарихы бар. Жергілікті өзін өзі басқаруды қаржылық қамтамасыз етудің жоғарыда келтірілген модельдерін ескере отырып, келесі елдердің жергілікті бюджеттердің кірістерін қалыптастыру ерекшеліктерін қарастырамыз: Финляндия (Скандинавия моделі), Франция (Латын моделі), Германия (Ган новер моделі).

Финляндиядағы ЖӨӨБ-дың тәжірибесі. Финляндия қаншама уақыттан бері өмір сүру сапасы, әл ауқат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша әлемдік рейтингтерде жетекші орын алып келеді.

Финляндия муниципалитеттерінде, мүшелерін муниципалдық кеңес төрт жылдық мерзімге тағайындайтын Атқарушы кеңес болады. Сонымен қатар жергілікті және атқарушы кеңестің төрағасы сайланады. Кеңес басқармасы муниципалдық Кеңес қабылдаған шешімдерді орындауы тиіс. Финляндияда әкімшілік басшысы сайланбайды. Муниципалды басқаруды кеңес тағайындайтын кәсіби муниципалдық менеджер жүзеге асырады. Менеджер мен муниципалды басқарудың барлық мамандары сайлаудан кейін өз лауазымын сақтап қалады және сайлау нәтижесіне тәуелді емес. Муниципалитеттің негізгі органы-муниципалдық кеңес. Әр төрт жылда жергілікті сайлау өткізіліп, халық кеңес мүшелерін сайлайды. Кеңестің құрамында, муниципалитеттің тұрғындары санына байланысты, 17-ден 85-ке дейін мүшелері болады. Саяси шешімдер қабылдауға барлық партиялар саяси қатысады.

Муниципалдық кеңес жергілікті бюджетті қабылдап, сонымен қатар жергілікті салықтар мен алымдарды белгілейді. Финляндия жергілікті бюджеті кірістерінің құрамы келесідей болып келеді: 47% - жергілікті салықтардан түсетін түсімдер, 27% - қосымша кірістер, 19% - мемлекеттік субсидиялар, 4% - қарыздар, 2% - инвестициялық кірістер және 1% - Өзге кірістер.

Салықтық кірістерінің негізгі көзі болып - муниципалитет тұрғындарының еңбек ақысынан 15%-дан 21% - ға дейін алынатын еңбек ақы салығы. Бұл пайызды муниципалдық кеңес әр жылға белгілейді [68].

Мемлекет тарапынан субсидиялар коммуналарға негізінен бай және кедей муниципалитеттердің кірістерін теңестіру үшін беріледі. Дамыған муниципалитеттер субсидия алмайды. Бюджеттің қосымша кірістері белгілі бір қызметтерден түсетін муниципалдық алымдар есебінен қалыптасады. Сонымен қатар, атқарушы кеңестен бөлек, жергілікті бюджетті тиімді басқару үшін тексеру комиссиясы мен кәсіби аудиторлар болады. Финляндияда азаматтық бастамаларды ұсыну үшін арнайы онлайн-платформа құрылған (Kansalaisaloite.fi). Бұл платформа осы бастамаларды қолдау үшін, ұсыныстар жасау үшін жазбаша өтініштер жинауға мүмкіндік беретін онлайн-жүйе болып табылады. Дауыс беру құқығы бар барлық азаматтар осы платформа арқылы өз бастамаларын ұсынуға құқылы. Азаматтық бастамалардың үш түрі бар:

- 1) Жаңа заңнама ұсыну;
- 2) Қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

3) Қолданыстағы заңдардың күшін жоюды ұсыну .

Жүйеде жеке веб-платформалар арқылы барлық финдік электрондық қатысу қызметтеріне онлайн қолдау көрсетіледі. Әр платформаға жауапты мемлекеттік органдар жүргізетін тұрақты жанартулардың арқасында жүйенің функционалдылығы сақталады.

Финляндияның коммуналарында басқарудың скандинавиялық түрі жүзеге асырылады. Онда қаржылық және әкімшілік дербестікке ие жергілікті қоғамдастықтың бюджеті қарастырылады. Үш жылдық шаруашылық жоспардың және даму бюджетінің бөлігі болып табылатын коммунаның бюджеті әр қаржы жылына қабылданады. Коммуна кеңесі бюджетті жоспарлауды және бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады, ол өз құрамында кәсіби комитеттер құрады. Кеңес жергілікті сайлауда 4 жылда бір рет сайланады. Жоғары ұйымдастырушылық-әкімшілік билікке ие Коммуна кеңесінің атқару комитеті. Финляндия коммуналарында әкімшілік басшысы болмайды. Қажетті реформалар мен аймақты дамытудың тиімді саясатын және муниципалдық бюджетті басқаруды жүзеге асыру үшін коммуна Кеңесі муниципалдық менеджерді жұмысқа қабылдайды. Муниципалды менеджер және оның командасы мемлекеттік қызметкерлер емес және кезекті сайлауды өткізу кезінде өз қызметін тоқтатпайды [69]. Бұл фактор муниципалитет жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Финляндия коммунасының бюджеті келесідей көздерден қалыптасады:

1) Құрылымында жергілікті салықтар шамамен 47% алады. Салықтар коммуна Кеңесімен белгіленеді және мемлекеттік органдардың бекітуін қажет етпейді. Коммуна кеңестері жергілікті салықтардың түрлері мен мөлшерлемесін белгілей алады – бұл коммунаның қаржылық дербестігінің бір түрі.

2) Қаржылық дербестіктің тағы бір түрі болып табылатын заемдар бюджет құрамында шамамен 4% алады. Несиелерді мемлекет ішінде де шетелден де алуға болады. Қарыз қаражаты тек даму жобаларына бағытталады, олар ешқашан ағымдағы операцияларды қаржыландыруға бағытталмайды.

3) Мемлекеттік субсидиялар бюджеттің 19% құрайды және коммуналардың кірістерін реттеуге, міндетті мемлекеттік қызметтер мен шығындарды төлеуге қолданылады.

4) Қосымша кірістер бюджеттің 27% құрайды. Оларға электр энергиясы, су, күндізгі күтім, қарттар үйінің қызметтері бойынша төлемдер кіреді. Елдің мемлекеттік органдары қызметтерінің бір бөлігін коммуналарға береді, олар содан қосымша табыс табады.

5) Меншіктен түскен инвестициялық кірістер және басқа кірістер жиынтығы шамамен 3% алады. Муниципалитеттердің бюджеті мемлекеттік бюджетке шамалас тең болып келеді.

Франция ЖӨӨБ тәжірибесі. Қазіргі заманғы жергілікті басқарудың шетелдік тәжірибесі муниципалитеттің мэрі сайланатын жергілікті кеңестің төрағасы және мемлекеттің өкілі болып табылатын континентальды модельді көбірек таңдайды.

Континентальды модельдің өкілі болып табылатын Францияда жергілікті аумақтық ұжымдарды қорғайтын мемлекеттің атқарушы органы префектура және супрефектура институты бар [70].

Онда үш деңгейлі субұлттық жүйе қолданылады. Жоғарғы деңгейі - аймақтар, орталық деңгейде - департаменттер және төменгі деңгейде - муниципалитеттер (округтер мен коммуналар).

Францияда коммунааралық деңгейді есептегенде басқарудың 4 деңгейі бар. Жергілікті өзін өзі басқарудың негізі болып коммуналар табылады. Олардың көпшілігінде халық саны аз болып келеді (2000 нан төмен). Әкім бір мезгілде мемлекеттік қызметші ретінде және жергілікті өзін өзі басқарудың басшысы ретінде өз өкілеттіктерін муниципалдық кеңестің бақылауымен жүзеге асырады.

Әкім келесі өкілеттіктерге ие: муниципалды қызметтерді басқару, басқару персоналын тағайындау, құрылыс жүргізуге рұқсат беру, азаматтық хал актілерін тіркеу, азаматтардың жалпы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, мемлекеттік заңдар мен ережелерді жариялау, сайлау ұйымдастыру, әскери міндеттілердің тізімін жасау, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру, бастауыш мектептер жұмысын қадағалау.

Францияда тәуелсіз бюджетті қалыптастырумен, сотта өз мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын аумақтық қауымдастықтар қоғамдық құқықтың заңды тұлғалары болып табылады. Бюджетті қабылдау, коммуналдық салық ставкаларын анықтау, мүлікті сатып алу, сату, жалға беру және мүлікті «қоғамдық» санатқа жатқызу, аумақтардың коммуналдық жоспарларын әзірлеу және бекіту кеңестің қаржылық өкілеттіктеріне кіреді.

Жеке тұлғалардан алынатын салық жүйесі төрт негізгі жергілікті салықтардан тұрады: тұруға, жылжымайтын мүлікке, құрылысқа, жерге және «аумақтық экономикалық салымға».

Муниципалитеттер салық ставкаларын белгілеу үшін дауыс бере алады, бірақ салық базасын өз бетінше анықтауға құқығы жоқ және орталық үкімет белгілеген шектеулерді сақтауы керек.

Орталық үкіметтің трансферттері үш мақсатқа ие:

- өтемақы (жергілікті бюджеттерді тұрақтандыру);
- теңестіру (кіріс теңсіздігін азайту);
- бағдарлау (салалық саясатты әзірлеу).

Коммуналдық сайлауға қатысу арқылы көптеген азаматтар қауымдастықтар мен кеңес беру органдарына қатысады. Жергілікті тұрғындар кеңес беру референдумдарын бастауға құқылы. Кеңес беру референдумы азаматтардың барлық мәселелер бойынша пікірін анықтауға мүмкіндік береді. еферендум тиісті билік органдарының шешімдер қабылдауы үшін халықтың мүдделерін ескере отырып тұрғындардың пікірін анықтаудың маңызды нысаны [71]. Францияның әрбір муниципалитеті, оның 36596 бірлігі бар, жергілікті кеңесті сайлайды. Кеңес мүшелерінің саны халық санына байланысты муниципалитеттердің санаттарының әрқайсысы үшін анықталады. Кеңес мүшелерінің арасынан бір мезгілде мемлекеттің өкілі болып табылатын әкім

сайланады. Муниципалитеттің бюджеті шектеулі тәуелсіз. Коммунаның бюджетін префект бекітеді (Жоғары тұрған басқару деңгейі). Муниципалитет тек жанама салықтарды белгілейді, мысалы, қоқыс салығы.

Франция муниципалитетінің бюджеті келесі құрылымға ие:

- Салықтар-40%;

- Трансферттер мен субсидиялар-32%;

- Экономикалық қызметтен түсетін кірістер және меншіктен түсетін кірістер –19; [72].

Бұл елдің аумақтық құрылымы және мемлекеттің өкілдік деңгейі Қазақстанмен ұқсас болып келеді. Қазақстан мен Франция мықты Президенттік билігі бар жоғары орталықтандырылған мемлекеттер. Сонымен қатар Франция Еуропалық одаққа мүше бола отырып муниципалитеттердің тәуелсіздігін басқару және дамытуды орталықсыздандыру саясатын жүргізуде.

Германияның ЖӨӨБ тәжірибесі. Германияда штаттардан, округтерден және муниципалитеттерден тұратын үш деңгейлі субұлттық басқару жүйесі бар. Германия федеративті мемлекет болғандықтан, жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау тәртібі Федералды Штаттарда әр түрлі, мысалы, Баварияда муниципалитеттің азаматтары тікелей сайлайды. Барлық жерлерде ауданның атқарушы билігінің басшысы тиісті ауданның мемлекеттік әкімшілігінің басшысы болып табылады. Жергілікті әкімшіліктің басшылығы- бургомистр (бұл Германия үшін дәстүрлі атау), мэр немесе коммунаның директоры. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайтын шешімдердің заңдылығын бақылауды жоғары деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік жүзеге асырады, дегенмен кейбір жерлерде арнайы бақылау органдары құрылады [73].

Гессен жерінен басқа барлық жерлердегі муниципалитеттер «кеңестер жүйесіне» сәйкес басқарылады, мұнда жергілікті кеңес жерге байланысты төрт жылдан алты жылға дейін тікелей жалпы дауыс беру арқылы сайланады. Төрт жылдан тоғыз жылға дейін тікелей жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланған әкімді жергілікті кеңес пен атқарушы орган басқарады.

Муниципалды әкімшіліктің функцияларына сумен жабдықтау және су бұру, жылыту, көше жарығы кіреді; өртке қарсы қызмет; абаттандыру және көгалдандыру; муниципалды жолдар мен балабақшаларды күтіп ұстау.

Өкілді органды, барлық жерде сияқты, халық тікелей сайлайды. Кеңестің өкілеттік мерзімі 4 (Гессен) жылдан 6 (Бавария) жылға дейін. Жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланатын кеңес өз құрамынан кеңес төрағасын сайлайды. Сонымен бірге Кеңес дауыс беру арқылы кәсіби басқарушылар арасынан алқалы атқарушы орган - магистратты тағайындайды.

Кеңестердің өкілеттік саласына ауруханалардың, мектептердің қызметі, әлеуметтік көмек көрсету, қоқысты шығару және қайта өңдеу, қоғамдық көлік кіреді. Қауымдастықтар тұрғындардан жергілікті салықтарды, ең алдымен жер салығы мен кәсіпкерлік қызметті жинауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары федералдық салықтар мен федерация субъектілерінің салықтарынан аударымдар алады. Маңызды мәселелер азаматтар жиналысында немесе конференцияларда талқыланады

(Btirgerversammlung). Азаматтар жиналысын жылына бір рет әкім немесе сайлаушылардың кемінде 10% шақыруы керек. Сонымен қатар, азаматтар муниципалдық кеңестен белгілі бір мәселені шешуді сұрауға құқылы. Бұл құқық кеңес немесе кеңес комитеті қабылдаған шешімге қарсы бағытталуы мүмкін. Сұранысты сайлаушылардың кем дегенде 30% - ы қолдауы керек. Референдум мүмкіндігі де бар. Референдумды муниципалдық кеңес (үштен екі көпшілік дауыспен) немесе азаматтар (сайлаушылардың кем дегенде 15%) бастауы мүмкін. Германиядағы муниципалды өзін-өзі басқару көптеген дамыған демократиялық мемлекеттерге тән принциптерімен сипатталады, олар:

- өзін-өзі басқару функцияларын іске асырудағы дербестік
- федералдық орталық пен муниципалдық арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату
- жергілікті атқарушы органдардың шешімінде жауапкершілік қағидатымен ұштастырылған қоғамдық міндеттер, бұл ретте өзін-өзі басқару субъектілері жария құқық субъектілері болып табылады [74].

Муниципалды қызметкерлердің қызметі кәсіби және кәсіби емес негізде жүзеге асырылады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өзін-өзі басқару органдарын сайлау құқығымен, нормативтік актілермен, өзін-өзі басқару құқығымен, қаржылық дербестік, кадр өткізудегі тәуелсіздік саясаты, аумақтық жоспарлау саласындағы тәуелсіздік принциптерімен муниципалитеттердің қызметін мемлекеттік қадағалау және бақылауды жүзеге асырады. Бұл өмір сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді. Муниципалитет аумағында тұратын халық дамудың жалпыұлттық тұжырымдамасын ұстанады.

Германия муниципалды бюджетінің кіріс бөлігі әр түрлі көздерден қалыптасады: муниципалдық салықтар, муниципалдық салықтардағы үлестер, федерация мен жерлер аударымдары, муниципалдық мүліктен кірістер, тіршілікті қамтамасыз ететін мекемелер үшін арнайы төлемдер және ерекше жағдайларда кредиттер мен жарналар түріндегі аванстық төлемдер.

Муниципалдық сектордағы меншікті салықтар - бұл негізінен, тұрғын үй немесе шаруашылық мақсаттағы меншік формасына байланысты сараланған мүлік салығы. Германияда олар жылжымайтын мүлікке жер салығы деп аталады А және В. Сонымен қатар, мұнда коммерциялық қызметті қамтитын кәсіптік салық жатады. Германияда ҚҚС, табыс салығы және корпоративтік салық үшін бірыңғай салық жүйесі бар және олардан түсетін түсімдердің белгілі бір пайызы федерацияларға, жерлерге және муниципалитеттерге тиесілі. Тиісті бөлігі тікелей муниципалитет бюджетіне түседі [75].

Германия мен Финляндияда жергілікті басқару функциялары үш топқа бөлінеді: ерікті, міндетті және тапсырылған. Үшінші топқа тікелей жергілікті деп саналмайтын сұрақтар кіреді. Қоғамға қандай да бір мемлекеттік міндеттер қою әрбір нақты жағдайда, міндетті түрде қажетті қаржылық мәселелері реттелген, жер туралы заң актісі бойынша жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта Германияда міндетті және тапсырылған істер жергілікті органдар орындайтын істердің жалпы көлемінен 80-90% құрайды [76].

Германияның тәжірибесінен Қазақстан үшін қызықты болып қолма-қол ақшасыз төлемдерді міндетті пайдалану, бюджеттерді жариялау, ашық өткізу, материалдық-техникалық жабдықтау және тауарларды көтерме сату бойынша конкурстық сауда-саттық қызметтері көрінеді. Бұл муниципалды басқарудың бүкіл жүйесіне муниципалды бюджетті жұмсау және тиімділікті қоғамдық бақылау ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ЖӨӨБ жүйесінің жұмыс істеуінің шетелдік тәжірибесі оның жергілікті қажеттіліктерге бейімделуінің және қала мен ауыл халқының үміт күтулеріне сәйкестігінің маңыздылығын көрсетеді. ЖӨӨБ деңгейіндегі өкілді органдар барлық қаралған елдерде бар. Бұл ретте Германияда және Финляндияда өкілді органдардың құрамын азаматтар сайлайды.

Дамыған елдер тәжірибесі мемлекеттік басқаруды бейорталықтандыру және жергілікті өзін өзі басқарудың тиімді жүйесін құру халықтың әл ауқатын қамтамасыз етудің алғышарты болып табылатынын дәлелдейді. Кез келген қоғамның саяси жүйесіндегі жергілікті өзін өзі басқарудың маңызы, оның халыққа ең жақын билік тармағы болғандығымен анықталады.

Жергілікті бюджеттерді басқарудың шетелдік тәжірибесін ескере отырып, бюджеттік орталықсыздандыру ол қоғамдық билікті орталықсыздандырудың ең қиын аспектісі ретінде танылатынын түсінуге болады. Халықаралық тәжірибеде бюджетті орталықсыздандыру жиі кездеседі. Бірақ бұл әр елде әр түрлі болады.

Мұндай реформаның ең сәтті мысалы – Финляндия. Фискалдық орталықсыздандырудың өте жоғары деңгейі бар. Финляндия муниципалитеттері табыс салығының белгіленген мөлшерлемесін еркін белгілей алады, бұл өте маңызды. Және Орталық Үкімет белгілейтін ауқымда мүлік салығының мөлшерлемесін белгілей алады. Жергілікті салық түсімдерінің негізгі көзі табыс салығы болып табылады, ол жалпы табыстың шамамен 40% құрайды. Муниципалитет сонымен қатар КТС кірістерінің бір бөлігін алады.

Жоғарыда айтылған мемлекеттердегі бюджетті басқару ерекшеліктерін зерттей келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Әрбір муниципалитеттің аймақты дамыту бойынша үш жылдық даму жоспары бар;

2. Басқарушы орган жергілікті қоғамдастық мүшелері арасынан сайланады, яғни коммуна, муниципалитет тұрғындары арасынан;

3. Жергілікті өзін өзі басқару бюджеті жергілікті бюджеттің түрлері мен мөлшерлемелерін анықтауда тәуелсіз;

4. Жергілікті халық өзін өзі басқару үрдісіне белсенді қатысады және Кеңестегі өз өкілдері арқылы шешім қабылдау үрдісіне әсер ете алады;

5. Муниципалитеттерге әлеуметтік сала, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласындағы кейбір қызметтер бойынша өкілеттіктер беріледі.

Барлық елдерде жергілікті өзін өзі басқаруды қаржылық қамтамасыз ету үшін салықтық және салықтық емес кірістер маңызды рөл атқарады. Әдетте салықтық емес түсімдер жергілікті бюджет түсімдерінің аз бөлігін құрайды.

Бұндай кірістердің тізімі әр елде әр түрлі болады және елдің жергілікті өзін өзі басқару органдарының ақылы қызметтер көрсете алу қабілетіне байланысты. Сонымен қатар, бұл түсімдер көлемі муниципалитеттердің коммуналдық меншікпен қамтамасыз етілу деңгейіне және оны тиімді басқаруына байланысты. Қарастырылған елдерде бюджетаралық қатынастар ашық және қарапайым сызбада жасалады.

Зерттелген елдерде салықтық түсімдердің негізін тікелей салықтар құрайды. Кейде мемлекеттік уәкілеттіктерді бейорталықтандыру жағдайында жергілікті бюджеттердің қаржылық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, оларға жанама салықтардың бөлігі беріледі. Табыстарға салынатын салықтар аймақтарды қаржылық теңестіру құралы ретінде салмақты фискалдық және реттеуші мағынаға ие. Жергілікті салық салудың басты құралы болып жылжымайтын мүлікке салынатын салық табылады, салық салу нысаны болып ғимараттар мен жерлер табылады. Сонымен қатар көлік құралдарына салынатын салық, экологиялық мақсаттағы жергілікті салықтар мен алымдар.

Яғни зерттелген елдердегі жергілікті дербес бюджетке түсетін түсімдердің диверсификация дәрежесі Қазақстаннан жоғары.

Жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетінің кірістерін қалыптастыру жүйесін дамыту тенденциясын зерттеу нәтижелеріне келесідей қорытынды жасауға болады:

Скандинавия моделіндегі елдерде азаматтардың кірістерін тұтынуды салық салу басым, жылжымайтын мүлікке салық салу үлкен фискалдық мағынаға ие.

Латын моделіндегі елдерде тұтыну және азаматтардың табыстарына салық салу басым.

Ганновер моделіндегі елдерде тұтынуға салық салудың фискалдық маңызы көп емес.

Қазақстан үшін Германия тәжірибесінен жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тікелей халықтық сайлау, өкілетті орган құру және олардың өкілеттіктері бөлігінде пайдалану ұсынылады. Франциядан фискалдық орталықсыздандырудың жақсы мысалын алуға болады. Ал Финляндиядан азаматтардың бюджетті басқаруға қатысу белсенділігін арттыру тәжірибесін алу. Ондағы реформаның ең сәтті мысалы—мобильды қосымшамен байланыстырылған электронды портал ашу тәжірибесі және салық мөлшерлемесін еркін белгілей алу мүмкіндігін алуға болады.

ЖӨӨБ дың Қазақстандық моделі француз басқару тәжірибесі негізінде құрылған. Францияда, жергілікті органдардың үкіметтік билік өкілі болып табылатын және жергілікті қызметтің барлық бағыттарын анықтайтын, префектке негізгі рөл берілген. Жергілікті өзін өзі басқаруды жетілдіру саясатын жүзеге асыру үшін халықаралық тәжірибеге талдау жасау арқылы елдің ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, қоғаммен өзара әрекеттесу мен инновациялық тәсілдерді пайдалану қажет.

2 ҚР-ДАҒЫ ТӨРТІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БЮДЖЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстан республикасындағы бюджеттік бейорталықтандыруды талдау

Қазақстандағы төртінші деңгейлі бюджеттің енгізілуі мен бейорталықтандыру мәселелері ауылдық округтардың қаржылық және экономикалық дербестігін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Елімізде жүзеге асырып жатқан реформалар аясында жергілікті бюджеттердің дербестігін нығайту олардың шектеулі фискалдық өкілеттіктеріне байланысты әлі де ашық мәселе болып тұр. Бейорталықтандыруды жүзеге асыру барысында төртінші деңгейлі ауыл округтерінің бюджетін басқару мәселелері, ЖӨӨБ органдарына жергілікті халықтың жағдайын жақсарту үшін, маңызды қажеттіліктерін ескере отырып қаражатты дербес, тиімді жоспарлауға және пайдалануға мүмкіндік береді [77].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында «саяси қызметшілердің дербес жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін бейорталықтандыруға баса назар аудару қажет» екендігі атап өтілді [2, с. 3]. Сондықтан Үкімет бейорталықтандыру қағидаттары анықтау арқылы мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөнінде шаралар қарастыруда. Бұл ретте міндетті түрде мемлекеттік құрылымдар мен ЖӨӨБ органдарының жаңа қызметтерді орындауға дайындығы ескерілуі тиіс. Мемлекеттік басқару жүйесін бейорталықтандыру Үкімет шешімдерін дайындаудың сапасы мен жеделдігін арттыру арқылы басқару аппаратын қалыптастыруға мүмкіндік береді. ЖӨӨБ-дың шығындарын орталықтан қаржыландыру олардың азаматтар алдындағы есептілігін төмендетеді, себебі олар кемшіліктер орын алып сынға ұшыраған жағдайда орталық қаржыландырудың жеткіліксіздігін атауы мүмкін [78].

Мемлекеттік жергілікті басқаруды жергілікті атқарушы және өкілетті органдар іске асыратыны ҚР Конституциясымен айқындалады. Мәслихаттар жергілікті өкілетті органдар болып табылады, ал мемлекеттің атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін және тиісті аумақтардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес жалпымемлекеттік саясатты жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар аймақтардың даму жоспарларын, әлеуметтік, экономикалық бағдарламаларын, жергілікті бюджеттің қалыптастырылуын, орындалуын қамтамасыз етеді [79].

Қазақстанда ЖӨӨБ-ды бейорталықтандыру үрдісі еліміздің демократиялық дамуының маңызды элементі болып табылады. Бұл үрдіс саяси, фискалдық өкілеттіктерді жоғарыдан төменге беру және шешім қабылдауды орталық үкіметтен жергілікті деңгейге өткізумен сипатталады. Маңызды реформалардың бірі ретінде, билікті бейорталықтандыру бірнеше мақсатты көздейді және шешім қабылдау монополиясына қарсы тұру арқылы тұрақты демократиялық жүйе құруға бағытталады. Осы үрдісті қолдау арқылы, біз

Үкімет қызметінің тиімділігі пен ашықтықтығын арттыратын орталық және ЖӨӨБ органдары арасындағы қызметтердің дұрыс бөлістірілуіне қол жеткіземіз [80].

ҚР билікті орталықтандырудың жоғары дәрежесі қалыптасқан унитарлы мемлекет болып табылады. Дегенмен, біздің мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар аясында ЖӨӨБ маңызды рөл атқарады. Ел өңірлерінде жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар қызмет атқарады, бірақ олардың мүмкіндіктері әлі де шектеулі.

Қазіргі таңда, дүниежүзінде жаһандық нарықтарға ұлттық бәсекеге қабілеттілік пен фискалдық, әкімшілік бейорталықтандыруға ынталандыруды күшейту міндеті қойылып отыр [81]. Бейорталықтандыру нәтижесінде аймақтар мен жергілікті басқару органдары экономикалық дамуды тиімді жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие болады. Сайлау жүйесі әкімдердің барлық деңгейде сайлануына қарай өзгереді. Сонымен қатар бюджет үрдісіндегі мәслихаттардың рөлі күшейуі мүмкін. Мемлекеттік басқарудың субұлттық органдарына қосымша қаржылық мүмкіндіктер беруге болады және де оқыту, техникалық көмек, жергілікті орындарда саяси іс шараларды жүзеге асыру, нақты айтқанда бюджетті басқару саласы бойынша әдістемелік нұсқаулар ұсынуға болады. Түрлі халықаралық ұйымдарға қатысу бейорталықтандыру бағытында жүргізіліп жатқан реформаларға ерекше басымдық береді [77,б. 129].

Орталық үкіметтің шешім қабылдауға монополиясына қарсы тұру үшін билікті бейорталықтандыру үрдісі жүзеге асырылады. Оның бағыттары келесідей болады:

- Тұрақты демократиялық жүйе құру;
- Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру;
- Экономикалық даму үшін тұрақты негіз құруды ынталандыру;
- Ашық басқару;
- Шешім қабылдау үрдісіне азаматтарды тарту [78,р. 1-15].

Бейорталықтандыру ашықтық пен есеп беру қағидасын нығайтады. Есеп беру қағидасы жергілікті төменгі деңгейде жақсы жұмыс істейді, белгілі өкілеттіктерге ие үкімет өз міндеттерін орындауға жауапкершілікпен қарайды. Бейорталықтандыру, сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың шешім қабылдау үрдісіне қатысу деңгейін арттырады. Демократияландырудың маңызды элементі бола отырып, бұл үрдіс азаматтардың шешім қабылдау үрдісіне қатысуын күшейтеді. Бейорталықтандырудың негізгі тұжырымдамасы азаматтарға жақын субсолидарлық, басқару принципі болып табылады [82].

Бейорталықтандыру - саяси, фискалдық өкілеттіктерді орталық басқару органдарынан жергілікті деңгейге беру бойынша шешім қабылдау процесі ретінде анықталады. Бұл реформа бүкіл әлемде, негізінен саяси өзгерістерге ұшыраған елдерде демократияландыруға бағытталған.

Бейорталықтандыру үрдісі келесі деңгейлерден тұрады:

1. Орталықсыздандыру - орталықтың жұмыс көлемін азайтып, үкіметті азаматтарға жақындатады.

2. Жергілікті деңгейлі мекемелердің және мемлекеттік органдардың белгілі бір қызметтерді орындауына жолдама ашатын жауапкершілік пен өкілеттіктерді беру.

3. ЖӨӨБ-ға саяси билік, қаржылық және әкімшілік қызметтер беріледі.

Бейорталықтандыру саяси, бюджеттік және әкімшілік болып ажыратылады. Саяси бейорталықтандыру – бұл саяси билік пен өкілеттіктер орталықтан жергілікті атқарушы органдарға берілетін жағдай.

Бюджеттік бейорталықтандыру – бұл кірістер мен шығыстар үшін жауапкершіліктің орталықтан жергілікті деңгейге ауысуы.

Әкімшілік бейорталықтандыру - бұл үкіметтің мемлекеттік қызмет көрсету, шешім қабылдау өкілеттіктерін, жауапкершілігін және ресурстарын басқарудың төменгі деңгейлеріне беру болып табылады [83].

ЖӨӨБ-ды бейорталықтандыру - адам қызметінің барлық аспектілеріне әсер ететін нәтижелер беретін күрделі үрдіс. Бұл үрдістің негізгі мақсаты - азаматтарды шешім қабылдауға тарту. ЖӨӨБ-ды бейорталықтандыру субсидиарлық қағидасына негізделген, сондықтан қызметтерді ұсыну кезінде олар азаматтардың талаптары мен қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек [84].

Тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып, ЖӨӨБ органдары өз қажеттіліктерін орталық үкіметке ұсынады, осылайша азаматтар басқару жүйесінің қатысушылары болады. Азаматтар ЖӨӨБ органдарының негізгі шешімдерін бақылап отырып, аумақты басқаруға өз үлестерін қоса алатын болған жағдайда ғана басқарудың белсенді қатысушылары болып саналады. ЖӨӨБ-ды бейорталықтандыру бұл орталық үкімет пен ЖӨӨБ арасындағы қызметтерді бөлуді көздейтін реформа. Бұл тәсіл сұраныстарға жауап ретінде үкіметтік деңгейдегі трансформацияның ең қысқа жолы [85].


ҚР-да ЖӨӨБ-ды дамыту үшін келесідей шаралар қолданылуда: Қазақстан 2050 Стратегиясы, жалпы мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру, заңнаманы жетілдіру, ЖӨӨБ-ды дамыту тұжырымдамалары (2013-2020; 2021-2025), мемлекеттік қызметтерді бейорталықтандыру, әкімдердің сайлануы мен әкімдердің халық алдында есептілігін енгізу, бюджет қаражатын әзірлеу және бөлу жөніндегі өкілеттіктерді беру. Ал халық өз кезегінде кеңес құруды, сайлау компанияларына қатысуды, ауылдық жиындарды өткізуді, ауылдық жиындарда бюджетті талқылауға қатысуды арттырады [77,б. 129].

Қаржылық тәуелсіздік ЖӨӨБ органдарына жергілікті қаржыны тиімді басқарудағы құзыреттілік пен жауапкершілікті қарастырады. ЖӨӨБ органдары азаматтардың ең өзекті қажеттіліктері болып табылатын мәселелерге басымдық беріп, шешеді [86]. Бюджеттік бейорталықтандырудың негізгі мақсаты мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру [87].

Бейорталықтандыру үрдісі құзыреттерді жоғарыдан төменге беру арқылы ауылдық округтердің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтуге, жергілікті маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдау барысында халықтың белсенділігін арттыруға, ЖӨӨБ органдарының жауапкершілігі мен құзыреттілік деңгейлерін

арттыруға, ауылдық округтердің қаржылық негізін нығайтуға ықпал етеді [77,б. 129].

Төртінші деңгейлі бюджет, ауыл округтерінің маңызды мәселелерін ескере отырып, нақты қажеттіліктеріне қарай бюджетті қалыптастырып, оның тиімді орындалуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, ЖӨӨБ органдарының меншікті табыстарын арттыруға, бюджет қаражатын тиімді жұмсауға және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін болады (сурет 4).



Сурет 4 - Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің кірістері құрылымы

Ескерту - [88] дереккөз негізінде автор құрастырған

Жергілікті өзін - өзі басқару бюджетінің кірістер құрылымындағы суреттен көрініп тұрғандай, 2019 жылы 75,2% – трансферттер, 24,8% - меншікті кірістер, 2020 жылы – трансферттер - 86,5%, меншікті кірістер - 13,5%, 2021 жылы – трансферттер-82,9%, меншікті кірістер-17,1% құрайды. 2020 жылы 2019 және 2021 жылдармен салыстырғанда трансферттер көбірек бөлінді. Бұл өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне әсер етті, бұл үш жыл ішінде ең төменгі деңгейді көрсетеді (кесте 3) [77,б. 129].

Кесте 3 - Өңірлер бойынша дербес бюджеттердің меншікті кірістері (млрд. тг)

Облыс атауы	2019	2020	2021	2022	2023
1	2	3	4	5	6
Ақмола облысы	2, 2	2,7	2,4	4,5	5,9
Ақтөбе облысы	1, 0	1, 1	1,0	1,7	2,6
Алматы облысы	10, 2	10,7	10,0	11,3	17,6
Атырау облысы	1, 6	1,4	1,1	1,3	1,9
ШҚО	2, 4	2,6	2,4	2,9	2,7
Жамбыл облысы	2, 4	2,3	2,2	2,4	3,8
БҚО	2, 0	1,5	1,3	1,8	3,2

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Қарағанды облысы	1,0	1,2	1,2	2,1	2,6
Қызылорда облысы	1, 2	1,6	1,4	1,6	2,6
Қостанай облысы	1, 3	1,4	1,4	1,8	3,4
Манғыстау облысы	1,0	1, 4	1,5	1,7	2,6
Павлодар облысы	0,6	0,8	0,8	1,3	1,8
СҚО	1,0	1,2	1,2	1,7	2,9
Түркістан облысы	4, 3	3,7	4,0	5,1	8,2
Жетісу облысы	-	-	-	0,6	3,5
Абай облысы	-	-	-	0,3	1,9
Ұлытау облысы	-	--	-	0,07	0,4
Барлығы	32,2	33,6	31,9	42,08	67,7
Ескерту - [88,с. 5] дереккөз негізінде автор құрастырған					

Меншікті кірістерінің неғұрлым жоғары көрсеткіштері Алматы және Түркістан облыстарында байқалатынын көруге болады. Өйткені бұл аймақтар бізде ең тығыз қоныстанған. Халық саны бойынша Алматы облысы бірінші, екінші орын – Түркістан облысы. Онда халық саны 10000 адамнан асатын елді мекендер орналасқан. Бұл дербес бюджетті қалыптастыру кезінде жергілікті өзін-өзі басқарудың жоғары әлеуетін және салықтық және салықтық емес түсімдердің жеткілікті мөлшерінің түсуін пайдалануға мүмкіндік береді. Маңғыстау және Атырау облыстары «донорлар» деп аталатынына және республикалық бюджетке түсімдерді қамтамасыз ететініне қарамастан, олардың ауылдық округтерінде меншікті кірістерінің төмен көрсеткіштері байқалады. Осы облыстардың елді мекендері басқа өңірлердің ауылдық округтеріне қарағанда жоғары тұрған бюджеттен көп субсидиялар мен субвенцияларды талап етеді (кесте 4) [77,б. 129].

Кесте 4 - Қазақстандағы ауылдық бюджеттердің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейінің көрсеткіштері, млрд. теңге

Кірістердің атауы	2019	2020	2021	2022	2023
Барлығы, кірістер	129	252	187	222	319,6
Меншікті кірістер	32	34	32	42	67,7
Трансферттер	97	218	155	180	251,9
Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі (%)	24,8	13,5	17,1	18,9	21,2
Ескерту - [88,с. 5] дереккөз негізінде автор құрастырған					

Ауыл округтерінің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда төмендеді. Бұл 2019 жылға қарағанда 2020 жылы жоғары тұрған бюджеттен трансферттер көп болғандықтан төмендеді. Жоғары бюджеттен бөлінген трансферттерден басқа, көптеген ауылдық округтер 2020 жылы кіріс жоспарларын төмендетті. 2022 жылы ауыл бюджетінің өзін өзі қамтамасыз ету деңгейінің өсуі осы жылдың 1 қаңтарынан бастап төртінші

деңгейге 4 түрлі қосымша салықтардың берілуімен байланысты. Бюджет кірісінің көздері салық және бюджетке түсетін басқа да түсімдер болып табылады. 2023 жылы бюджеттің өзін өзі қамтамасыз ету деңгейі 21,2 % құрап өсім көрсетті. Сонымен қатар бюджеттің IV деңгейіне қосымша берілген 4 салықтар мен төлемдер есебінен 9.8 млрд теңге түсті (кесте 5). .

Кесте 5 – Салықтық кірістердің құрылымы (млн теңге)

Салықтық және салықтық емес түсімдер түрлері	2020 жыл			2021 жыл			2022 жыл			2023 жыл		
	жоспар	нақты	орындалуы (%)	жоспар	нақты	Орындалуы (%)	жоспар	нақты	Орындалуы (%)	жоспар	нақты	Орындалуы (%)
Барлығы	26,4	33,6	127,3	27,4	31,8	116,1	37,4	42,1	112,6	52,7	67,7	128,4
Соның ішінде												
Жеке табыс салығы	8,3	9,6	115,7	4,1	5,1	124,4	6,1	7,2	118,0	20,4	25,8	126,7
Мүлік салығы	0,7	0,8	114,3	0,9	1,2	133,3	1,3	1,5	115,4	1,3	1,5	116,4
Жер салығы	1,9	2,1	110,5	1,6	1,7	106,3	1,3	1,4	107,7	1,3	1,5	115,5
Көлік салығы	14,7	19,9	135,4	20,4	23,2	113,7	23,8	24,9	104,6	25,8	27,9	108,4
Сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлем	0,1	0,1	100,0	0,2	0,1	50,0	0,2	0,3	150,0	0,3	0,4	124,5
Салықтық емес түсімдер	0,7	1,0	142,9	0,3	0,6	200,0	0,3	0,5	166,7	0,3	0,6	179,7
Бірыңғай жер салығы	-	-	-	-	-	-	0,1	0,2	200,0	0,4	1,3	289,3
Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	-	-	-	-	-	-	2,0	2,8	140,0	2,9	3,9	133,4
Негізгі капиталды сатудан түскен түсім	-	-	-	-	-	-	2,2	3,4	45,5	3,1	4,9	158,2

Ескерту - [88,с. 5] дереккөз негізінде автор құрастырған

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің меншікті кірістері негізінен салық түсімдері есебінен қалыптасатынын көруге болады, олар 2021 жылы меншікті табыстың 97%, 2022 жылы меншікті табыстың 98,7% , 2023 жылы - 99,3%, ал салықтық емес түсімдер тиісінше 3%, 1,3% және 0,7% ғана құрайды. Ал салық түсімдерінің құрылымында түсімдердің жалпы көлемінің 73% - ы көлік құралдарына салынатын салықтан түсетін түсімдерді алады. ЖТС түсімдері 9647 млн теңгеден 5086 млн теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте олардың үлесі 29% - дан 16% - ға дейін төмендеді, жер салығы да 2050 млн теңгеден 1672 млн

теңгеге төмендеп, үлесі 6% дан 5% ға түскен, ал мүлік салығы бойынша түсімдер 782 млн нан 1153 млн ға ұлғайып үлесі 2% дан 3,6% ға көбейген.

«Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем» сияқты түсімдер түрінен түсімдер 140 млн теңгеден 246 млн теңгеге, ал 2023 жылы 357 млн теңгеге дейін өсті. Бұл түсімдерді жинау әкімдердің жергілікті қоғамдастықпен және кәсіпкерлермен белсенді жұмыс істеуіне, қаражаттың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталатынын түсіндіруге байланысты.

Сонымен қатар, коронавирустық пандемия жергілікті бюджеттердің толықтырылуына айтарлықтай теріс әсер етті. Карантиндік іс-шараларды жүргізу нәтижесінде ЖТС және шағын орта бизнес төлейтін салықтардың түсімдері төмендеді, оларға жергілікті бюджеттерге салық түсімдерінің үлкен үлесі тиесілі. Мүмкін, қазіргі жағдайда бюджет жүйесін аймақтарда көбірек салық қалдыратындай етіп өзгертіп, сол арқылы жергілікті билікті өздеріне сеніп тапсырылған аумақтарда экономиканы дамытуға ынталандыру керек шығар (кесте 6).

Кесте 6 - ЖӨӨБ бюджетінің меншікті кірістері түсімдерінің динамикасы 2023ж үшін облыстар бөлінісінде (млн теңге)

Облыс атауы	Ауылдық халық саны (адам)	Барлық кірістер (млн.т)	Соның ішінде салықтық және салықтық емес кірістер (млн.т)	Ауылдық округтер саны	өзін-өзі қамтамасыз ету үлесі
Барлығы	9660217	319 637	67 747	2401	21,2
Ақмола	600074	29 324	5 993	192	20,4
Ақтөбе	451406	18 509	2 643	141	14,3
Алматы	1458449	27 153	17 575	253	64,7
Атырау	354201	16 621	1 873	69	11,3
ШҚО	338172	13 285	2 729	112	20,5
Жамбыл	797114	24 151	3 828	154	15,8
БҚО	331591	14 413	3 172	152	22,0
Қарағанды	290692	23 171	2 648	168	11,4
Қызылорда	491216	27 796	2 572	146	9,3
Қостанай	589079	24 017	3 357	169	14,0
Манғыстау	581856	12 131	2 604	47	21,5
Павлодар	394807	17 398	1 791	129	10,3
СҚО	315068	20 911	2 968	191	14,2
Түркістан	1737654	17 669	8 164	181	46,2
Жетісу	502494	12 207	3 485	119	28,6
Абай	296568	13 386	1 927	140	14,4
Ұлытау	129776	7 495	418	38	5,6
Ескерту - [88,с. 5] дереккөз негізінде автор құрастырған					

Кестеден көріп отырғанымыздай республикалық орташа мәннен жоғары түсімдердің көлемі 4 облыстың ауылдық округтері бойынша байқалады (Алматы-3,9 млн. теңге, Маңғыстау – 3,1 млн. теңге және Түркістан облысы –

2,3 млн. теңге). 3 облыста орташа республикалық деңгейде (Ақмола облысында – 1,6 млн. теңге, Атырау – 1,5 млн. теңге және Жамбыл-1,3 млн. теңге). Бұл ретте ең аз түсімдер (1,0 млн. теңгеден төмен)

Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады.

Меншікті кірістерінің үлесіне келетін болсақ, дербес бюджетінің өзін-өзі қамтамасыз етуі жоғары облыстарға Алматы – 44,6%, Түркістан – 31,9% Маңғыстау – 28,1% және Ақмола-22,9% облыстары жатады. Дербес бюджетінің меншікті кірістері төмен облыстарға: Қызылорда – 9,3%, Павлодар – 9,8%, СҚО-10,8% облыстары жатады.

Бұл ретте 2023 жылы өсім төртінші деңгейлі бюджетке берілген жаңа кіріс көздерінің есебінен қамтамасыз етілді. Талдау барысында бір ауылдық округтің орташа бюджеті шамамен 95 млн. теңгені құрайтыны анықталды. Алайда ауылдық округтер бөлінісінде халық санына және ауылдық округтердің экономикалық белсенділігіне қарай ЖӨӨБ бюджеттеріндегі диспропорция байқалады. Сонымен, ең кіші ЖӨӨБ бюджеті шамамен 20 млн теңгені, ал ең үлкені - 2,5 млрд теңгені құрайды. Бұл біздің еліміздегі ауыл аймақтардағы тұрғындарының қоныстану тығыздығы әртүрлі болуымен байланысты.

Қазақстан үшін бейорталықтандыру басымдықтар мен негізгі сын-қатерлердің бірі болып табылады. Үкімет ЖӨӨБ-дың Еуропалық Хартиясына сәйкес басқару сапасын, тиімділігі мен пәрменділігін жақсарту бағытында, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың есептілігі мен дербестігін күшейту бағытында бейорталықтандыру реформасын жүзеге асыруда. Оның мақсаттары:

1. Ауылдық округтердің қаржылық дербестігін кеңейту және өз салықтары мен алымдарын белгілеу және жинау;

2. Басым тәртіппен меншікті жергілікті билік органдарына өткізу үрдісін аяқтау: сумен жабдықтау, жолдар, жергілікті маңызы бар мемлекеттік компаниялар және әлеуметтік-мәдени объектілер.

3. Жергілікті билік органдары өз бетінше шешім қабылдайтын білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған орта, тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік қызметтер, қоғамдық тәртіп және жол қозғалысы саласындағы жалпы қызметтер тұжырымдамасын қолданысқа енгізу. Осы мемлекеттік секторлардағы жергілікті билік органдарына қаражат бөлу объективті және ашық түрде жүзеге асырылатын болады.

4. Заңнаманы жетілдіру мақсаты.

5. Институционалдық мақсат.

6. Жергілікті әлеуетті нығайту [77,б. 129].

Бюджеттік бейорталықтандыру ЖӨӨБ органдарына заңда белгіленген қызметтерді орындау үшін қажетті қаржылық ресурстарды беруге бағытталған. Бұл реформа жергілікті қызметтердің саны мен сапасын жақсартуда жергілікті қолдау көрсету үшін жергілікті өзін-өзі басқару кірістерін арттыруға бағытталған. Төртінші деңгейдегі бюджеттің кіріс бөлігін кеңейту үшін салықтар мен төлемдердің қосымша түрлерін беру қарастырылды [78,р. 1-15].

Есеп беру бюджеттік бейорталықтандыру реформасының негізгі құрамдас бөлігі және фискалдық реформаны басшылыққа алатын негізгі тұжырымдама болып табылады. ЖӨӨБ органдары қауымдастықтың қажеттіліктері мен сұраныстарын тізімдеу арқылы өз шығындарына басымдық бере алады, бірақ бұл жергілікті биліктің жоғары жауапкершілігін талап етеді. Есеп беру басқарушы органдардың ашықтығын арттырады. Бұл міндетті түрде қаржылық әлеуетті, автономияның нақты дәрежесін толықтыруды талап етеді [89].

Фискалдық тұрғыдан орталықтандырылмаған жүйелерде салық түсімдерінің дербестігі жергілікті деңгейде есеп берудің қажетті тетігі болып табылады. Бұл механизм жергілікті билік органдарына фискалдық теңгерімсіздіктерді азайту, олардың қаржылық басымдықтарын болжау және жоспарлау үшін қажетті құралдарды ұсынады [90].

Қазақстандағы бейорталықтандыру елді демократияландыру бойынша маңызды реформалардың бірі болып табылады деп айта аламыз. Бұл реформа басқарудың екі деңгейінің функциялары мен жауапкершіліктерін неғұрлым нақты бөлуге бағытталған және қандай да бір жолмен жергілікті деңгейде белгілі бір тәуелсіздікті талап етеді. Дербестік жауапкершілікті талап етеді, яғни ЖӨӨБ органдары ұсынылатын қызметтердің сапасы мен саны үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Осы қағидаттардың барлығы әлі де дамудың бастапқы сатысында тұрған Қазақстандағы бюджеттік бейорталықтандыру реформасын басшылыққа алуға тиіс негізгі элементтер болып табылады. Реформаларды іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін Үкіметтік бағдарламалар жергілікті деңгейде мемлекеттік қызметтер көрсету үшін есептілік пен ашықтық негізін құра алатын институционалдық қатынастар мен ынталандыру тетіктерін қолдануға бағытталуы тиіс. Қаржылық ашықтықпен және тік бақылау тетіктерімен қатар қолданылатын жергілікті салық түсімдерінің біртіндеп ұлғаюы тиімділік пен есептіліктің жоғарылауын қамтамасыз етеді.

Сонымен Қазақстандағы бюджеттік бейорталықтандыру мәселелерін талдау негізінде келесідей қорытынды жасауға болады:

Қазақстандағы бейорталықтандыру елді демократияландырудың маңызды реформаларының бірі болып табылады. Бұл реформа функцияларды неғұрлым нақты бөлуге бағытталған және Үкіметтің жауапкершілігі және көптеген жергілікті деңгейлерде белгілі бір тәуелсіздікті талап етеді [77,б. 129].

Қазақстанда соңғы жылдары ЖӨӨБ органдарының дербестігін арттыру бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Олар:

- ауылдық округтер деңгейінде бюджеттің төртінші деңгейі енгізілді;
- бірқатар салықтар мен төлемдерден түсетін түсімдерді беру есебінен олардың экономикалық базасын қамтамасыз ету жүзеге асырылуда;
- жергілікті жерлерде, қаржы құралдары арқылы биліктің тәуелсіздігін арттыру бойынша қадамдар жасалды;
- аудандық, ауылдық деңгейде жалдау, жарнама және басқа көздерден түсетін кірістер қалыптасты.

ЖӨӨБ-дың дербес бюджетін енгізу, сондай-ақ, қазіргі таңда әлі толық қалыптаспаған «ЖӨӨБ-дың коммуналдық меншік» институтын құру қажеттілігін туғызады.

Ауыл аумағындағы барлық коммуналдық меншік ауданның коммуналдық меншігінің құрамына кіреді және оны аудан әкімдігі басқарады.

Заң жобасында Азаматтық кодексте және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға коммуналдық меншік ұғымын, осы меншікті қалыптастыру және басқару тәртібін айқындайтын нормалар енгізу қажет.

ЖӨӨБ-дың мүлкі жергілікті қазынаның мүлкінен (ЖӨӨБ бюджетінің қаражаты, коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген өзге де коммуналдық мүлік) және коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұратын болады.

ЖӨӨБ-дың коммуналдық мүлкін қалыптастыру және басқару тәртібі ауданның коммуналдық мүлкіне ұқсас жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте, ЖӨӨБ-дың коммуналдық меншігін басқару жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша ауыл әкімінің аппаратына жүктеледі.

Бейорталықтандыру бойынша негізгі ұсыныстар келесідей:

1. Төртінші деңгейлі бюджетке қосымша түсімдерді беру жолымен фискалдық бейорталықтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2. Басым тәртіпте меншікті ЖӨӨБ органдарына беру процесін аяқтау: сумен жабдықтау, жолдар, жергілікті маңызы бар мемлекеттік компаниялар және әлеуметтік-мәдени нысандар.

3. Жергілікті билік органдарының бюджеттік және қаржылық мәселелер бойынша есептілігін күшейту қажет: ауыл бюджеті туралы ақпаратты жұртшылыққа қолжетімді ету.

4. Жергілікті атқарушы органдарды өңірлердегі іскерлік белсенділікті арттыруға және кәсіпкерлікті дамытуға ынталандыру.

5. Жергілікті органдардың дербестігін арттыру мақсатында жергілікті органдарға қосымша салық және фискалдық өкілеттіктер беру қажет. Қосымша салық және фискалдық өкілеттіктер беру арқылы жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіздігін арттыру.

2.2 Ауылдық округтердің төртінші деңгейлі бюджетін талдау (түркістан облысы мысалында)

Төртінші деңгейдегі бюджетті енгізу және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру жолымен билікті бейорталықтандыру мәселелері Қазақстандағы ауылдық аумақтардың қаржылық және экономикалық дербестігін дәйекті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Зерттеуде Түркістан облысының 2018-2023 жылдардағы ауылдық бюджеттерінің деректері талданып, оның қалыптасуы мен орындалуына қатысты мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында ауылдық округтердің бюджеттерін қалыптастыру динамикасы мен құрылымын анықтау үшін экономикалық талдау әдісі қолданылды. Нәтижелер төртінші деңгейдегі

бюджеттердің трансферттерге үлкен тәуелділігін көрсетті, олар орташа алғанда жалпы кірістің 88%-н құрайды. Шығын бөлігіне келетін болсақ, білім беру шығындарынан басқа, шығындардың екі түрінің басым екенін көруге болады: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер және басқалар. ЖӨӨБ бюджетінің құрылымын жақсарту мақсатында оларға салықтың қосымша түрлерін беру, барлық мүлікке түгендеу жүргізу және ауылдық жерлерде шағын бизнестің дамуын ынталандыру ұсынылады [91].

2018 жылдан бастап Қазақстанда алдымен пилоттық режимде, ал 2020 жылдан бастап барлық жерде жергілікті өзін – өзі басқарудың дербес бюджеті, яғни бюджеттің төртінші деңгейі енгізілді. Бюджеттің төртінші деңгейі ауылдық округ әкімінің міндеттері мен қызметтерін қаржылық қамтамасыз етуге және әрбір ауыл әкімшілігінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға арналған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша, бір жағынан, ауылдық округтер бюджеттерінің трансферттерге үлкен тәуелділігі бар (88% - ға дейін), ал екінші жағынан, олардың басым бөлігі әкімшілік шығыстарға пайдаланылады. Бюджеттің осы түрін енгізу кезінде, керісінше, бұл қаржылық тәуелсіздік пен мемлекеттік басқаруды бейорталықтандыруға әсер етеді деп болжалды [92].

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты Түркістан облысының ауылдық бюджеттері мысалында бюджеттерді жоспарлау және орындау кезінде проблемалық аймақтарды анықтау және ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Талдаудың негізіне Түркістан облысының 2018-2023 жылдардағы ауылдық бюджеттері туралы ресми деректер алынды. Қазақстанда 4-ші деңгейдегі бюджет барлық жерде 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілгенін ескере отырып, біз Түркістан облысының 2018-2023 жылдарға арналған ауылдық бюджеттеріне талдау жүргіздік, ол бүгінгі күні халық саны бойынша Алматы облысынан кейін екінші орын алады. Мұндағы азаматтардың табысы Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда ең төмен болып табылады және кедей халықтың ең көп үлесі байқалады. Бюджеттің төртінші деңгейін енгізе отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту ауылдарда өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етуі тиіс.

ЖӨӨБ-дың дербес бюджетін қалыптастыру, дамыту мәселелері отандық ғалымдардың зерттеу мәселесін құрайды, олар төртінші деңгейдегі бюджетті енгізу арқылы, Қазақстанда ЖӨӨБ-ды дамыту ауылдық округтердің қаржылық дербестігін арттырып, меншікті табыстарын арттыруға ықпал ететінін атап келеді. Мәселен, бюджеттік салық саясаты саласындағы проблемаларды, институционалдық аспектілерді және ЖӨӨБ саясатын, Қазақстанда азаматтық қоғам институты ретінде жергілікті өзін – өзі басқаруды дамыту мәселелері, төртінші деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру және бағалау зерттелуде [93].

Шет елдерде де мемлекеттік басқаруды бейорталықтандыру және жергілікті органдардың қаржылық дербестігі мәселелері зерттелетінін атап өткен жөн. Мысалы, Ewa Kiryluk-Dryjska, Patrycja Веba Польшадағы әлсіз ауылдық жерлерді бағалау және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын

теңестіру үшін Еуропалық Одақтың аймақтық даму қорларын аймақтық бюджеттеу әдісін қолдануды ұсынады [94]. Matteo Picchio, Raffaella Santolini Италиядағы жергілікті муниципалитеттердің бюджеттерінің тиімділігі, соның ішінде оларға фискалдык шектеулер мен трансферттердің әсері туралы мәселені зерттеді. Авторлардың пікірінше, муниципалитеттердің бюджеттерін құру кезінде олардың географиялық және демографиялық гетерогенділігін ескеру қажет [95]. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық хартия оның жалпы принциптері мен ережелерін анықтайды, аумақты қорғау кепілдіктерін, Хартияға мүше елдер ұстанатын ішкі әкімшілік құрылымдарды анықтау құқығын белгілейді.

Қазақстанда жергілікті басқару бюджеттерінің дербестігі салыстырмалы түрде жақында енгізілгенін ескере отырып, алдыңғы мәселелерді одан әрі шешуге көмектеседі. Қазіргі уақытта елдегі 17 аймақтың тек 4-і ғана өз шығындарын өз бетінше жаба алады. Өңірлердің бюджеттік өзін-өзі қамтамасыз етуі әлі де төмен деңгейде және негізінен трансферттерден тұрады.

Бюджеттің төртінші деңгейі – ЖӨӨБ-дың қаржылық дербестігінің негізі, ол халықтың мүдделерін ескере отырып, қаражатты неғұрлым тиімді жоспарлауға және бөлуге мүмкіндік береді, жергілікті органдарға елді мекендердегі адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін ауылдық округтердің қаржылық негізін нығайтады. Төртінші деңгейлі бюджетті құрудың негізгі мақсаты - жергілікті мәселелерді шешуде ЖӨӨБ органдарының экономикалық, қаржылық дербестігін арттыру [96].

2018 жылға дейін Қазақстанда республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, Астана бюджетінен, аудандық бюджеттен (облыстық маңызы бар қала бюджеті) тұратын үш деңгейлі бюджет жүйесі жұмыс істеді. Аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық округтер жоғары тұрған бюджеттерден қаржыландырылды. Халқы екі мыңнан асатын ауылдық округтердің дербес бюджеттері 2018 жылдан бастап енгізіле бастады.

Ауылдық бюджеттер аудандық маслихаттың шешімімен бекітілгенге дейін жергілікті қоғамдастықтың жиналысында қаралады және талқыланады. Жергілікті қоғамдастық жиындары мен жиналыстары азаматтардың шешім қабылдауға қатысуының заңмен белгіленген нысандары болып табылады.


Бюджеттің IV деңгейіндегі кірістер тікелей ауыл бюджетіне түсетін жеке табыс салығынан, жеке тұлғалардан мүлік салығынан, жеке және заңды тұлғалардан жер салығынан, жеке және заңды тұлғалардың көлік салығынан, сондай-ақ әртүрлі төлемдерден, айыппұлдар мен трансферттерден құралады.

Ауылдық бюджеттер кірістерінің құрылымында салықтың 7 түрін қамтитын Салықтық түсімдер басым, ал салықтық емес түсімдер айыппұлдар, алымдар, коммуналдық меншіктен, мүлікті жалға беруден түсетін кірістер және басқалар түрінде ұсынылған [97].

Дамыған ЖӨӨБ, азаматтардың өздері төртінші деңгейдегі бюджетті қалыптастыруға тікелей қатыса отырып, өмір сүру сапасын жақсартатын шешімдерді таңдайды дегенді білдіреді. 2020 жылы өз бюджеттері бар елді мекендердің саны өсті.

Ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік мүлкін сатудан түскен ақша қаражаты Негізгі капиталды сатудан бюджеттерге түсетін түсімдер болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы ережелер ауылдық жерлерде тұрғындар шығындардың 19 түрінің қайсысына өз бюджетінің қаражаты жұмсалатынын анықтайды. Статистика комитетінің деректері бойынша Түркістан облысының құрамына 14 аудан, 3 облыстық маңызы бар қала, 4 аудандық маңызы бар қала, 8 кент, 10 ауыл және 177 ауылдық округ кіреді. Бүгінгі күні облыс халқының саны 2 063 412 адамды құрайды [57,с. 26].

Өңірлер бойынша 2023 жылғы халық саны, мың адам (сурет 5).




Сурет 5 - Қазақстан халқының облыстар бойынша саны

Ескерту - [57,с. 26] әдебиет негізінде автор құрастырған

Халық саны бойынша Түркістан облысы республикада Алматы қаласынан кейін 2 орын алады. Ең тығыз қоныстанған-Сайрам, Түлкібас, Келес, Мақтаарал, Жетісай, Ордабасы және Сарыағаш аудандары. Түркістан облысы халқының басым бөлігі ауылдық. Жалпы халық санындағы ауылдық тұрғындар үлесі 80,3% – ды, ал қала тұрғындарының үлесі 19,7% - ды құрайды. Облыстағы ауыл халқының үлесі Қазақстан Республикасының барлық облыстары арасында ең жоғары көрсеткішке ие. 2024 жылдың 1 қаңтарына облыс халқының саны 2142 мың адамды құрады. 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда халықтың табиғи өсімінің абсолюттік шамасы 45,5 мың адамды құрады (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейіне 94,3%) [81,с. 6].

Облыс бойынша 4 деңгейдегі бюджеттердің жалпы саны 181 құрайды, оның ішінде 177 ауылдық округтер мен 4 аудандық маңызы бар қалалардың бюджеттері (сурет 6).



Сурет 6 - Түркістан облысы аудандары бөлінісіндегі ауылдық округтердің саны

Ескерту - [97,с. 2] әдебиет негізінде автор құрастырған

Аудандар бөлінісіндегі ауылдық округтердің саны мынадай: Арыс қаласында – 6, Кентау қаласында– 4 , Бәйдібек ауданында – 11, Жетісай ауданында – 12, Қазығұрт ауданында – 13, Келес ауданында – 12, Мақтаарал ауданында – 11, Ордабасы ауданында – 10, Отырар ауданында – 13, Сайрам ауданында – 11, Сарыағаш – 13, Созақ – 12, Төлеби – 12, Түлкібас – 15, Шардара – 10 және Сауран-12 ауылдық округтері.

2018-2023 жылдарға арналған Түркістан облысының 181 ауылдық бюджетінің негізгі параметрлерін талдау 2022 жылдың қорытындысы бойынша ауылдық округтердің жалпы табысы 15909,0 млн теңгені, 2023 жылы - 17669,1млн.теңгені құрағанын көрсетеді Бұл ретте 5082,47 млн тг және 8164,4 тиісінше - бұл өз табысы, яғни ЖӨӨБ бұл көрсеткіші әлі де аз (кесте 7).

Кесте 7 - Түркістан облысының ауылдық бюджеттерінің құрылымы (млн тг)

Атауы	2018		2019		2020		2021		2022		2023	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Кірістер, барлығы	29926,7	10,0	3649,2,5	100	33 001,02	10,0	1400,5,4	10,0	15909,0	10,0	1766,9,1	10,0
Соның ішінде:												
Салықтық түсімдер	4,115,1	13,75	3 778,9	10,36	3 596,72	10,90	3949,9	28,20	4470,54	28,10	7209,9	41,3
Салықтық емес түсімдер	216,25	0,72	39,9	0,11	73,46	0,22	90,9	0,65	35,15	0,22	51,9	0,29

7 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	1,828	0,01	0,033	-	1,004	-	3,6	0,03	576,78	3,63	902,6	5,1
трансферттер	25593,5	85,52	32673,7	89,54	29329,84	88,88	9961,0	71,12	10826,53	68,05	9504,7	53,8
шығыстар	29396,9	-	36490,6	-	32820,2	-	14319,6	-	15642,2	-	17474,3	-
Дефицит(профицит)	529,80	-	1,9	-	180,8	-	-314,2	-	266,8	-	194832,5	-
Ескерту - Түркістан облысының ЖӨӨБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]												


7-кестеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің негізгі кіріс көздері трансферттер болып табылады, олардың үлес салмағы орта есеппен 76 % құрайды.

Салық түсімдерінің үлесі жылдар бойынша теріс динамиканы көрсетеді: 2019 жылы 3,39% - ға және 2020 жылы-2,85% - ға төмендеді, бұл пандемия кезеңінде ЖТС (жеке табыс салығы) салық төлеушілер санының азаюынан туындауы мүмкін, сондай-ақ 2023 жылға дейін ЖТС бойынша мораториймен байланысты.

Ал 2021 және 2022 жылдары кірістер құрылымындағы салық түсімдерінің үлесі оң динамиканы көрсетсе де, трансферттердің азаюы есебінен ЖӨӨБ бюджеттерінің жалпы кірістері айтарлықтай төмендеді.

Трансферттер 2019 жылы 4,2% - ға, 2020 жылы 3,36% - ға, 2021 жылы 14,4% - ға, 2022 жылы 17,5% - ға төмендеді. 2023 жылдың қаңтарынан бастап салықтық мораторийдің тоқтауына байланысты, жалпы кірістер де олардың құрамындағы салықтық кірістер сомасы да ұлғайған.

Трансферттердің қысқаруы аймақтағы көптеген инвестициялық жобалардың аяқталуына байланысты (сурет 7).



Сурет 7 - ЖООБ бюджеттері көрсеткіштерінің динамикасы (млн тг)

Ескерту - Түркістан облысының ЖООБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]

7-суреттен көріп отырғанымыздай, 2018, 2019, 2020, 2022, 2023 жылдары ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығыстары іс жүзінде бір-біріне тең және шағын профицит байқалады, тек 2021 жылы ғана шағын тапшылық байқалады. Трансферттер шамамен 82 % құрайтынын ескерсек, ЖООБ-дың мемлекеттік бюджетке үлкен тәуелділігін атап өтуге болады.

Салық түсімдерінің құрылымын егжей-тегжейлі қарастырайық (кесте 8).

Кесте 8 - ЖООБ бюджеттерінің салық түсімдерінің құрылымы (млн тг)


Салықтық түсімдер	2018		2019		2020		2021		2022		2023	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Барлығы салықтық түсімдер	4 115,1	10 0	3 778,9	10 0	3 596,7	100	3949,95	10 0	4470,54	10 0	7209,9	10 0
Соның ішінде:												
ЖТС	1 707,3	41,49	1 209,5	32,01	641,95	17,85	567,97	14,38	709,93	15,9	2745,4	38,1
Мүлік салығы	84,1	2,04	80,2	2,12	76,3	2,12	134,86	3,41	169,0	3,8	164,6	2,3
Жер салығы	226,9	5,51	285,2	7,55	284,7	7,92	197,03	4,99	129,2	2,9	135,4	1,9
Көлік салығы	2 091,7	50,83	2 196,2	58,12	2 582,1	71,79	3031,62	76,75	3343,77	74,8	3972,2	55,1
Бірыңғай жер салығы									40,3	0,9	74,2	1,0

8 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге ішкі салықтар	5,1	0,13	7,8	0,20	11,7	0,32	18,47	0,47	78,2	1,7	118,2	1,6
Ескерту - Түркістан облысының ЖӨӨБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]												

8-кестеден көріп отырғанымыздай, негізгі салық түсімдері ЖТС, жер және көлік салықтары болып табылады. Сонымен, ең үлкен үлес салмағын көлік салығы (65%) және табыс салығы (27%) алады. Бұл ретте көлік салығының үлесі өсуде. Мәселен, 2018 жылы ол 50,83%, ал 2023 жылы - 55,1% құрады. Ал жеке табыс салығының үлес салмағы 2018 жылғы 41,49% - дан 2022 жылы 15,88% - ға дейін төмендеді және 2023 жылы 38,1% құрады. 2022 жылғы салықтық түсімдерді 2018 жылдың түсімдерімен салыстырғанда жалпы салықтық түсімдер 355 млн. теңгеге өскенімен, жеке табыс салығы мен жер салығы бойынша түсімдер азайған, бұл 2023 жылға дейін шағын және орта бизнес салықтары бойынша мораториймен байланысты. Ал 2023 жылы салықтық каникулдардың тоқтауымен жеке табыс салығының түсімі 2035 млн.теңгеге өсіп, үлес салмағы 38,1% құрады.

Салықтардың қалған түрлері (мүлік салығы, жер салығы, тауарлар мен қызметтерге салынатын ішкі салықтар) елеусіз үлес салмағын алады (сурет 8).



Сурет 8 - Ауылдық бюджеттердің салықтық түсімдерінің серпіні (2018-2023 ж %)

Ескерту - Түркістан облысының ЖӨӨБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]

Тұтастай алғанда, ауылдық бюджеттер кірістерінің көлемі бойынша талданатын көрсеткіштер бойынша үш жылдық кезеңде біз тек көлік салығының үлес салмағының 2018 жылғы 50,83% - дан 2019 жылы 50,83% - ға және 2020 жылы 71,79% - ға ұлғаю үрдісін көріп отырмыз. Салықтардың қалған түрлері (мүлік салығы, жер салығы тауарлар мен қызметтерге салынатын ішкі салықтар) шамалы өскенін көрсетеді. Ал табыс салығының үлес салмағы 2018 жылғы 41,49% - дан (32,01%) және (17,85%) азайды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін ауылдық бюджеттердің кірістерімен бірге оның шығындары маңызды көрсеткіштер болып табылады. Бюджет кодексіне сәйкес Төртінші деңгейдегі бюджеттердің шығыстары шығындардың 19 түрі бойынша ұсынылған.

Түркістан облысының 5 жылдағы ауылдық бюджеттер шығындарының құрылымын талдаймыз (кесте 9).

Кесте 9 - Түркістан облысының ауылдық бюджеттері шығындарының құрылымы

Көрсеткіште р	2018		2019		2020		2021		2022		2023	
	млн. тг	%	млн. тг	%	млн. тг	%	млн. тг	%	млн. тг	%	млн. тг	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Шығыстар, барлығы,	2939 6,9	100	3649 0,6	10 0	3282 0,2	10 0	14319 ,6	10 0	15642 ,2	10 0	1747 4,3	10 0
Соның ішінде:												
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 13 7,7	17,4 8	6 55 2,5	17, 96	6 63 3,5	20, 21	8806, 2	61, 5	10361 ,3	66, 2	1149 8,4	65, 8
Білім	2058 3,5	70,0 2	2377 1,4	65, 14	1709 8,8	52, 1	-	-	-	-	-	-
Әлеуметтік қамсызданд ыру және әлеуметтік көмек	53, 7	0,18	69, 1	0,1 9	81,6	0,2 5	109,8	0,8	140,2	0,9	42,7	0,2
ТҮКШ	2 19 9,3	7,48	4 71 4,4	12, 92	3814 ,2	11, 62	3678, 4	25, 7	3461, 4	22, 1	4594 ,4	26, 3
Көлік және коммуникац ия	919, 7	3,13	712, 6	1,9 6	807, 2	2,4 6	1090, 0	7,6	1063, 3	6,8	763, 5	4,3 7
Мәдениет және спорт	98,0 2	0,33	99,0 2	0,2 7	52,7	0,1 6	87,9	0,6	102,6	0,7	89,2	0,5 1
Денсаулық сақтау	0,13 3	-	0,08	-	0,3	-	0,2	-	0,1	-	0,13 3	-
Өзгелері	292, 6	1,0	548, 6	1,5 0	1 58 0,2	4,8 1	15,4	0,1	24,8	0,2	8,2	0,0 4

9 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Трансфертер	112,3	0,38	22,9	0,06	2751,6	8,39	531,7	3,7	488,5	3,1	477,8	2,73
Ескерту - Түркістан облысының ЖӨӨБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]												

9-кестеден көріп отырғанымыздай, 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі ауылдық бюджеттер шығындарының құрылымында «білім беру» басым шығындар тобы болып табылады, олар 2018 жылы 20583,5 млн теңгені немесе 70,02% құрады, бірақ 2020 жылы бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 16,9% - ға төмендеді, ал 2021 және 2022, 2023 жылдары бұл бап мүлдем қарастырылмаған. 2021 және 2022, 2023 жылдары шығындардың басым тобы жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер болып табылады, олар тиісінше 61,5%, 66,2% және 65,8% құрады. 2018 жылы жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге арналған шығыстар 5 137,7 млн теңгеге немесе 17,48% - ға тең болды, олар 2023 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 123,8% - ға өсіп, 11498,4 млн теңгені құрады. "ТҮКШ" шығыстарының бабы 2018 жылы 2 199,3 млн теңгені құрады, ол шығындар құрамының 7,48 %, 2023 жылы бұл көрсеткіш 26,3 % - ға өсті. 2018 жылы трансферттерге 112,3 млн теңге бөлінді, 2023 жылы олар 477,8 млн теңгені құрады, яғни 3.5 есе өсті. Сонымен қатар, шығындар әлеуметтік көмек, көлік және коммуникация, мәдениет және спорт және денсаулық сақтау салаларына арналған (кесте 10).

Кесте 10 - Ауылдық бюджеттер шығындарының өзгеру динамикасы(млн тг)

Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021	2022	2023	Өзгерістер	
							млн тг	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Шығыстар, барлығы,	29396,9	36490,6	32820,2	14319,6	15642,2	17474,3	-11922,6	-40,6
Соның ішінде:								
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 137,7	6 552,5	6 633,5	8806,2	10361,3	11498,4	6360,7	+123,8
Білім	20583,5	23771,4	17098,8	-	-	-	-	-
Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	53,7	69,1	81,6	109,8	140,2	42,7	-11	-20,5
ТҮКШ	2 199,3	4 714,4	3814,2	3678,4	3461,4	4594,4	2395,1	108,9

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Көлік және коммуникация	919,7	712,6	807,2	1090,0	1063,3	763,5	-156,2	-16,9
Мәдениет және спорт	98,02	99,02	52,7	87,9	102,6	89,2	-8,82	-8,9
Денсаулық сақтау	0,133	0,08	0,3	0,2	0,1	0,133	-	-
Өзгелері	292,6	548,6	1 580,2	15,4	24,8	8,2	-284,4	-97,2
Трансферттер	112,3	22,9	2 751,6	531,7	488,5	477,8	365,5	325,5
Ескерту - Түркістан облысының ЖӨӨБ бюджетінің 2018-2023 жылдарға арналған атқарылуы туралы есептің деректері бойынша автор құрастырған [97,с. 2]								

Осылайша, облыс бойынша ЖӨӨБ бюджеттерінің жалпы шығыстары 2018 жылы – 29396,9 млн.теңгені, 2019 жылы – 36490,6 млн. теңгені, 2020 жылы – 32820,2 млн. теңгені, 2021 жылы -14319,6, 2022 жылы - 15642,2, 2023 жылы - 17474,3 теңгені құрайды. 2019 жылы жылдар бойынша шығындарды 7093,7 млн.теңгеге және 2020 жылы 3423,3 млн. теңгеге ұлғайды. Ал 2021-2023 жылдары шығындар тиісінше 15077,3, 13754,7 және 11922,6 млн. теңгеге азайды. 2018 жылы жалпы өңір бойынша шығыстардың негізгі үлесі білім беруге, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге тиесілі. 2019-2020 жылдары бұл үрдіс сақталды. 2021-2023 жылдары шығыстардың негізгі үлесі жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер мен ТҮКШ-ға тиесілі. 2023 жылы ЖӨӨБ бюджетінің жалпы шығыстары 40,6% - ға, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмек 20,5% - ға қысқарды, шығындар құрамында жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге арналған шығыстар 123% - ға, , ТҮКШ-ға 108,9% - ға, трансферттер 3 есе ұлғайды.

11-кестеде 2018 жылдан 2023 жылға дейін атқарылған бюджеттің шығыстары мен кірістері бойынша деректер келтірілген.

Кесте 11 - Бюджеттің шығыстары мен кірістері(2018-2023 жж) мың.т

	2018	2019	2020	2021	2022	2023
1	2	3	4	5	6	7
I. Кірістер	29 926	36 492	33 001	14 005	15 909	17 669
	718,3	494,5	020,5	405,4	002,1	118,1
Салықтық түсімдер	4 115	3 778	3 596	3 949	4 470	7 209
	121,2	933,0	721,1	949,3	543,3	941,9
Салықтық есес түсімдер	216	39 878,5	73	90 866,8	35	51
	247,4		458,5		147,4	875,0
Негізгі капиталды сатудан түскен кірістер	1 827,7	33,0	1 004,9	3 584,6	576	902
					776,0	608,3
Трансферттер түсімдері	25 593	32 673	29 329	9 961	10 826	9 504
	522,0	650,0	836,0	004,7	535,4	693,0

11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
II. Шығыстар	29 396 915,0	36 490 637,9	32 820 222,5	14 319 588,8	15 642 163,6	17 474 285,6
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 137 746,7	6 552 524,7	6 633 520,3	8 806 161,0	10 361 274,8	11 498 358,6
Білім беру	20 583 521,4	23 771 380,1	17 098 836,4	0,0	0,0	0,0
Денсаулық сақтау	133,0	86,0	311,0	203,0	133,0	130,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	53 663,8	69 115,8	81 614,2	109 830,0	140 172,2	42 722,7
Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	2 199 346,1	4 714 440,6	3 814 236,4	3 678 427,7	3 461 366,3	4 594 385,9
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	98 022,4	99 035,6	52 651,9	87 887,5	102 584,5	89 161,9
Көлік және коммуникация	919 661,2	712 568,8	807 171,0	1 090 007,6	1 063 323,2	763 518,2
Өзгелер	292 555,4	548 614,4	1 580 247,2	15 372,0	24 832,4	8 163,4
Трансферттер	112 265,0	22 872,0	2 751 634,0	531 700,0	488 477,1	477 844,8

Айнымалы белгілерді енгізейік:

D01 – бюджет кірістері;

Nalog – салықтық түсімдер;

N-Nalog – салықтық емес түсімдер;

OF – негізгі қорларды сатудан түскен түсімдер;

Tr-p – трансферттік түсімдер;

Z – бюджет шығыстары;

Oz – жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер;

Kz – тұрғын үй коммуналдық шаруашылық шығыстары.

Корреляциялық талдауды қолдана отырып, бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы байланысты зерттейміз.

Кесте 12

Correlation					
Probability	D01	N_NALOG	NALOG	OF	TR_P
D01	1.000000				

N_NALOG	0.201205	1.000000			
	0.7023	-----			
NALOG	-0.468699	-0.216065	1.000000		
	0.3484	0.6809	-----		
OF	-0.578285	-0.431433	0.898012	1.000000	
	0.2293	0.3930	0.0151	-----	
TR_P	0.990525	0.220202	-0.585071	-0.674467	1.000000
	0.0001	0.6750	0.2225	0.1417	-----

12-кестеде 2018 – 2023 жылдардағы бюджеттің кіріс бөлігінің көрсеткіштері арасындағы жұптасқан корреляция коэффициенттерінің мәндері келтірілген. Кестенің бірінші жолында айнымалылар арасындағы жұптасқан корреляция коэффициентінің мәндері, ал екінші жолда нөлдік гипотезаны қабылдау ықтималдығы көрсетілген. Нөлдік гипотеза: корреляция коэффициенті нөлге тең, яғни байланыс расталмаған.

5% маңыздылық деңгейінде D01:TR_P, NOLOG: of арасындағы корреляция коэффициенттері маңызды болады. Бізде бюджет кірістері мен түскен трансферттер арасында жоғары корреляциялық байланыс бар, тиісті корреляция коэффициенті бірлікке жақын және 0,9905-ке тең. Салық түсімдері мен негізгі құралдарды сатудан түскен кірістер арасындағы байланыс расталды, корреляция коэффициенті 0,898. Қалған қатынастар расталмаған (кесте 13).

Кесте 13

Correlation				
Probability	NALOG	OZ	Z	KZ
NALOG	1.000000			

OZ	0.739296	1.000000		
	0.0931	-----		
Z	-0.477290	-0.806358	1.000000	
	0.3384	0.0526	-----	
KZ	0.354649	0.460916	0.042078	1.000000
	0.4903	0.3576	0.9369	-----

13-кестеде корреляцияның маңызды жұптық коэффициенттері жоқ. 10% маңыздылық деңгейінде біз жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер (OZ) мен салық түсімдерінің мөлшері (NALOG) арасындағы байланысты расталған деп санай аламыз. Шығындар (Z), жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер (OZ) және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары (KZ) арасында корреляциялық байланыс жоқ (кесте 14).

Кесте 14


Correlation					
Probability	TR_P	Z	D01	NALOG	OF
TR_P	1.000000				

Z	0.991737	1.000000			
	0.0001	-----			
D01	0.990525	0.999613	1.000000		
	0.0001	0.0000	-----		
NALOG	-0.585071	-0.477290	-0.468699	1.000000	
	0.2225	0.3384	0.3484	-----	
OF	-0.674467	-0.589207	-0.578285	0.898012	1.000000
	0.1417	0.2185	0.2293	0.0151	-----


14-кестеде біз расталған жұптық қатынастарды бөлдік. Кірістер мен шығындар арасындағы байланысты іс жүзінде детерминирленген деп санауға болады, корреляция коэффициенті 0,9996, шашырау диаграммасы 9-суретте көрсетілген.

Түскен трансферттер (TR_P) мен шығындар (Z) арасындағы жоғары корреляциялық байланыс; түскен трансферттер (TR_P) және кірістер (D01). Шашырау диаграммалары сәйкесінше 9 және 10 суреттерде берілген.


Салық түсімдері мен негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер арасында расталған корреляциялық байланыс бар, корреляция коэффициенті 0,898 құрайды. Шашырау диаграммасы 9-суретте көрсетілген.




Сурет 9 - Шығындар мен кірістер арасындағы шашырау диаграммасы



Сурет 10 - Трансферттер мен шығындар арасындағы шашырау диаграммасы



Сурет 11 - Трансферттер мен шығындар арасындағы шашырау диаграммасы



Сурет 12 - Салық түсімдері мен негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің шашырау диаграммасы

Расталған тәуелділіктер үшін жұптық регрессияларды құрайық.

15-кестеде кірістер мен шығындар арасындағы регрессиялық модельдің бағалары келтірілген.

Кесте 15

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
D01	0.991373	0.013797	71.85211	0.0000
C	68046.49	359696.4	0.189178	0.8592
R-squared	0.999226	Mean dependent var		24357302
Adjusted R-squared	0.999032	S.D. dependent var		9678035.
S.E. of regression	301067.9	Akaike info criterion		28.32926
Sum squared resid	3.63E+11	Schwarz criterion		28.25985
Log likelihood	-82.98778	Hannan-Quinn criter.		28.05139
F-statistic	5162.726	Durbin-Watson stat		2.265667
Prob(F-statistic)	0.000000			

Бұл теңдеудегі тұрақты мән маңызды емес, өйткені ол үшін Prob 0,898-ге тең, бұл 0,05-тен үлкен. 5% маңыздылық деңгейінде біз нөлдік гипотезаны қабылдаймыз. Тұрақты нөлге тең. Біз оны алып тастаймыз.

Кесте 16

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
D01	0.993826	0.004236	234.6286	0.0000
R-squared	0.999219	Mean dependent var		24357302
Adjusted R-squared	0.999219	S.D. dependent var		9678035.
S.E. of regression	270485.3	Akaike info criterion		28.00483
Sum squared resid	3.66E+11	Schwarz criterion		27.97013
Log likelihood	-83.01450	Hannan-Quinn criter.		27.86590
ЖӨӨБ бюджеттерінің бюджеттік қамтамасыз етілуін реттеуді жетілдіру, аумақтардың салықтық әлеуетін пайдаланудың тиімділігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының кіріс базасын дамытуға мүдделілігін және салық түсімдерінің жиналуын арттыру өңірлерді қаржылық тұрақтандыру шарттарының бірі болып табылады. Әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің тепе-теңдігіне қол жеткізу және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, барлық деңгейдегі бюджеттер арасында салық кірістерін бөлу критерийлерін нақты және сапалы белгілеу қажет. Бюджеттердің теңгерімділігі мен дербестігі оларды қалыптастырудың негізгі қағидаттары болып табылатыны кездейсоқ емес. Бюджетаралық қатынастардың қатаң белгіленген жүйесінің болмауы бюджетаралық салықтық бөлуді заңнамалық қамтамасыз етуді қарастыру кезінде одан да айқын көрінеді. Бір жағынан, салық заңнамасына сәйкес әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің кірістеріне жекелеген салықтарды есептеу жүргізілетін тиісті мөлшерлемелер белгіленді. Екінші жағынан, салық түсімдерінің сомаларын бөлу тек салық заңнамасымен ғана емес, сонымен бірге Бюджет заңнамасымен де реттеледі, ал бұл процесті бір немесе басқа салаға жатқызу жүйесі жоқ. Жекелеген өңірлік салықтар түсімдерінің сомаларын бөлу салық заңнамасында да белгіленген.

ЖӨӨБ бюджеттеріндегі өз кірістерінің төмен үлесі жергілікті жерлерде салық әлеуетін ұлғайтуға, бюджет жүйесіне салықтардың уақтылы және толық түсуіне қызығушылықты айтарлықтай төмендетеді; жергілікті бюджет шығыстары мен кірістерінің сәйкес келмеуі тек ауылдық округтерді ағымдағы күтіп-ұстау мүмкіндігін негіздейді, қаражаты дамытуға қалмайды. Басқарудың нарықтық принциптерінің дамуымен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экономикалық функциялары кеңейіп, күрделене түседі, жүргізіліп жатқан реформалардың ауырлық орталығы бюджеттік жүйенің төменгі деңгейлеріне ауысады. Өкінішке орай, ауылдық аумақтардың қаржылық әлеуетін барабар нығайту әлі баяу жүруде. Жергілікті бюджеттердің кіріс базасын нығайту және олардың дербестігін дамыту проблемаларын ойдағыдай шешу бюджеттік қатынастарды бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар бюджеттің өңірлер мен тұтастай алғанда ел экономикасын қаржылық сауықтыру процестеріне әсерін күшейтуге мүмкіндік береді. Жергілікті бюджеттердің кіріс құрамдас бөлігін нығайтудың негізгі бағытын біз ауылдық аумақтардың бюджеттік қамтамасыз етілуін реттеуді оңтайландырудан көреміз. Қазіргі кезеңде ауылдық аумақтардың бюджеттік қамтамасыз етілуін реттеуді оңтайландырудың мақсаты, біздің ойымызша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрақты қаржылық негізін құру болып табылады. ЖӨӨБ бюджеттерінің кірістерін қалыптастырудың проблемалық мәселелерін шешу үшін мынадай мәселелерді шешу қажет болып көрінеді:

- бюджет жүйесінің деңгейлері арасында кіріс көздерін бөлуді оңтайландыру;
- ЖӨӨБ бюджетін басқарудың тиімділігін арттыру.

Бюджет жүйесінің деңгейлері арасында кіріс көздерін оңтайлы бөлу: соңғы жылдары трансферттер тетігіне назар аудара отырып, салық көздерін бюджет жүйесінің деңгейлері арасында бөлу туралы мәселесі шетте қалды. Олардың бюджеттік реттеудің жалпы сомасындағы үлес салмағы салыстырмалы түрде төмен болып қала береді. Мұнда ҚР бюджет жүйесінің басты кемшіліктерінің бірі - өз кірістерінің төмен деңгейінің салдары ретінде, яғни ЖӨӨБ тиісті бюджетіне толық немесе ішінара бекітілген бюджетаралық қатынастардың тым үлкен саласы байқалады. Біздің ойымызша, біздің елімізде әрбір түрдегі салықтарды тиісті бюджетке есептей отырып, мемлекеттік, аймақтық және жергілікті салықтарды бөлудің мұндай жүйесін құру мүмкін емес, ол кем дегенде кез келген деңгейдегі бюджеттің мүдделерін шамамен қанағаттандырады. Ауылдық округтер толыққанды дербес бюджеттерді қалыптастырудың меншікті көздерінің тапшылығын сезінуде. Бюджеттерді теңгерімдеу міндеті әр деңгейдегі билік органдарының функциясы екенін ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына салықтар мен алымдардың көптігіне әкелмейтін кейбір салық салу құқықтарын беру маңызды. Олар үшін ең жақсысы салықтардың бірінің ставкасына шектеулі аумақтық үстемеақы белгілеу құқығы болар еді. Жоғарыда аталған қағидатты іске асырудың басты проблемасы өңірлік және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру үшін салық базасының жеткіліктілігін қамтамасыз ету болып табылады. Біздің ойымызша, шетелдік тәжірибені ескере отырып, жер салығы ЖӨӨБ бюджеттерінде ең маңызды салық болуы тиіс. Заңды тұлғалардан мүлік салығын жергілікті билік деңгейіне бекітудің заңдылығы осы салықтан түсетін түсімдердің тұрақтылығына, бөлудің біркелкілігіне байланысты. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары осы салық бойынша салық базасын қалыптастыруға ықпал ете алатындығын және осы салықтың жиналуын жақсартуға ықпал ететін жылжымайтын мүлік операцияларын тиімді басқара алатындығын атап өткен жөн. Бірінші кезеңде бұл салықты енгізу жер салығы мен жеке тұлғалардың мүлік салығынан басқа, жергілікті бюджеттерге ұйымдардың мүлік салығының 100 пайызын бекіту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. ЖӨӨБ бюджеттерінің кірістер құрылымында реттеуші кірістер мен қаржылық көмек емес, жергілікті және ұзақ мерзімді негізде бекітілген республикалық және өңірлік салықтар айқындалушы болуға тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың салық салынатын базасын жетілдіру, ЖӨӨБ бюджетінің сенімді жеке базасын құру үшін заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды, лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемді, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді жергілікті салықтар санатына жатқызу орынды болар еді.

ҚР Бюджет және Салық кодекстеріне өзгерістер енгізу жағдайында жер мен мүлік ауылдық аумақтардың қаржы ресурстарының негізіне айналады. Дәл осы екі компонент ЖӨӨБ бюджеттерінің кірістерінің негізін құруы керек. Жер мен мүлікті пайдаланудың нарықтық тетіктері олардың салықтық емес кірістерінің айтарлықтай өсуіне ықпал етуі керек. Алайда, қазіргі уақытта

мемлекеттік, аймақтық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы жерді бөлу процесі ауылдар аумағындағы жерлердің мемлекет субъектілеріне көбірек тағайындалуына әкеледі. Ауылдық аумақтардың мүдделерін бірінші орынға қоя отырып, жер ресурстарын бөлу тәртібін өзгерту қажет. Ауылдық округтер жерді өз меншігінде сақтау қажеттілігін дәлелдеуі керек, ал мемлекеттік органдар қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің аумақтарындағы жер учаскелеріне деген қажеттіліктерін негіздеуі керек.

Бүгінгі таңда ауылдық округтердің кіріс базасын ұлғайтудың шұғыл қажеттілігі бар.

Аймақтардың бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру және шығыстардың бағыттарына сәйкес мемлекет кепілдік берген қызметтерді ұсыну үшін, Бюджет кодексінде республикалық, облыстық бюджеттер, Республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеу құралдары көзделген.

Мұндай құралдарға жалпы сипаттағы трансферттер (бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар), нысаналы трансферттер (нысаналы ағымдағы трансферттер және даму трансферттері) және кредиттер жатады.

Салық заңнамасының нормаларына сәйкес бірыңғай жер салығын және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады (Салық кодексінің 564, 706-баптары) [61, с. 10].

Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер және жер учаскелерін жалға алу құқығын сатқаны үшін төлемдер Жер кодексінің 9-бабымен реттеледі және жергілікті бюджетке де түседі.

Жоғарыда аталған салықтарды бюджеттің 4 деңгейіне беру шартымен жер учаскелерін сатуға және жалға алуға байланысты функцияларды айқындау, осы функцияларды аудандық деңгейде қалдыру немесе ауылдық округтердің әкімдеріне беру қажет. Егер ауылдық округтердің әкімдеріне берілсе, онда олардың аппараттарында шарттар жасасу және аукциондар өткізу жөніндегі функцияларды орындайтын заңгер болуы тиіс, яғни қосымша штат саны қажет болады.

Қазіргі уақытта төртінші деңгейлі бюджет үшін салық түсімдерінің мынадай түрлері көзделген: ЖТС, мүлік салығы, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығы, көлік салығы, сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлем. Дербес бюджеттің меншікті кірістері мен өзін өзі қамтамасыз етуін арттыру мақсатында 2022 жылдан бастап тағы да 5 салық түрі осы бюджеттің төртінші деңгейіне берілді: заңды тұлға мүлкіне салынатын салық, бірыңғай жер салығы, жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы, жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы (кесте 31).

Кесте 31 - ЖӨӨБ бюджетіне қосымша берілген салық түрлерінен түсімдер, мың. тенге

Облыс	Салық түрлері					
	104101 Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы	104501 Бірыңғай жер салығы	105315 Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем	105316 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	303101 Жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер	303202 Жер учаскесін жалға беру құқығын сату үшін төлем
Барлығы	236 837 458	389 544	17 284 003	82721453	13 561 992	2 748 861
Ақмола	8 338 179	32 910	1 156 732	3 331 304	1 372 967	243 276
Ақтөбе	23 828 515	18 687	903 641	7 993 188	536 877	272 607
Алматы	19 679 178	62 259	423 326	1 602 392	1 417 652	20 196
Атырау	52 934 471	3 785	494 963	9 313 825	1 230 721	267 896
ШҚО	12 945 023	36 155	969 189	7 046 934	736 738	146 453
Жамбыл	13 257 916	26 978	234 205	3 668 445	709 584	137 806
БҚО	4 458 198	18 225	277 489	2 131 745	743 959	240 304
Қарағанды	22 177 481	23 400	3 681 225	18 499 513	598 638	302 458
Қызылорда	10 151 368	8 768	166 478	1 101 344	531 437	87 231
Қостанай	6 818 064	38 371	2 601 885	7 771 371	258 308	236 232
Маңғыстау	23 574 515	4 839	879 892	109 225	3 490 223	429 644
Павлодар	22 177 481	23 400	3 681 225	18 499 513	357 401	302 458
СҚО	3 476 068	32 727	1 534 023	1 997 788	367 265	52 044
Түркістан	13 021 001	59 040	279 730	-345 134	1 210 222	10 256

Маңғыстау және Атырау облыстары «донорлар» деп аталатынына және республикалық бюджетке түсімдерді қамтамасыз ететініне қарамастан, ЖӨӨБ-ға берілген салық түрлері бойынша жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің көлемін талдай отырып, олардың ауылдық округтерінде салықтардың төмен түсуі байқалады (кесте 32).

Кейіннен осы облыстардың елді мекендері аймақтардың басқа ауылдық округтеріне қарағанда жоғары тұрған бюджеттен субсидиялар талап етеді.

Кесте 32 - Түркістан облысы жергілікті өзін өзі басқару бюджетіне жаңадан қосылған салықтардан түсімдер (2023 ж)

Салықтар атауы	Сума (мың.тенге)
104101 Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы	13 021 001
104501 Бірыңғай жер салығы	59 040
105315 Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем	279 730
105316 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	-345 134
303101 Жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер	1 210 222
303202 Жер учаскесін жалға беру құқығын сату үшін төлем	10 256

Түркістан облысы бойынша эмиссия үшін салық 2019 жылы мерзімінен бұрын төленді, осыған байланысты 2020 жылы қайтару болды, бұл ретте 2021 жылға арналған жоспар-2575,0 млрд.теңге. Маңғыстау облысында ірі компаниялардан аз түсім, бұл ретте салық басқа КБК бойынша жергілікті бюджетке есептелді, 2021 жылға арналған жоспар – 2207,0 млрд.теңге.

Бюджетке түсетін түсімдерді жоспарлы болжау «салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Салық кодексі), Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет кірістерін болжау кезінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының номиналды макроэкономикалық көрсеткіштері қолданылады. Кірістердің болжамды түсімдерін есептеуде салық есептілігінің көрсеткіштері туралы, мемлекеттік статистика деректері, мемлекеттік органдардың материалдары пайдаланылады.

Бюджетке түсетін түсімдерді болжау кезінде салық кодексіне және Бюджет кодексіне енгізілген өзгерістер ескеріледі.

Түсімдерді болжау оңтайлы болжамды көрсеткіштерді анықтау мақсатында есептеудің бірнеше әдістерімен жүзеге асырылады.

Жоспарлы кезеңге түсімдердің болжамдарын айқындау кезінде база үшін ағымдағы қаржы жылы бойынша түсімдерді бағалау қабылданады.

Жоспарлы кезеңге арналған салық әлеуетін бағалауды айқындау кезінде база ағымдағы қаржы жылы бойынша салық әлеуетін қабылдайды.

Түсімдерді (салық әлеуетін) бағалауды есептеу әдістері салық түсімдерін болжау кезінде есептеу негізі ретінде қабылданатын базаға байланысты әр түрлі болады.

Салық түсімдерін болжау мынадай әдіспен жүзеге асырылады:

Есепті қаржы жылындағы нақты түсімдерді инфляция деңгейіне индекстеу жолымен, формула бойынша:

$$P = P_p * (100\% + I), \text{ мұндағы:}$$

P - ағымдағы қаржы жылы бойынша түсімдерді болжау немесе бағалау;

P есепті қаржы жылындағы нақты түсімдер (бағалау үшін) немесе ағымдағы қаржы жылын бағалау (болжам үшін);

I-инфляция деңгейі, %;

2023-2027 жылдарға арналған облыс бюджетінің болжамы экономика салаларын дамытудың болжамды қарқынын ескере отырып, 2023 жылы облыс бойынша бюджет кірістері (трансферттерді есептемегенде) 147 454,8 млн.теңгені құрады, 2024 жылы 156 573,4 млн. теңгеге дейін өседі деп болжануда (кесте 33).

Кесте 33 - Облыс бойынша бюджет кірістерінің болжамы (трансферттерді есептемегенде), млн. теңге

Кірістер атауы	2023	2024	2025	2026	2027
Меншікті кірістер	147 454,8	156 573,4	165 548,2	173825,6	182516,9
Салықтық түсімдер	141 606,2	150 546,7	159 300,6	167265,6	175628,9
Салықтық емес түсімдер	4 648,6	4 765,5	4 943,1	5190,3	5449,8
Капиталмен байланысты операциялардан кірістер	1 200,0	1 261,2	1 304,5	1369,7	1438,2

Облыс бюджетінің 2023-2027 жылдарға арналған кірістерінің болжамы. Салық кодексінің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің ережелерін ескере отырып, Орта мерзімді кезеңге арналған экономикалық көрсеткіштердің болжамы негізінде есептелген. Бюджет кірістерінің өсуі негізінен салық түсімдерінің болжамды ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады, бұл облыс бюджетінің кірістерінде шамамен 96% - құрайды. Экономикадағы ахуал өзгерген кезде бюджет саясатын түзету, оның ішінде бюджет параметрлерін нақтылау жолымен жедел және икемді шаралар қабылданатын болады.

Кесте 34 - Түркістан облысы бойынша ЖӨӨБ бюджетіне түсетін түсімдердің болжамы (мың. т)

Түсімдер атауы	2022	2023	2024	2025	2026	2027
1	2	3	4	5	6	7
ЖТС	709 929,1	745425,5	778969,6	814023,2	842514	872002
Жеке тұлғалардың мүлік салығы	169 016,1	177466,9	185452,9	193798,3	200581,2	207601,6
Заңды тұлғалардың көлік салығы	180 510,0	189535,5	198064,6	206977,5	214221,7	221719,5
Жеке тұлғалардың көлік салығы	3163 259,7	3321422,7	3470886,7	3627076,6	3754024,3	3885415,2
Жер салығы	129 245,9	135708,2	141815,1	148196,7	153383,6	158752,1
Бірыңғай жер салығы	40346,7	42364	44270,4	45819,8	47423,5	49083,4
Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	55 928,7	58725,1	61367,8	64129,3	66373,8	68696,9
Жер учаскелерін сатудан түскен түсім	569 835,8	598327,6	625252,3	653388,7	676257,3	699926,3
Жарнамаларды орналастырғаны үшін төлем	22 307,1	23422,5	24476,5	25577,9	26473,1	27399,7
Ішкі салықтар	78 235,8	82147,6	85844,2	89707,2	92847	96096,6
Коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін табыс	25 787,7	27077,1	28295,6	29568,9	30603,8	31674,9

34 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Жергілікті бюджеттен қаржы ландырылатын мем лекеттік мекеме лермен салынатын өзге айыппұлдар, өсімпұлдар, санк циялар	114,9	120,6	126,1	131,7	136,4	141,1
Ауыл әкімімен салынатын әкімші лік айыппұлдар, өсімпұлдар, санк циялар	1 955,4	2053,2	2145,6	2242,1	2320,6	2401,8
Өзге салықтық емес түсімдер	7 289,4	7653,9	7998,3	8358,2	8650,8	8953,5
Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлік салығы	169 016,1	177466,9	185452,9	193798,3	200581,2	207601,6
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	2703,8	2839	2966,7	3115,1	3224,1	3337

Жоғары тұрған бюджеттерден салықтың қосымша түрлерін беру кезінде біз өз табысымызды толықтыруда айтарлықтай айырмашылықты көреміз. Қазіргі кезеңде бюджеттік жүйенің барлық бюджеттерінің кіріс базасын қалыптастыру кезінде кірістерді әкімшілендіру сапасын арттыру, төлемдердің жекелеген түрлерін алу тәртібін жетілдіру, тиімсіз салық преференцияларынан бас тарту ерекше маңызға ие (кесте 35).

Кесте 35 - Түркістан облысы Сауран ауданы ЖӨӨБ бюджетінің салық түсімдерінің болжамы (мың теңге)

Салық түсімдерінің атауы	2022 Салық әлеуеті	2023	2024	2025	2026	2027
1	2	3	4	5	6	7
Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді қоспағанда заңды тұлғалардан КТС	115432	12120 3,6	126657,8	132357,4	136989,9	141784,5
Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ЖТС	902834	94797 5,7	949 297,3	990634,6	1025306, 82	1061192, 6
Төлем көзінен салық салынбайтын табыстан ЖТС	15992	16 79 1,6	17 547	18 336,8	18978,6	19642,9

35 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Заңды тұлғалар мен инд. кәсіпкерлердің мүлік салығы	97 374,5	10224 3,2	106 844,2	111 652,2	115560	119604,6
Бірыңғай жер салығы	2631	2 763	2 887	3017	3122	3232
Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы	14 477,0	15 20 0,9	15 884,9	16 599,7	17180,7	17782
Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым	2 108,0	2 213, 4	2 313	2 417,1	2501,7	2589,2
Тіркеу жарнасы	2 628,0	2 759, 4	2 883,6	2 984,5	3089	3197,1
Жарнаманы стационарлық орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем (105430)	20,0	21	22	23	24	25
Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем (105434)	1 477,0	1 551	1 621	1 694	1753	1814

Талдау үшін Сауран ауданының ЖӨӨБ бюджеті мысалында қолданыстағы салықтар мен ұсынылған салық түрлері пайдаланылды. Болжамды жасау үшін 2022 жылдың соңындағы деректер пайдаланылды.

ҚР ҰЭМ деректері бойынша төртінші деңгейдегі бюджеттің меншікті кірістері бюджеттің осы деңгейіндегі шығындарының тек 13,4% -н жабады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ЖӨӨБ бюджетінің кірісі 319 млрд теңгені құрады, оның ішінде олардың шамамен 67 млрд теңгесі немесе 21,2% -ы-меншікті кірістер және 251 млрд теңгесі -жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттер. Меншікті кірістердің бұл көлемі ауыл әкімшілігі аппаратының әкімшілік шығыстарын да жаба алмайды. Сондықтан ЖӨӨБ бюджетінің кіріс көздерін кеңейту және салықтық әкімшілендіруді жақсарту шараларын қолдану қажет.

Қазіргі таңда ЖӨӨБ жаңа моделінің 5 қағидатын атап өтуге болады: азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы; сайлау; дербестік; айқын функционалдық шекаралар; ашықтық.

ЖӨӨБ бюджеттерінің кіріс базасын қалыптастыруды жетілдірудің түйінді бағыттары, біздің ойымызша, мынаны қабылдау қажет: кіріс көздерінің құрылымында ЖӨӨБ бюджеттерінің өз кірістерінің үлес салмағын арттыруға баса назар аудара отырып, бюджет деңгейлері арасында кіріс өкілеттіктерін оңтайлы бөлу; аумақтың кіріс мүмкіндіктерін барабар бағалау және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының салық әлеуетін арттыруға қызығушылығын арттыру арқылы ЖӨӨБ бюджетін басқарудың тиімділігін арттыру.

Транспаренттілік құралдарының тиімділігін арттыру есебінен бюджеттік процестің ашықтығын арттыру.

Ақпараттық жүйелерді жетілдіру және интеграциялау арқылы бюджеттік процесті автоматтандыру және цифрландыру.

Түсімдер бойынша, атап айтқанда салық салу түрі бойынша - жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша жылына бір рет түгендеу жүргізу, қазіргі уақытта көптеген ресімделмеген мүлік бар. Бұл норманы салықпен айналысатын мамандардың лауазымдық міндеттерінде белгілеу керек.


Ресурстар өзінің жергілікті жобаларын іске асыратын неғұрлым кәсіби және жауапты атқарушы билікке ие болуға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеде кейбір унитарлық мемлекеттерде жергілікті үкіметтер қызмет атқарады. Мысалы, Францияда орталық Үкіметпен бірге 12 аймақтық үкімет жұмыс істейді. Жергілікті жерлерде жұртшылықты аймақты басқаруға тарту үшін осындай жергілікті үкіметтерді құру мүмкіндігін қарастыруға болады. Бұл нақты жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыруға серпін береді. Олар өзекті мәселелерді шешу үшін күреседі және сол арқылы аймақ халқы үшін өмірді жақсартады. Мәслихаттар мен жергілікті үкімет арасында әрқашан атқарушы және заң шығарушы органдар ретінде, арасында «қақтығыс» болуы керек.

Айтарлықтай экономикалық мүмкіндіктері жоқ аймақтарға қатысты Федералды Германияда қолданылатын жанама салықтарды бөлу (бөлу) тетіктерін қолдануға болады - мысалы, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қосылған құн салығы.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, сондай-ақ бюджеттің 4-деңгейін сапалы жетілдіру, салық салу базасын нығайту мақсатында және жергілікті өзін-өзі басқарудың бұрын қаралған проблемалық мәселелерін ескере отырып, мынадай ұсыныстарды ұсынамын.

1. Салық салу түрлерінің салық салынатын базасын кеңейту. ЖӨӨБ бюджетінің салық салу базасын одан әрі нығайту үшін қосымша келесідей салықтар мен алымдарды беру ұсынылады: заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым, лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем, шағын және орта бизнестің корпоративтік табыс салығын бюджет деңгейлері арасында бөлу тәртібін қайта қарау.

Жалпы төртінші деңгейлі бюджетке қосымша салықтардың берілуі меншікті кірістерін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Меншікті кірістердің ұлғаюы бюджеттің өзін өзі қамтамасыз ету көрсеткішінің өсуіне алып келеді. Жергілікті бюджетке қосымша салықтарды беруден келесідей түсімдер күтілуде: (сурет 33).



Сурет 33 - ЖӨӨБ бюджетіне болжамды салықтар мен төлемдерден түсетін түсімдер


2022 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті өзін өзі басқару бюджетінің меншікті кірістері 42,0 миллиард тенгені құрады. Дербес бюджетке берілетін қосымша салықтық төлемдер нәтижесінде төртінші деңгейлі бюджеттің меншікті кірістері 137,1 миллиард тенгені құрап 3 есеге ұлғаяды деп күтілуде, яғни +95,1 млрд. теңге.

IV деңгейдегі бюджеттің меншікті кірісі 3 есеге өсіп, 137,1 млрд. тенгені құрайды (+95,1 млрд. теңге). Заңды және жеке тұлғалардың мүліктік салығы (бөлу әдістемесін мәслихат айқындайды) 91,7 млрд. теңге. Белгілі бір қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым 565 млн. тг. Қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем 1,4 млрд. теңге. Су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем 546 млн. тенге.

Төртінші деңгейлі бюджеттің кіріс базасын кеңейту үшін жергілікті салықтарды әкімшілендіруді жақсарту және көлеңкелі экономиканың үлесін төмендету бойынша шаралар қабылдау қажет.

2. 2020 жылы ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жергілікті бюджеттерге корпоративтік табыс салығы (мұнай секторынан басқа) берілді, ол бюджетпен қамтамасыз етуді жақсартуға ешқандай әсер етпеді,

керісінше, жергілікті бюджеттер кірістерінен гөрі шығыстардың тез өсуіне байланысты оны нашарлатты. Әрине, КТС-ты өңірлерге беруді жергілікті өзін-өзі басқару ресурстарын берудің соңғы аккорды ретінде қарастыруға болмайды, мұны Республика өңірлерін теңгерімді дамыту ісіндегі алғашқы қадам ретінде қарастыру қажет. Сонымен, шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын бюджет деңгейлері арасында бөлу көзделген. Қаражатты бөлу - кірістердің 62% - ы облыстық деңгейде (бюджеттің екінші деңгейі), 37% - аудандық бюджеттерде (үшінші деңгей) және 1% - жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджеттерінде (төртінші деңгей) шоғырландырылады деп белгіленген. Жүргізілген реформаларды ескере отырып одан әрі фискалдық орталықсыздандыру тетіктерін пысықтау қажет. Осы орайда шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті салықты облыстық бюджетке -50%, аудандық бюджетке -35%, ЖӨӨБ бюджетіне - 15% деп бөлістіру ұсынылады. Нақты осы салықты бөлудің себебі, осы салықтың аймақтарға біркелкі болып түспеуіне байланысты. Сонымен қатар заңды тұлғалар мен ДК –лер мүлік салығы 50% деп (бөлу әдістемесі мәслихат шешімімен анықталады) белгілеу қажет (сурет 34).



Сурет 34 – Корпоративті табыс салығын бюджетаралық бөлістіру жобасы

3. Осы өзгерістерді нормативті реттеу үшін біріншіден, Бюджет кодексінің 44 «Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары» бабы 1 тармақ 3 тармақшасын : аудан мен ауылдық округтер арасындағы бюджеттік қатынастар трансферттер мен бюджеттік несиелермен және кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі деп нақтылау керек. Екіншіден, 52-бап, тармақ 1, 3-1 тармақшасына – заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің мүлік салығы, кірістерді бөлістіру нормативтері аудан мәслихатымен анықталады, ауылдық

округте орналасқан осы салық салу объектілері бойынша 50% мөлшерде деп толықтыру қажет. Үшіншіден, 52-1 бабының 1 тармағын ұсынылған салық түрлерімен толықтыру қажет.

Осы аталған шараларды қабылдау нәтижесінде алдын ала есептеу бойынша ЖӨӨБ бюджетінің өзін өзі қамтамасыз етуі 3,5 есеге (42 млрд. Теңгеден 195 млрд. теңгеге дейін) өседі деп күтілуде.

Тұтастай алғанда, бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру және орындау бюджеттік бағдарламаларды ірілендіру, есептер санын қысқарту, бизнес-үрдістерді оңтайландыру және салық салынатын базаны кеңейтуді ынталандыру тетігін енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Осы бағыттарды іске асырудың нәтижесі жергілікті бюджеттердің дербестігінің кепілдігі болып табылады, ол өз кезегінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарына экономикалық даму мен жергілікті салық салынатын базаны кеңейту, сондай-ақ ауылдық округтердің шығыс бөлігін оңтайландыруға қызығушылығын арттыру үшін үлкен ынталандыру береді.

3.2 Жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіз бюджетін басқаруға азаматтарды тарту бойынша ұсыныстар

Қазақстанда жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджеттерінің қаржылық дербестігін арттыру жергілікті халықтың нақты қажеттіліктерін ескере отырып жергілікті бюджетті бөлуге қызуғышылығын арттыруға және халықты жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тартуға мүмкіндік береді деп күтіледі. Жүргізілген реформаларға қарамастан, жергілікті өзін-өзі басқару ауылдық округ, кент және ауыл деңгейінде тиісті дамымай келеді. Азаматтар әкімдермен ынтымақтастыққа, жергілікті қоғамдастық жиналыстары мен жиындарын өткізуге қатысуға әлі де дәрменсіздік танытуда.

Тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуының негізгі кедергілері:

- жергілікті маңызды мәселелерді талқылаудағы өз рөлін түсінбеуі;
- бюджетті басқару шешімдеріне әсер етудің нақты мүмкіндігіне сенбеу;
- дайын істерге үміт арту әдеті;
- ауылдың ортақ мәселелеріне халықтың немқұрайлылығы;
- ауыл әкімдерінің халықпен тығыз ынтымақтастыққа қызығушылығының

төмендігі [118].

ЖӨӨБ дамыту үрдісі нормативтік базаны өзгертуді ғана емес, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтың азаматтық белсенділігінің нақты өсуін де қамтиды. Бірақ зерттеу нәтижелері төртінші деңгейлі бюджетті басқаруға азаматтардың қатысуы өте төмен деңгейде екенін көрсетті. Халықтың төмен белсенділігі қолданыстағы азаматтық институттардың: жергілікті қауымдастық жиналыстарының, бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау, ЖӨӨБ аймақтық кеңестерінің, тиімсіздігіне алып келеді. Заңға сәйкес ауыл әкімі ауыл округіндегі маңызды мәселелердің шешімі бойынша есеп беруге, жергілікті қауымдастықтың бағдарламасын дайындап, бекітуге ұсынуға, өзі қабылдаған шешімдерді түсіндіруге міндетті. Жергілікті қауымдастық жиыны басым

міндеттерін және оларды жүзеге асыру мерзімдерін айқындауға, ауыл округіндегі маңызыды мәселелер бойынша аудандық мәслихатқа ұсыныстар жасауға, жергілікті бюджеттік бағдарламаларды талқылауға, ЖӨӨБ кіріс көздерін пайдалануға, қажет десе әкімді қызметтен босату туралы мәселеге бастама болуға өкілеттігі бар. Қазіргі таңда мемлекеттік органдар өз сайттарында азаматтарды мемлекеттік бюджеттің негізгі бағыттарымен таныстыруға арналған «Азаматтық бюджет» құжатын әзірлеуге және орналастыруға міндетті. Үкімет қоғамдық ресурстарды жинақтауды, бөлістіруді және пайдалануды қалай жүзеге асыратыны түсінікті болған кезде негізгі бюджеттік ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал жасауы тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару саласын реттейтін заңнамалардың өзгеру жылдамдағы, оларды жүзеге асыру деңгейінен жоғары екенін мойындау керек. Осы артта қалу заңнаманы жетілдіруде жаңа қадам жасауға кедергі келтіреді.

Жалпы азаматтардың төмен белсенділігінің себептері қандай? Осы мәселенің ішіндегі ең маңыздыларын келесідей деп анықтауға болады:

1. Халықтың билікке деген сенімсіздігі;
2. бюджетті басқаруға қатысуға қажетті білім мен тәжірибесінің болмауы;
3. Ақпараттан хабардар болмауы.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың төртінші деңгейлі бюджетін басқаруға қоғамдық қатысуды дамыту қажеттілігі ешқандай күмән тудырмайды. Алайда, тұрғындардың өздері үшін қатысу формалары әлі де түсініксіз және қол жетімді емес. Кез келген аймақтың тұрақты дамуының шарты болып тұрғындардың басқаруға белсенді қатысуы табылады. Ең тиімді бағдарламалар - бұл қоғамның барлық салалары өкілдерінің тікелей қатысуымен жүзеге асырылатын бағдарламалар: бизнес, билік, коммерциялық емес сектор. Азаматтардың талқылауға қатысу үрдісі депутаттардың бағдарламаны бекіту туралы түпкілікті шешім қабылдауынан әлдеқайда маңыздырақ. Реформаны тиімді жүргізу үшін және азаматтардың оны іске асыруға қатысуын кеңейту үшін оқытып үйретуге, кеңес беру, көмек көрсетуге қабілетті ұйымдар қажет. Бұл әртүрлі мәртебеге ие ұйымдар болуы мүмкін, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін мақсатты топтарды анықтап, олардың қажеттіліктерін бағалау қажет. Сондай-ақ заманауи коммуникация арналарын пайдалана отырып, оқытудың интерактивті әдістерін енгізу қажет. Жергілікті қоғамдастықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын азаматтар мен әкімдіктердің мамандарын оқыту - жергілікті өзін-өзі басқару институтын тиімді енгізудің және жергілікті маңызы бар мәселелерді талқылауға және шешуге халықтың қатысуын кеңейтудің кепілі.

Бүгінде Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды тиімді дамыту үшін кедергілер бар, атап айтқанда:

- неғұрлым елеулі өзгерістер үшін саяси күш-жігердің жетіспеуі;
- халықтың пассивтілігі;
- жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін базаны құра алатын жеткілікті қаржы қаражатының болмауы;

- елдің кең аумағы, кейбір аймақтарда әдетте, жергілікті өзін-өзі басқарумен жергілікті қауымдастықтардың негізі бола алатын, халық санының аздығы, және тұратын халық топтары арасындағы айтарлықтай қашықтық, бұл байланыс пен басқарудың заманауи ақпараттық технологияларын жедел енгізуді қажет етеді;

- ЖӨӨБ-дың міндеттері мен қызметтерінің жергілікті мемлекеттік басқару органдарына бағынышты болуы;

- жергілікті мемлекеттік басқару мен ЖӨӨБ-дың қызметтері мен институционалдық шекараларын нақты ажыратудың, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді нақты айқындаудың болмауы;

- кадрлардың жетіспеушілігі;

- ауылдық деңгейде өкілді органдардың болмауы;

- біртұтас мемлекет жағдайында ЖӨӨБ-дың шекаралары мен шектерін нақты айқындаудың болмауы.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға одан әрі серпін беру үшін реформалаудың келесі кезеңінің мақсатын айқындайтын құжатты ең жоғары деңгейде әзірлеу және бекіту қажет, жергілікті өзін-өзі басқару қызметтері мен мемлекеттік қызметтерді ажырату, жергілікті қоғамдастық жиналысына ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынуға мүмкіндік беру, лоттар санын ұлғайту қажет азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқару үрдістеріне тарту мәселесі бойынша гранттар, құқық қолдану практикасы бойынша үнемі зерттеулер жүргізу қажет. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы және заңнаманың кейінгі өзгерістері қабылданғаннан бері бірнеше жыл өтті. Мерзім алғашқы қорытындыларды шығаруға және азаматтар өздері тұратын ауылды немесе басқаруға қатысады ма деген сұраққа жауап беруге жеткілікті. Бір қарағанда, ештеңе өзгерген жоқ. Төмен тұрған әкімдер өздерінің жоғары тұрған басшыларына жиналыстарға үнемі барады, өз аумақтарында іске асыратын жазбаша және ауызша нұсқаулар алады. Тұрғындар немқұрайлы, кейде құлықсыз, жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары мен жиындарына барады, командаға қолдарын көтереді және бұл жиналыстарды ертерек аяқтау үшін артық сөйлемеуге тырысады. Өкінішке орай, бұл, әсіресе, сырттан келген әкім жергілікті тұрғындармен байланыс таба алмайтын ауылдық округтерде немесе әкімнің креслосында тек сөгіс алмауға және жоғары жалақы алатын жұмысқа кетуге алаңдайтын немқұрайлы уақытша әкім отырса орын алады. Кейбір жағдайларда әкімдер өздері жергілікті мәселелерді жақсы білемін деп шын жүректен сенеді, және бұл жиналыстар мен жиындардың барлығы уақытты ысырап етеді, ал Үкімет оларды маңызды шаруашылық істерінен қалдырып халықпен қарым-қатынас жасауға алаңдатпайды. Тұрғындар өз әкіміне сенетін, оларды еститініне және жергілікті мәселелерді шешуге бар күш-жігерін салатынына сенуі тиіс. Жағдай әкімнің жеке басына, оның қабілетіне және жергілікті қоғамдастықпен сындарлы қарым-қатынас орнатуға деген ұмтылысына байланысты. Бұл ЖӨӨБ-ды дамытудағы маңызды мәселе. Мемлекеттік басқаруды реформалауда азаматтардың ұсыныстарының барлығына назар аудару мүмкін емес -

заңнамада қалыптасқан жүйе жұмыс істеуі керек. Бір жағынан, жүйе азаматтардың бастамаларын қолдауы тиіс, екінші жағынан, әкімдердің қоғамдастықпен келіспей, жеке-дара шешім қабылдау мүмкіндігін шектеуі тиіс.

Халыққа қажет қызметтердің көпшілігі жергілікті деңгейде ұсынылады және әкімшілік олар үшін жауап береді. Әкімшіліктің құзыретіне бюджет қаражатын жұмсау басымдықтарын және қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін айқындау кіреді, ал әкімшілік қай салада өзгерістер қажет екенін, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін қандай қосымша қызметтер қажет екенін шешеді. Сондықтан әкімшіліктің қызметі мен әрекеттері халықтың қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты болып және қажеттіліктерден үнемі хабардар болу керек. Келесі жалпы кемшіліктер жиі кездеседі:

1. Жергілікті бағдарламаларда белгіленген мақсаттар, жоспарланған іс-шаралар, сондай-ақ оларды мониторингілеу әдістері туралы өзара байланысты ақпарат әрқашан бола бермейді;

2. Жергілікті бағдарламаның бюджетінен қаржыландыруды бағалауға мүмкіндік бола бермейді;

3. Әкімшіліктердің қызметі үйлестірілмеген, нәтижесінде жүзеге асырылатын қызметтің салаға әсерін анықтау қиын;

4. Халық қаржыландырудың басымдықтарын белгілеу және көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау процесіне тартылмаған;

5. Бюджет шығыстарының атқарылуы көрсетілетін қызметтердің сапасы және қандай да бір қызметтің нәтижелері тұрғысынан бақыланбайды, себебі қызмет көрсетушілерге қойылатын сапа өлшемдерінің болмауы;

6. Бюджетті жоспарлау перспективалық жоспармен әлсіз байланысты, бұл бюджеттік саясатты жүргізудің реттілігіне және әкімшілік қызмет нәтижелеріне теріс әсер етеді;

7. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте қол жеткізілген нәтижелер туралы толық ақпараттың болмауы. Аталған проблемалардың едәуір бөлігін бюджет шығыстарының нәтижелілігін мониторингтеу арқылы шешуге болады.

ЖӨӨБ жаңа моделі келесі негізгі қағида негізінде қалыптастырылатын болады:

- Жергілікті маңызы бар мәселерді шешу және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру үрдісіне азаматтардың қатысуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

Халықтың пікірін есепке алу;

ЖӨӨБ органдарын сайлау; Заңдылық;

ЖӨӨБ органдарының халық алдындағы ашықтығы және есептілігі;

ЖӨӨБ органдарының ұйымдастырушылық, экономикалық және қаржылық дербестігі;

Қызметтер мен өкілеттіктердің аражігін ажырату негізінде ЖӨӨБ органдары мен мемлекеттік басқарудың өз ара іс қимылы;

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде жалпы мемлекеттік мүдделерді сақтау;

ЖӨӨБ –ды мемлекет тарапынан қолдау [91,с. 239].

Халықтың өзекті мәселелерін жедел шешу мақсатында қоғам мен мемлекет арасындағы кері байланысты арттыру жөніндегі шаралар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде көзделген.


Елімізде пилоттық жобада Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және барлық облыс орталықтарында азаматтардың бюджет үрдісіне кеңейтілген қатысуын көздейтін «Халық қатысуы бюджеті» құралы енгізілген. Осы пилоттық жобаның сәтті оң нәтижелерін ескере отырып «халықтық қатысу бюджеті» аясында жобаларды қаржыландыру көлемін 10 есеге ұлғайтып 2,3 млрд теңгеге аулалар мен спорт алаңдарын абаттандыру бойынша 81 жоба жүзеге асырылды. Біздің ойымызша ауылдық округтерде де осындай жобаны қолдану арқылы бірінші кезектегі маңызды мәселерді шешу тиімді болады.

Ауылдық округтерде тұрғындардың «халық қатысуы бюджеті» аясында ұсынатын жобаларды іске асыру бойынша қаржыландыру үшін бөлінетін қаражатты ұлғайту жолымен жүргізуді ұсынамыз. Аймақтарда «халық қатысуы бюджетін» енгізу мониторингін жүргізу, халықты осы үрдіске тарту жұмыстарын жүргізу, жобалар туралы халықты жүйелі түрде хабардар ету мақсатында жобалық ұсыныстар бойынша дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін қорытындалылар шығарылуы тиіс. Дауыс беру нәтижелері және жобалық ұсыныстар бойынша тиісті шешім әкімдіктің интернет-ресурсында жариялануы тиіс. Қазіргі таңда, ақпараттық технологиялардың дамуын ескере отырып ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару өз интернет ресурстарын құрып, цифрлық форматта дамуы тиіс. Халықтың қатысуы бюджетінің мысалында ауылдық округтерде бастамашыл бюджеттеу тетігін қолдану бюджет қаражатын барынша тиімді жұмсауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттерді бекіту процесіне бақылауды күшейту мақсатында инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға арналған шығыстар бойынша онлайн-сауалнамаларды қолдануды қоса алғанда, қоғамдық сараптамаларды енгізу қажет. Бұл шаралар халықтың нақты қажеттіліктерін ескеруге және жергілікті жерлердегі атқарушы билік органдарына азаматтардың сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Айтылған шараларды сапалы іске асыру «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес біздің азаматтарымыздың мүдделерін толыққанды іске асыруға бағытталған, уақыттың сын-тегеуріндеріне жауап беретін жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқару процесіне тарту жөніндегі ұсыныстар:

1. Ауылдық округті дамыту бағдарламасының түсінікті нысанында дайындалған талқылау, өйткені қатысу және талқылау процесі түпкілікті шешім қабылдаудан әлдеқайда көп;
2. Сауалнама жүргізу арқылы халықтың пікірін зерделеу;
3. Жергілікті өзекті, маңызды мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;
4. Азаматтардың өтініштерін талдау нәтижелерін жариялау;

5. Азаматтардың барлық жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша бастамаларын қолдау;
6. Жергілікті қоғамдастық мүшелерін оқытуды жүргізу;
7. Тәжірибе алмасу бойынша әртүрлі ауылдық округтер өкілдерінің жұмыс кездесулерін ұйымдастыру;
8. Әлеуметтік тапсырыс пен гранттар арқылы азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқару үрдісіне тартуға бағытталған жобаларды қолдау;
9. Ауылдық округ аумағында бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына бақылауды дамыту;
10. Депутаттардың жергілікті қоғамдастықтардың жиналыстары мен жиындарының мүшелерімен тұрақты кездесулерін ұйымдастыру;
11. БАҚ арқылы ЖӨӨБ саласындағы азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктері туралы тұрғындарды түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағдарламасын әзірлеу.
12. Ауыл бюджетін талқылау, басқару бойынша мобильды қосымшамен байланыстырып азаматтардың бюджетті басқаруға қатысу платформасын енгізу [91,с. 239] (сурет 35).



Сурет 35 – Азаматтардың бюджетті басқаруға қатысу порталы

Ескерту – Автор құрастырған

Бұл портал ЖӨӨБ органдарының жергілікті қоғамдастықпен бірге бюджет туралы ақпаратты халыққа жеткізуге, түсіндіруге, талқылауға, азаматтық бастамаларды қарауға және басқа да мәселелерді шешуге арналған алаңға айналады. Ақпарат әрқашан өзекті және барлық азаматтар үшін қолжетімді болуы тиіс. Бұл құрал тұрғындарға аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазарту бойынша жобаларды бастауға мүмкіндік береді. Бюджетті басқаруға халықтың белсенділігін арттыру үшін мемлекеттік органдардың интернет ресурстарының бірыңғай платформасында модуль пайдаланылуы керек, онда белгілі уақыт режимінде барлық жобаларды бақылауға болады. Ауылдық округтерде бюджетті басқару мәселесіне азаматтарды тарту цифрлық технологияларды дамытуды ескере отырып мұқият зерттеліп, пысықталуы тиіс.

Жергілікті қауымдастықтарда жобалық конкурстар ұйымдастырылып, тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін ауылдарды абаттандыру бойынша үздік жобалар тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде оның мүмкіндіктерін ескере отырып, ауылдық округтің бюджетінен қаржыландырылатын болады. Конкурстарды өткізуге арналған қаражат көлемін өкілді орган айқындайды.

Сондай-ақ, қолданыстағы мәдениет үйлерінің базасында - мәдени тіршілік орталықтары – «Community center» (қоғамдық орталық) ұйымдастырылуы қажет, онда кітапхана, акт залы, электрондық мемлекеттік қызметтерді алу үшін жағдайларды орналастыруға болады. Бұл нысан жергілікті қоғамдастықтың азаматтарды біріктіріп тарту және ынтымақтастық орнына айналуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты азаматтардың ауылдық жерлерде жергілікті бюджетті қалыптастыруға қатысу деңгейін бағалау болды. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруда немесе жергілікті бюджетті басқаруда азаматтардың қатысуын ынталандырудың нақты тетіктері жоқ. Жаңа азаматтық мәдениетті дамыту барысында мемлекеттік қызметшілер тиімді қарым-қатынас дағдыларына ие болуы керек: адамдармен сөйлесу, ашық болу және орнатылған және қол жетімді байланыс арналары арқылы пайдалы ақпарат беру. Мысалы, әлеуметтік медиа және онлайн жедел хабар алмасу платформалары жергілікті өзін-өзі басқару органдары не істеп жатыр және қандай мақсатта, бұл туралы үнемі ақпарат бере алады. Осылайша азаматтық бастамаларға қатысуды және ресми қызметті көпшілік талқылауды ынталандырады.

Азаматтардың қатысу деңгейіне келетін болсақ, қатысушылар тұрғындардың шешім қабылдау процестеріне қатысуға дайын екендігін көрсетеді. Азаматтық белсенділікті дамыту, хабардарлықты арттыру және адамдардың процестерге қатысуға деген ұмтылысы басқару құқығын жаппай алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге азаматтық қатысудың артуы адамдарға халықтың тапсырмасы бойынша қабылданатын шешімдердің нәтижелері үшін ерекше міндеттер мен бірлескен жауапкершілік жүктейтінін түсіну қажет. Уақыт өте келе жаңадан мүдделі халықтың саяси, экономикалық және қаржылық сауаттылығының өсуі байқалады.

Осылайша, айтарлықтай күш бірінші кезекте ресурстар мен мемлекеттік қызметтерді тиімді қайта бөлуге ықпал ететін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілігін арттыруға бағытталуы керек.

Бұл дамудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті азаматтық қоғам институттарына сындарлы диалогқа ықпал ету және шешім қабылдау процесіне белсенді қатысу қабілеттілік берілуі керек. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру үшін салауатты негіз құруы, есептілікке баса назар аударуы және демократиялық өкілдік арқылы әл-ауқат пен өмір сапасын жақсартуға қабілетті сезінетін қоғам құруға ықпал ету үшін азаматтармен диалогқа ашық болу керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» Жолдауындағы негізгі шаралардың бірі бюджет және салық саясатын орталықсыздандыру деп аталды. Жаңа экономикалық модельге көшу шеңберінде бюджетті орталықсыздандыру деңгейін арттыру қажет. Сондай-ақ әкімдерге бюджетті дербес қалыптастыру құқығын беру керек, бұл жергілікті жерлерде өзекті мәселелерді шешуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Тапсырманы іске асыру ауылдық округтер деңгейінде дербес бюджетті басқаруды және тиісті бюджеттердің жобаларын талқылауға азаматтардың қатысу тетігін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Жергілікті өзін өзі басқарудың қаржылық тәуелсіздігін аймақтың бюджеттік әлеуетін одан әрі дамыту мен жергілікті кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимылын күшейту арқылы қамтамасыз етуге болады. Қазіргі таңда өңірлердің аймақтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайларына, сонымен қатар, азаматтардың мүдделеріне сай келетін ЖӨӨБ-дың жаңа моделін қалыптастыру үшін Қазақстанда жергілікті өзін өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы қабылданды. Осы тұжырымдамаға сәйкес ЖӨӨБ дамыту және оның қызметі келесі қағидаларға негізделеді: Азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы, ЖӨӨБ сайлануы, дербестігі, мемлекеттік органдар мен ЖӨӨБ қызметінің нақты функционалдық шекаралары, ЖӨӨБ органдарының халық алдындағы ашықтығы мен есптілігі.

ЖӨӨБ органдары дербестікке және жергілікті маңызы бар мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік алады, ал жергілікті атқарушы билік өкілдері өздеріне жүктелген қызметтерді тиімді орындауға жаңа өкілеттіктер мен қаржылық мүмкіндіктерге ие болады.

Жаңа экономикалық шындықтардан туындаған негізгі әлеуметтік экономикалық проблемалар - жұмыссыздық, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, шиеленіскен экологиялық жағдай әсіресе аймақтарда айқын көрінеді. Демек бұл проблемаларды шешу осы деңгейде тиімді жүзеге асырылады.

Зерттеу бізге бірқатар қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруға дербес бюджет ретінде үлкен көңіл бөлінген. Президент Қасымжомарт Тоқаев бюджеттің тиімді төртінші деңгейін қалыптастыру туралы бірнеше рет атап өтті, өйткені еліміздің барлық мемлекеттілігі ауылдық округтердің дамуына байланысты.

Бұл зерттеуде қоғамның саяси экономикалық жүйесінің маңызды элементі ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіз бюджетін салыстырмалы талдау, оны қалыптастыру, орындау және ұйымдастыру мәселелері зерттелді. ЖӨӨБ бюджетін құрудың негізгі мақсаты - белгілі бір аумақтық бірліктің бүкіл халқының мүдделерін ескере отырып, жергілікті мәселелерді шешуде ЖӨӨБ органдарының дербестігін арттыру. ЖӨӨБ бюджеті халықтың мүдделерін ескере отырып, қаражатты барынша тиімді жоспарлауға және бөлуге мүмкіндік

береді, бұл ауылдардағы адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етеді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық ресурстарын қалыптастырудың сындарлы тәсілдері бюджеттік вертикаль деңгейлері бойынша салықтарды бөлу технологияларын жетілдіру жолымен меншікті табыстарды ұлғайту тетіктерін әзірлеумен және жергілікті бюджеттің кіріс базаларының өсуіне ауылдық округтерді ынталандырудың тиімді жүйесін құрумен байланысты болуы тиіс.

